



Жылдық есеп • 2021

ҚҰНДЫЛЫҚТАР
ӘЛЕМІНДЕ

2021

МАЗМҰНЫ

- 04 – Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- 06 – Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- 08 – Есеп туралы

- 12 – 2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
- 14 – Магистральдық құбырлардың схемасы
- 16 – Даму тарихы
- 18 – 2021 жылғы негізгі оқиғалар
- 20 – Компанияның бизнес-моделі

22

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- 24 – Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
- 25 – Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
- 36 – Бизнес құрылымы
- 42 – Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
- 43 – Мемлекеттік реттеу және қызметтерге тарифтер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 48 – Экономикалық және салалық шолу
- 51 – Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
- 62 – Инвестициялық қызмет
- 64 – Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
- 67 – ҒЗТКЖ және инновациялық-техникалық даму
- 69 – Корпоративтік қауіпсіздік
- 70 – Ақпараттық қауіпсіздік

72

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- 74 – Орнықты дамуды басқару
- 76 – Орнықты даму моделі
- 90 – Персоналды басқару
- 102 – Корпоративтік коммуникациялар
- 104 – Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- 112 – Қоршаған ортаны қорғау
- 118 – Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- 121 – Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

124

04

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- 126 – Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
- 127 – Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- 128 – Акционерлердің жалпы жиналысы
- 131 – Директорлар кеңесі
- 142 – Басқарма және оның қызметі
- 150 – Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
- 151 – Тәуекелдерді басқару
- 162 – Ішкі аудит
- 163 – Сыртқы аудит
- 164 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- 166 – Корпоративтік этика
- 169 – Мүдделер қақтығысын басқару
- 170 – Омбудсмен институты
- 173 – Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

174

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

05

ҚОСЫМШАЛАР

- 186 – 1-қосымша. GRI индексі
- 192 – 2-қосымша. БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
- 194 – 3-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мамілердің тізбесі
- 197 – 4-қосымша. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп
- 205 – 5-қосымша. Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік
- 292 – 6-қосымша. Қысқартулар тізімі

294 – Байланыстар

186

06

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



● **Данияр Берлібаев**

«ҚазТрансОйл» АҚ
 Директорлар кеңесінің
 төрағасы



ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР МЕН ӘРІПТЕСТЕР!

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның жетекші мұнай тасымалдау компанияларының бірі бола отырып, ішкі нарыққа энергия ресурстарын тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуде және елдің экспорттық әлеуетін нығайтуда маңызды рөл атқарды. Компания жалпы ұзындығы шамамен 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының тармақталған желісіне ие.

«ҚазТрансОйл» АҚ жобаларын іске асырудың елдің энергетикалық қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызы бар, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін сенімді база болып табылады, сондай-ақ адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ елде өндірілетін барлық мұнайдың шамамен 36%-ын және отандық мұнай өңдеу зауыттарына жеткізілімдердің 90%-дан астамын тасымалдауды қамтамасыз етеді. Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейін даму стратегиясының мақсаттарына сәйкес 2021 жылы Компания бизнесті дамытуды жалғастырды.

50,6 МЛРД ТЕҢГЕ

Компанияның 2021 жылғы жиынтық пайдасы

Компанияның дәстүрлі жүк жөнелтушілерінде өндірудің төмендеуіне, сондай-ақ ОПЕК+ келісімі шеңберінде өндіруді шектеу бойынша Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерге қарамастан, есепті жылы Компания «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылға арналған бекітілген бизнес-жоспарына сәйкес өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді орындады.

Компанияның 2021 жылғы түсімі 238,2 млрд теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға артты. Компанияның есепті жылдағы қорытынды табысы 50,6 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 9,6%-ға төмен. 2020 жылдың қорытындысы бойынша есепті кезеңде дивидендік төлемдер сомасы 50,8 млрд теңгені немесе бір жай акцияға шаққанда 132 теңгені құрады.

2021 жылы Компания үздік халықаралық тәжірибелерге бағдарлана отырып, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруді жалғастырды. Бұл ретте бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға, Компания бизнесінің әлеуметтік және экономикалық аспектілеріне, сондай-ақ басқарушылық шешімдердің сапасына ерекше назар аударылды. «ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде бизнесті жауапты, ашық және әдепті жүргізу қағидаттарын берік ұстанады. Компанияның осы саладағы мақсаттары БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарымен тығыз байланысты.

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің 25 жылдығын атап өтеді. Осы жылдар ішінде Компания бизнес ауқымын бірнеше есе ұлғайтты және магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық операторға айналды. Үнемі өзгеріп отыратын нарықтық конъюнктура жағдайында Компанияның басымдықтары инновациялар мен жаңа технологияларды қолдануға негізделген қауіпсіздік пен еңбекті қорғау, экологиялық пен бизнестің тиімділігі болып қала береді. Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ-ға бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және бүгінде бүкіл әлем алдында тұрған жаңа елеулі сын-қатерлерге қарамастан стратегиялық мақсаттарға сенімді қозғалысты жалғастыруға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Жыл қорытындысын шығара отырып, мен кәсіби командаға — акционерлерге, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, серіктестерге, менеджментке және «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне жемісті ынтымақтастығы және компанияның дамуына қосқан үлесі үшін шынайы алғысымды білдіргім келеді.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



Талғат Құрманбаев

«КазТрансОйл» АҚ
Бас директоры
(Басқарма төрағасы)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАР!

Сіздердің назарларыңызға «КазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы қаржылық және өндірістік қызметінің қорытындыларын көрсететін, компанияның болашақ даму перспективаларымен бөлісетін біріктірілген жылдық есебін ұсынамыз.

Есепті жылы «КазТрансОйл» АҚ еліміздің ішкі нарығына, экспортқа және транзитке мұнайды үздіксіз және сенімді жеткізуді қамтамасыз етті. Аталған шикізатты тасымалдау және жүк айналымы бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалды. Мәселен, «КазТрансОйл» АҚ 2021 жылы мұнай тасымалдау көлемі 41,2 млн тоннаны құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 2,5%-ға төмен. Бұл төмендеу ОПЕК+ келісімі шеңберінде мұнай өндіруді шектеу бойынша Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерге және дәстүрлі және жетілген кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи қысқаруына байланысты. Бұл ретте мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 2020 жылғы деңгейде қалып, 43,8 млрд тонна-км құрады.

41,2 МЛН
ТОННА

«КазТрансОйл» АҚ-ның
2021 жылда мұнай
тасымалдау көлемі

«КазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған түсімі 2021 жылы 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,3%-ға өсіп, 238,2 млрд теңгені құрады. Есепті жылы шоғырландырылған таза пайда 50,6 млрд теңгені құрады.

2021 жылы Бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы «КазТрансОйл» АҚ үлесі 12,8 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 31%-ға жоғары. Бұл өсім негізінен «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС валюталық қарыз бойынша бағамдық айырма бойынша шығыстардың азаюымен негізделген.

Есепті жылы «КазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы «Қазақстан-Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесін дамыту бойынша жұмысты жалғастырды. «Аман» ЖЗҚ технологиялық нысандарының пайдалануға берілуіне байланысты Батыс Қазақстан мұнайын жылына 6 млн тоннаға дейін кері бағытта тасымалдау мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Өндірістік саладағы жетістіктермен қатар, компанияның маңызды басымдығы өз қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету болып қала береді. Біз өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стандарттарды сақтауға ерекше назар аударамыз. 2021 жыл осы саладағы бірқатар жетістіктермен ерекшеленді. Осылайша, еңбекке қа-

білеттілігінен уақытша айырылуымен өндірістегі жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициентін (LTIR) 0,09-ға дейін төмендету назар аударуға тұрарлық, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 80% — ға төмен. Бұл нәтиже HSE-де үздік тәжірибелерді жүйелі енгізу арқасында мүмкін болды.

«КазТрансОйл» АҚ экология мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. 2021 жыл компания тобы бойынша «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Экология жылы болып жарияланды. Өз бетінше өзіне алған табиғат қорғау міндеттемелері шеңберінде Компания мұнай құбырлары жүйесі бойындағы тарихи мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау жобасын іске асыруды жалғастырды. Есепті жылы 8 га бүлінген жер қалпына келтірілді, бұл 2020 жылдың қорытындысы бойынша қалпына келтіру көлемінен 2 есе көп.

2022 жылы біз ұлттық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экспорттық міндеттемелерді орындау бойынша мемлекет қойған міндеттерді шешу жөніндегі жұмысты жалғастырамыз. «КазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің кәсібилігі мен олардың ісіне жауапкершілікпен қарауы компанияның одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ететініне сенімдімін. «КазТрансОйл» АҚ-ға сенетін және компанияны одан әрі дамыту үшін бізбен бірге жұмыс істейтін акционерлер мен серіктестерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ЕСЕП ТУРАЛЫ



ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметінде ашықтық қағидатын қатаң ұстанады және мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін ақпаратты тиімді және толық ашуды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Бұл «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің қаржылық және операциялық нәтижелері, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйесі, даму стратегиясы, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы нәтижелері көрсетілген тоғызыншы біріктірілген жылдық есебі. Алдыңғы есеп 2021 жылғы мамырда жарияланды.

Есеп жыл сайынғы негізде шығарылады және бұл жағдайда компания қызметінің 2021 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі нәтижелерін, сондай-ақ бұл мүмкін болған жерде компанияның 2022 жылға арналған жоспарларының сипаттамасын қамтиды.

Есеп тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу тәртібін айқындайтын GRI («Негізгі») (Core) сәйкестік нұсқасы) жетекші әлемдік стандарттарына сәйкес дайындалды.

Компанияның қаржылық есептілігіне қатысты сыртқы аудит рәсімін «Эрнст энд Янг» ЖШС орындады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша тұрақты даму саласындағы қаржылық емес ақпаратқа сыртқы растау жүргізілген жоқ.

ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ПРОЦЕСІ

Осы есептің мазмұны GRI стандарттарымен ұсынылған қағидаттарға сәйкес анықталды.



Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл — осы өзара іс-қимылдың нәтижелері есепте ашуға жататын неғұрлым маңызды тақырыптарды таңдау үшін пайдаланылды.



Орнықты даму мәнмәтіні — осы есептегі ақпарат экономикалық, әлеуметтік және экологиялық бағыттар шеңберінде Компанияның қоғамға әсерін неғұрлым кең мәнмәтінді және талдауды ескере отырып ашылады. Бұл қағидат маңызды тақырыптарды таңдауға да, оларды есепте ашуға да әсер етті.



Маңыздылық — Компания қажетсіз мәліметтерден аулақ болып, маңызды деректердің қол жетімділігін қамтамасыз ете отырып, мүдделі тараптар үшін ең маңызды деп танылған ақпаратты ғана ашады. Қағидат тақырыптарды таңдауда да, оларды ашу үшін көрсеткіштерді таңдауда да қолданылды.



Толықтық — маңызды тақырыптар бойынша ақпарат компанияға қатысты оң да, теріс те мәліметтерді қамти отырып, толық ашылады. Тақырыптардың шекаралары ақпарат маңызды болатын компания қызметінің аспектілерін қамтиды. Қағидат тұрақты даму туралы ашылымдардың мазмұнын анықтауда қолданылды.

Есепті дайындау барысында сондай-ақ Интеграцияланған есептілік жөніндегі халықаралық кеңес (IIRC) әзірлеген Интеграцияланған есептіліктің халықаралық стандартының ұсынымдары және Қазақстан қор биржасының (KASE) талаптары ескерілді. Ақпарат есепте компанияның корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ қазақстандық заңнама нормаларына сәйкес ашылады.

Есепте компанияның Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Жаһандық шартының қағидаттарына сүйенуі және компанияның БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудегі үлесі туралы ақпарат қамтылған. Осы ақпаратты ашу кезінде Компа-

ния Қазақстандағы және шетелдегі басқа ұйымдармен ақпараттың салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін үздік халықаралық практикаларды басшылыққа алды.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметі саласындағы нәтижелердің сипаттамасы «Менеджмент түсініктемесі» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ЖҚЕС) практикалық басшылығының ұсынымдарына сәйкес дайындалған.

МАҢЫЗДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТЫН САҚТАУ

Осы есепте ашылуға жататын орнықты даму саласындағы маңызды тақырыптарды таңдау үшін Компания GRI стандарттарында ұсынылған тақырыптардың тізімін, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін маңызды болуы мүмкін және Компания дербес айқындаған бірқатар қосымша тақырыптарды талдады.

Маңызды тақырыптардың алдын ала тізімі Компания қызметін ішкі талдау және оның қоғамға әсерін бағалау, сондай-ақ шетелдік тәжірибе мен эталондарды талдау барысында анықталды. Маңызды тақырыптардың түзетілген тізімі ішкі сарапшылармен және мүдделі тараптардың негізгі ішкі және сыртқы топтарымен өзара іс-қимыл қорытындылары бойынша алынды. Нәтижесінде төмендегі маңыздылық матрицасы жасалды. Осы матрицаның жоғарғы оң жақ бұрышына түскен 23 тақырып ең маңызды деп танылды және осы біріктірілген жылдық есепте көрініс тапты.

Қорытынды тізімде келтірілген 19 тақырып GRI стандарттарына сәйкес есепте көрсетілген. Есептіліктің стандартты элементтерінің толық тізбесін және есепте ақпаратты ашуға сілтемелерді қамтитын кесте Есепке *1-қосымшада* ұсынылған.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ ТӘСІЛІ

01. СЫРТҚЫ КӨЗДЕРДІ ТАЛДАУ

Компания және мұнай саласы туралы (мұнай тасымалдау) жария ақпаратты талдау

Халықаралық және ресейлік мұнай тасымалдаушы компаниялар ашатын маңызды тақырыптардың бенчмаркі

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ АЛДЫН АЛА ТІЗБЕСІ

02. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІН ТАЛДАУ

Компанияның функционалдық қызметкерлерімен сұхбат жүргізу

2020 жылғы есепті оқушылардан алынған ақпаратты талдау, сауалдар

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ТҮЗЕТІЛГЕН ТІЗБЕСІ

03. ЕЛЕУЛІ ТАҚЫРЫПТАР ТІЗБЕСІН ЖАСАУ

2021 жылғы есептің маңызды тақырыптарының тізбесін талдау және қалыптастыру

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ КЕЛІСІЛГЕН ТІЗБЕСІ

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ



МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ТОЛЫҚ ТІЗБЕСІ

САНАТЫ	№	МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР	КОМПАНИЯ ІШІНДЕ	КОМПАНИАДАН ТЫС
ЭКОНОМИКАЛЫҚ	1	201 Экономикалық нәтижелілік	✓	✓
	2	202 Еңбек нарығына қатысу	✓	✓
	3	204 Сатып алу тәжірибесі	✓	✓
	4	205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	✓	✓
	5	206 Бәсекелестікке кедергі	✓	—
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ	6	302 Энергия	✓	✓
	7	303 Су	✓	✓
	8	304 Биоәртүрлілік	✓	✓
	9	305 Шығарындылар	✓	✓
	10	306 Төгінділер мен қалдықтар	✓	✓
	11	307 Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	✓	✓
ӘЛЕУМЕТТІК	12	401 Жұмыспен қамту	✓	✓
	13	402 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	✓	—
	14	403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	✓	✓
	15	404 Оқыту және білім беру	✓	✓
	16	405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	✓	—
	17	406 Кемсітушілікке жол бермеу	✓	—
	18	412 Адам құқықтары жөніндегі қызметті бағалау	✓	—
	19	419 Әлеуметтік-экономикалық саладағы талаптарға сәйкестігі	✓	✓
	20	Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану	✓	✓
ҚОСЫМША МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР	21	Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық	✓	✓
	22	Корпоративтік басқару	✓	✓
	23	Цифрландыру және автоматтандыру	✓	✓

ЕСЕП ТАҚЫРЫПТАРЫ-НЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Бұл ретте Есепте ашуды қажет ететін төрт қосымша тақырып таңдалды:

- Өндірістік қуаттарды тиімді пайдалану** — Компанияның ұзақ мерзімді дамуын, сондай-ақ сыртқы ортаға, атап айтқанда экологияға әсер ету дәрежесін қамтамасыз ететін фактор. Көрсеткіш шеңберінде осы саладағы есепті кезеңнің жұмысы көрсетілген.
- Өндірістік процестің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындық** — өндірістік авариялар, Компания қызметінің ерекшелігін ескере отырып, адамдарға және экологияға айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін. Көрсеткіш шеңберінде компаниямен нақты қандай өндірістік қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілгені ашылады.
- Корпоративтік басқару** — менеджмент жүйесі Компания қызметінің барлық мәселелері бойынша, оның ішінде тұрақты даму саласындағы шешімдер қабылдаудың тиімділігін айтарлықтай дәрежеде айқындайды. Көрсеткіш компаниядағы басқару жүйесін ашады.
- Цифрландыру және автоматтандыру** — цифрлық процестердің дамуы Компанияның ұзақ мерзімді перспективада мүдделі тараптар үшін құнды құру мүмкіндігіне айтарлықтай әсер етеді. Көрсеткіш компанияның осы саладағы жұмысының негізгі бағыттарын көрсетеді.

Есеп «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес және бірлесіп бақылайтын ұйымдарының (ЕББҰ) қызметін қамтиды. Бұл ретте операциялық және қаржылық көрсеткіштер шоғырландырылған негізде көрсетілген және БЖКО қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтиды. Орнықты даму мәселелері бойынша ақпарат, егер өзгесі көрсетілмесе, «ҚазТрансОйл» АҚ-да ғана ұсынылған.

Қызметтің елеулі өңірі тек Қазақстан Республикасы болып табылады.

Компания үш жылдық серпінде көрсеткіштерді ашу тәжірибесін сақтап келеді. Бұл ақпаратты неғұрлым толық ашу үшін қажет болған жерде есепті кезеңге дейін немесе одан кейін болған оқиғалар келтірілген.

Кейбір жағдайларда Есепке болжамды сипаттағы 2022 жылға және орта мерзімді перспективаға арналған жоспарларға қатысты ақпарат енгізілген. Оларды іске асыру Компанияға тәуелді емес сыртқы факторлардың ықпалында екенін назарға алған жөн, болашақ есепті кезеңдерде қол жеткізілген нәтижелер Есепте көрсетілген болжамды бағдарлармен сәйкес келмеуі мүмкін.



КЕРІ БАЙЛАНЫС

Компания Есепті одан әрі дамыту үшін кері байланыс алуға және мүдделі тараптар үшін ақпаратты сапалы ашуға мүдделі. Осы құжаттың соңында Кері байланыс сауалнамасы енгізілген. Компания оны толтырып, төмендегі байланыс адамдарына жібергені үшін риза болады.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Компанияның біріктірілген жылдық есептерін Компанияның www.kaztransoil.kz интернет-ресурсынан «Акционерлер мен инвесторларға/жылдық есептер» бөлімінде табуға болады.

Төменде есепте көрсетілген мәселелер бойынша, сондай-ақ кері байланыс үшін қосымша ақпарат сұратуға болатын байланыстар келтірілген.

Корпоративтік басқару департаменті:

+7 (7172) 555-346
Keldibekova@kaztransoil.kz

Инвесторлармен байланыс қызметі:

+7 (7172) 555-049
Masalin@kaztransoil.kz

Омбудсмен:

+7 (7172) 555-041,
doverie@kaztransoil.kz

Жұртшылықпен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті:

+7 (7172) 555-135, 555-134


Компанияның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.


2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ


МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МҰНАЙ
ӨНІМДЕРІН АУЫСТЫРЫП ТИЕУ КӨЛЕМІ
(ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН)*, **МЫҢ ТОННА**



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БОЙЫНША ЖЕКЕ МҰНАЙ
ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, **МЫҢ ТОННА**



МҰНАЙДЫҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ
(ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН)***, **МЛН ТОННА-КМ**




* Көрсеткіш компанияның және «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ көлемін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.

** 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 2021 жылы көрсеткіштердің төмендеуі негізінен ОПЕК+ келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасында мұнай өндіруді шектеу нәтижесінде тұтынушылардың мұнай тапсыруының төмендеуімен, сондай-ақ мұнай өндірудің табиғи төмендеуімен байланысты.


*** Көрсеткіш Компанияның ЕББҰ-ға қатысу үлесін ескере отырып, шоғырландырылған түрде есептеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ТҮСІМ, **МЛРД ТЕҢГЕ**




ЕВІТДА, **МЛРД ТЕҢГЕ**



ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ («ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БОЙЫНША ЖЕКЕ)


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМДІК САНЫ,
АДАМ



91 **+11%**
МЛН ТЕҢГЕ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТӨЛЕМДЕР


ӨНДІРСІПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАТАЙЫМ
ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ



160,5 **+1,5%**
МЫҢ ТОННА CO₂-ЭКВ.

ПАРНИКТІК ГАЗДАР
ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ


ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ,
ТОННА




4,65 **+4,03%**
Ш.О.Т. / МЛН ТОННА

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ
ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ, **МЛРД ТЕҢГЕ**



ЕСЕПТІ ЖЫЛДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ ПАЙДА, **МЛРД ТЕҢГЕ**



МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫҢ СХЕМАСЫ



5373 KM

магистральдық мұнай құбырлары


- БМАС (Бас мұнай айдау станциясы)
- МАС (Мұнай айдау станциясы)
- Басқалары (МҚС, ҚТП және т. б.)

- Төгу-қүю эстакадалары
- ССС (Су сору станциясы)
- СТҚ (Су тазарту құрылғысы)
- БСҚ (Бас су тазарту құрылғысы)

- Қолданыстағы магистральдық мұнай құбырлары
- Қолданыстағы магистральдық суағызғылары («Магистральдық Суағызғы» ЖШС)
- «ҚазТрансОйл» АҚ операторлық қызметтер көрсететін бөгде ұйымдардың құбырлары
- Қолданыстағы екі және одан көп тармақтан тұратын магистральдық мұнай құбырлары

ДАМУ ТАРИХЫ

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импортты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі №461 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.



2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

СЕРТИФИКАТТАРДЫ ТАБЫСТАУ

«ҚазТрансОйл» АҚ денсаулық сақтау менеджменті жүйесінің және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ISO 45001:2018 және энергетикалық менеджмент жүйесінің ISO 50001:2018 талаптарына сәйкестік сертификаттарын алды.



ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ

Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ мен Компания қызметкерлері арасында ұжымдық шартқа қосымша келісімге қол қойылды.



КАДР САЯСАТЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 3 қыркүйектегі шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған Кадр саясаты бекітілді.

СЕРТИФИКАТТАРДЫ ТАБЫСТАУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің ISO/IEC 27001:2013 талаптарына сәйкестік сертификатын алды.

«КЕҢҚИЯҚ-АТЫРАУ» МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ

2021 жылғы қазанда «Аман» МАС-де жылыту пештері пайдалануға берілді, бұл Батыс Қазақстан мұнайын «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры арқылы жылына 6 млн тоннаға дейін реверсивті режимде тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ТАРИФТІК САЯСАТ

ТМРК төрағасының 2021 жылғы 29 қазандағы №117-ОД бұйрығымен 2021 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке 1 тонна үшін 1000 км-ге 4 328,04 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) уақытша өтемдік тариф бекітілді.

АҚПАН

МАМЫР



АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖИНАЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ 2020 жылдың қорытындысына арналған акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтті.

МАУСЫМ

ШІЛДЕ



КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ

Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансОйл» АҚ эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BBB-», болжам «Тұрақты» деген деңгейде растады.

ТАМЫЗ

МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ УЧАСКЕЛЕРІН ҚОСУ

«ҚазТрансОйл» АҚ жалпы ұзындығы 16 км 0-3 км, 21-33 км, 37-38 км учаскелердегі «Прорва-Құлсары» магистральдық мұнай құбырының жаңадан салынған құбырын қосуды аяқтады.

ТАРИФТІК САЯСАТ

ТМРА төрағасының міндетін атқарушының 2021 жылғы 20 тамыздағы №80-НҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Н.Н. Шманов атындағы МАС мұнайды «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырына ауыстырып тиеу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіле отырып, тоннасына 30,5 теңге мөлшерінде (ҚҚС-ны қоспағанда) тарифтік смета және тариф бекітілді.

ҚЫРКҮЙЕК

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 жыл, саны 6 адам жаңа құрамы белгіленді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ НСЕ ФОРУМЫ

Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазТрансОйл» АҚ төртінші жыл сайынғы НСЕ форумы өтті, ол «Нөлдік жарақаттану жолында» деген ұранмен өтті. Онлайн-іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания-ясы» АҚ («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ), халықаралық компаниялар мен «ҚазТрансОйл» АҚ мердігерлік ұйымдарының өкілдері қатысты.

ҚАЗАН

МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ УЧАСКЕЛЕРІН ҚОСУ

«ҚазТрансОйл» АҚ «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырына жалпы ұзындығы 22 километр құбыр желісінің жаңадан салынған екі учаскесін және «Бейнеу» мас мұнай жылыту пунктінің кіру және шығу коллекторының технологиялық құбырларымен салынған учаскесін қосу бойынша жұмыстарды аяқтады.

ТАРИФТІК САЯСАТ


1. ТМРК төрағасы міндетін атқарушының 2021 жылғы 12 қарашадағы №124-НҚ бұйрығымен 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, «Кеңқияқ» МҒӨС-ке мұнайды ауыстырып тиеу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тоннасына 67,93 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілді.

ҚАРАША

2. ТМРК төрағасы міндетін атқарушының 2021 жылғы 26 қарашадағы №131-НҚ бұйрығымен:

- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке 1 тонна үшін 1000 км-ге 3 728,82 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз) уақытша өтемдік тариф бекітілді;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2021 жылғы 29 қазандағы №117-НҚ бұйрығы күшін жойды.

КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ





Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

САПА

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның
корпоративтік құндылықтар

КОМПАНИЯ ӨЗ ЖҰМЫСЫН ТИІСТІ ЖӘНЕ САПАЛЫ ЖҮРГІЗУДІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАДЫ.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

24 – Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
25 – Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
36 – Бизнес құрылымы
42 – Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
43 – Мемлекеттік реттеу және қызметтерге тарифтер

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ҚЫСҚАША ҚЫЗМЕТ БЕЙІНІ МЕН БАҒЫТЫ



НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ



мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер



Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде құбыр жүргізу жүйесін салу және пайдалану



қазақстандық мұнайды басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы тасымалдауды ұйымдастыру



жылу энергиясын өндіру, беру және тарату, электр энергиясын беру және ағынды суларды бұру қызметтерін көрсету

90%



«ҚазТрансОйл» АҚ жай акцияларының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі

«ҚазТрансОйл» АҚ — жай акцияларының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі, ал жай акцияларының 10%-ы минус 1 акция-миноритарлық акционерлердің бақылауында болатын жария компания.

Компания активтерінің басым бөлігі Қазақстанда орналасқан. «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымы Қазақстанда, Грузияда және Біріккен Араб Әмірліктерінде орналасқан 3 еншілес ұйымнан, сондай-ақ Қазақстанда орналасқан 2 бірлесіп бақыланатын ұйымнан тұрады.

КОМПАНИЯНЫҢ 2028 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



МИССИЯСЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері үшін барынша көп пайданы қамтамасыз ету және магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау саласында мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау.

КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ҚАУІПСІЗДІК

Компания өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс істеу режимін қамтамасыз етуге ұмтылады.



ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КӘСІБИЛІК

Компания өз қызметкерлерінде еңбексүйгіштікті, Компания қызметінің ерекшелігін білуді, қойылған міндеттерді уақтылы және сапалы орындауды бағалайды және кәсіби құзыреттер мен дағдыларды үнемі жетілдіруді қамтамасыз етеді.



САПА

Компания өз жұмысын тиісті және сапалы жүргізуді қамтамасыз етуге ұмтылады.

ПАЙЫМДАУЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ — тұрақты даму, өндірістік қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік активтерді басқару саласындағы үздік тәжірибеге сәйкес келетін артапандырылған құбыр жүйесі бар бәсекеге қабілетті компания.



АШЫҚТЫҚ

Компания басқарудың ашықтығын қамтамасыз етуге, өзінің корпоративтік басқару стандарттарына ұстануға бейімділігін растауға ұмтылады.



ТИІМДІЛІК

Компания мемлекет, акционерлер, қызметкерлер және қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінеді, осыған байланысты қызметтің табыстылығы мен тиімділігі, жоғары нәтижелерге қол жеткізу компания үшін даусыз құндылық болып табылады. Бизнес-процестерді жетілдіру, шығындарды оңтайландыру, жабдықтарды жаңғыртуға және өндірісті дамытуға инвестиция салуға бағдар беру Компанияның тұрақты және тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУҒА ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Мұнай өндірудің өсуі және «ҚазТрансОйл» АҚ мұнай құбырларының жүктемесі



КІРІСТЕРДІҢ ӨСІМІ

Мұнай өндіруші компаниялардың мұнай жеткізу жөніндегі шарттарды орындауы



ЖҮК АЙНАЛЫМЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мұнай бағасының өсуі және ұлттық валютаның тұрақты бағама



РЕНТАБЕЛЬДІЛІК

Өндірістік активтерді жаңғырту



АПАТСЫЗ ЖАҒДАЙ

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ 2028 ЖЫЛҒА ДЕЙІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

2020 жылғы қарашада Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын (Даму стратегиясы) бекітті, ол оң өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді және мұнайды қауіпсіз, сапалы, уақтылы және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етуге бағытталған. Даму стратегиясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынымдарына сәйкес әзірленді.

01. КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНҚ

МҰНАЙДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

2021 жылға арналған тасымалдау көлемі мен жүк айналымы бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету:

- мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі — 42 381 мың тонна (Компания бойынша жеке — 41 281 мың тонна);
- мұнайдың жүк айналымының шоғырландырылған көлемі — 43 680 млн тонна-км (Компания бойынша жеке — 34 838 млн тонна-км).

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

2021 жылға арналған тасымалдау көлемі мен жүк айналымы бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету:

- мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі — 42 006 мың тонна (Компания бойынша жеке — 40 622 мың тонна);
- мұнайдың жүк айналымының шоғырландырылған көлемі — 43 805 млн тонна-км (Компания бойынша бөлек — 34 897 млн тонна-км).

ТАЗА ТАБЫС

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

2021 жылы 30,97 млрд теңге деңгейінде шоғырландырылған таза пайдаға қол жеткізу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Шоғырландырылған таза пайда 14,7 млрд теңге деңгейінде*.

ЕВІТДА

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

ЕВІТДА көрсеткішіне 2021 жылы 94,8 млрд теңге деңгейінде қол жеткізу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

ЕВІТДА 69 млрд теңге деңгейінде.

* Компания менеджментінің бақылауынан тыс, шоғырландырылған таза пайда деңгейіне 14,7 млрд теңге қол жеткізуге теріс әсер еткен факторларды қоспағанда (бекітілген бизнес-жоспарда жоспарланбаған шығыстар, оның ішінде «ҚазмұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасы бойынша және басқа да факторлар).

Төмендегі кестеде есепті жылы қолданыста болған компанияның Даму стратегиясына сүйене отырып, стратегиялық міндеттерді іске асыру нәтижелері келтірілген.

02. 1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ «КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

ОҢ-ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, МҰНАЙДЫ ҚАУІПСІЗ, САПАЛЫ, УАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

01

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысы екінші кезеңінің екінші кезегі» жобасының «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры реверсінің бірінші кезеңі» кіші жобасын аяқтау. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру».

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры реверсінің бірінші кезеңі» кіші жобасын аяқтау «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру».

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Ресей мұнайының Қытай бағытындағы транзитін жылына 10 млн тоннаға дейін қамтамасыз ету.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Ресей мұнайының Қытай бағытындағы транзитін жылына 10 млн тоннаға дейін қамтамасыз ету.

03

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«Атырау-Самара-Новороссийск» бағыты бойынша «аз күкіртті» мұнайды Siberian Light қоспасымен жылына 1,0 млн тоннаға дейінгі көлемде тиеп бөлек айдау.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«Атырау-Самара-Новороссийск» бағыты бойынша «аз күкіртті» мұнайды Siberian Light қоспасымен жылына 1,0 млн тоннаға дейінгі көлемде тиеп бөлек айдау.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ, БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

02. 1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ «КОМПАНИЯНЫҢ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

ОҢ-ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, МҰНАЙДЫ ҚАУІПСІЗ, САПАЛЫ,
УАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ ҮЗДІКСІЗ ТАСЫМАЛДАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

04

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын сақтау, компанияның икемді және тиімді тарифтік саясатын қамтамасыз ету үшін тиісті ұсыныстар енгізу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасын сақтау, компанияның икемді және тиімді тарифтік саясатын қамтамасыз ету үшін тиісті ұсыныстар енгізу.

05

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Жалпы шығыстардың жалпы сомасында компания бойынша жеке жалпы және әкімшілік шығыстардың үлесін 8%-дан аспайтын мөлшерде қамтамасыз ету.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Компания бойынша жеке жалпы және әкімшілік шығыстар үлесін 7%-дан асырмай қамтамасыз ету.

06

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Тұтынушылардың мұнай тасымалдау және операторлық қызметтер көрсету бойынша көрсетілген қызметтер сапасына қанағаттану коэффициентіне кемінде 95%-ға қол жеткізу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Тұтынушылардың мұнай тасымалдау және операторлық қызметтер көрсету бойынша көрсетілген қызметтер сапасына қанағаттану коэффициентіне кемінде 96%-ға қол жеткізу.

01

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ-да цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасын орындау (бюджет қаражаты бөлінген жағдайда).

Ішінара орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ-да цифрлық технологияларды дамыту бағдарламалары (бюджет қаражаты бөлінген жағдайда).

ТРАНСФОРМАЦИЯ БОЙЫНША
ІС-ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ
ЦИФРЛАНДЫРУ

ӨНДІРІСТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Өндірістік активтерді басқару жүйесін енгізу, компанияның магистральдық мұнай құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

БЖКО-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ
ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Уақытша өтем тарифін енгізу тәуекелін азайту жөніндегі шараларды іске асыру.

Ішінара орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

БЖКО-да уақытша өтемдік тарифті енгізу тәуекелін төмендету жөніндегі шараларды іске асыру.

ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ
ЖӘНЕ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесін жаңғырту жөніндегі бағдарламаны бекіту.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

БЖКО ДАМУ

01

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су тартқышын реконструкциялау және кеңейту.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту» инвестициялық жобасы бойынша 2022 жылға жоспарланған іс-шараларды іске асыру, 1-кезек.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

ҒЗТҚЖ жүргізу және 2021-2025 жылдарға арналған жаңа техника, жабдық және инновациялық технологиялар бойынша инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі бағдарламаны орындау.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

2022-2026 жылдарға арналған бағдарламаның орындалуы.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

04.

3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ «КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ»

ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ 2020-2021 жылдарға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау.

ІШІНАРА ОРЫНДАЛДЫ

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІН ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Компания қызметкерлерінің хабардарлығын арттыру мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексiнiң нормаларын түсіндіру.

ОРЫНДАЛДЫ

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылға арналған магистральдық мұнай құбырлары жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар жоспарын іске асыру.

ОРЫНДАЛДЫ

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінің физикалық, ішкі, кадрлық қауіпсіздігін, терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы, компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты іске асыру жөніндегі 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын іске асыру.

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын іске асыру.

03

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын іске асыру.

ОРЫНДАЛДЫ

ДЕНСАУЛЫҚ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін дамыту жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын (іс-шаралар жоспары) 2021 жылы орындау.

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Іс-шаралар жоспарымен 2022 жылға жоспарланған іс-шараларды орындау.

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының ауданы 4 га 984-985 км үчаскелеріндегі Тарихи ластануларға қалпына келтіруді жүргізу.

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының 499 км және 508 км тарихи ластануларға қалпына келтіруді жүргізу.

03

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесінің нұсқаулығын әзірлеу.

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Квоталанатын және әкімшілендірілетін қондырғылардың парниктік газдар шығарындыларын түгіндеу.

04

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеу және жаңарту (5 құжат).

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Квоталанатын қондырғының парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспарын әзірлеу.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылға арналған энергетикалық мақсаттарын орындау.

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022 жылға арналған энергетикалық мақсаттарын орындау (қол жеткізу).

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі деңгейін арттыру бойынша ішкі құжаттарды жаңарту (5 құжат).

ОРЫНДАЛДЫ

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында 2022 жылға жоспарланған іс-шараларды орындау.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

04. 3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ «КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ»

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

01

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған кадр саясатын әзірлеу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Компания қызметкерлерін әлеуметтік қолдау саласындағы ішкі құжаттарды жаңарту.

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ-да Адами ресурстарды басқару қағидаларын әзірлеу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Компанияның құрылуының 25 жылдығына орайластырылған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

03

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің арасындағы Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

04

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлеріне тұрғын үй жалдауға байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын жаңарту.

Ішінара орындалды

05

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Басшылық және басқару деңгейлеріндегі қызметкерлердің кемінде 40%-ы және басқа қызметкерлердің кемінде 70%-ы үшін оқыту мен дамытуды ұйымдастыру.

Орындалды

ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІН ТИІМДІ БАСҚАРУ

01

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Қойма қорларын басқару және логистиканы оңтайландыру.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Қойма қорларын басқару және логистиканы оңтайландыру

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Тауарларды сатып алуда жергілікті қамту деңгейіне — 52%, жұмыстар мен қызметтерде — 75% қол жеткізу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Тауарларды сатып алуда жергілікті қамту деңгейіне — 52%, жұмыстар мен қызметтерде — 75% қол жеткізу.

АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚАҒИДАТТАРЫ

01

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылға арналған коммуникациялар жоспарын орындау.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ коммуникацияларының 2022 жылға арналған жоспарын орындау.

02

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру кезінде құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимыл регламентін әзірлеу.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

«ҚазТрансОйл» АҚ-да ішкі коммуникациялар бойынша басшылықты жаңарту.

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Қайта сертификаттау аудитінің қорытындысы бойынша Компанияның ИМЖ-ін ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 талаптарына растауды қамтамасыз ету.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Сыртқы аудит қорытындысы бойынша Компанияның ИМЖ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аяқталу нысаны (2021 жылға арналған негізгі іс-шаралар)

Компанияның және оның ИЖМ-ның өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіруді және бағалауды, оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді қамтамасыз ету.

Орындалды

2022 жылға арналған негізгі жоспарлар

Компанияның және оның СҚОД-ның өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіруді және бағалауды, оларды басқару жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шараларды әзірлеуді қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
 Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
 Есеп туралы
 2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
 Магистральдық құбырлардың схемасы
 Даму тарихы
 2021 жылғы негізгі оқиғалар
 Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
 Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
 Бизнес құрылымы
 Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
 Мемлекеттік реттеу және қызметтерге тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2012 жылдан бастап Компания нәтижелері қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) негізінде бағаланады. ҚНҚ Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін анықтайтын көрсеткіштер жиынтығы.

Компанияның ҚНҚ жүйесі мыналарға бағытталған:

- Компанияның даму стратегиясы мен Бизнес-жоспарын орындау;
- Компанияның қауіпсіз және апатсыз қызметін қамтамасыз ету;
- Компания қызметінің қаржылық және өндірістік нәтижелерін үнемі жақсарту;
- «жоғарыдан-төменге» қағидаты бойынша тиімділік көрсеткіштерін каскадтау және декомпозициялау.

Компанияда ҚНҚ жүйесі жұмыс істейді, оған мыналар кіреді:

- Жалпы алғанда Компанияның ҚНҚ (корпоративтік ҚНҚ);
- Басшы қызметкерлердің (Басқарма мүшелерінің) ҚНҚ;
- Басқарушы қызметкерлердің ҚНҚ;
- Компанияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының ҚНҚ;
- Орталық аппарат және операторлық қызмет көрсету департаменті қызметкерлерінің ҚНҚ.

Корпоративтік ҚНҚ және басшы қызметкерлердің ҚНҚ Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарушы қызметкерлердің, құрылымдық бөлімшелер басшыларының ҚНҚ-сін Компания Басқармасы бекітеді. Орталық аппарат пен операторлық қызметтер департаменті қызметкерлерінің ҚНҚ-сін бас директор, бас директордың жетекшілік ететін орынбасарлары және Компанияның басқарушы директорлары бекітеді.

Есепті жылдың алты және тоғыз айының қорытындылары бойынша корпоративтік ҚНҚ және басшы қызметкерлердің ҚНҚ орындалуына мониторинг жүзеге асырылады. Есепті жыл аяқталғаннан кейін барлық деңгейлердегі ҚНҚ нақты мәндерін есептеу жүзеге асырылады.

2021 жылғы 29 қаңтарда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі қаржы-экономикалық көрсеткіштерді, Компания қызметі тиімділігінің өндірістік көрсеткіштерін және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді көздейтін корпоративтік ҚНҚ және олардың 2021 жылға арналған нысаналы мәндерін бекітті.

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚНҚ

№	ҚНҚ АТАУЫ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	ФАКТ 2021	МАҚСАТ 2021
1	Дивидендтер төлеу*	млн теңге	10 000	40 006
2	ЕБИТДА**	млн тонна-км	106 534	99 497
3	Мұнайдың жүк айналымы (шоғырландырылған)***	%	44 300	44 117
4	Өндірістік жарақаттану коэффициентінің төмендеуі (LTIFR)	күні	80	20
5	«Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі» жобасы шеңберінде «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры учаскесінің өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін реверсінің бірінші кезеңі» жобасын аяқтау	күні	–	2021 жылғы 30 маусымға дейін
6	«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы аяқтау	дата	–	2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін

* Дивидендтерді төлеу сомасы бойынша түпкілікті шешім 2022 жылғы мамырдағы Директорлар кеңесі отырысының және акционерлердің жалпы жиналысының қорытындылары бойынша қабылданатын болады.

** ЕБИТДА бекітілген ЕБИТДА ҚНҚ паспортына сәйкес есептеледі

*** «ҚазТрансОйл» АҚ менеджменті қадағаламайтын факторларға (ОПЕК+ келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасында өндіру көлемінің төмендеуіне, органикlorлы қосылыстар мөлшерінің артуына байланысты жүк жөнелтушілерден мұнай қабылдау бойынша шектеулерге, Энергетика министрлігінің жоспарлары мен кестелерінің өзгеруіне байланысты туындайтын, толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген мұнай көлемін ескере отырып Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу бойынша).

ESG саласындағы басымдықтар «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің ажырамас бөлігіне айналуы үшін Компания өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша мақсаттарды, сондай-ақ басшы және басқарушы қызметкерлердің ҚНҚ-дегі әлеуметтік көрсеткіштерді интеграциялайды.

ESG МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ ҚНҚ

№	ҚНҚ АТАУЫ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	ФАКТ 2021	МАҚСАТ 2021
1	Бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсету кезінде өндірістің тоқтауына немесе экологиялық залал келтіруге әкеп соққан авариялық жағдайлардың саны «ҚазТрансОйл» АҚ кінәсінен туындаған (операторлық қызметтер)	дана	0	0
2	Мұнай тасымалдау кезінде өндірісті тоқтатуға немесе экологиялық залал келтіруге әкеп соққан авариялардың саны	дана	0	0
3	Мұнайдың жүк айналымына энергияны үлестік тұтынудың нысаналы көрсеткішіне қол жеткізу	ш.от/млн тонна-км	4,64	4,68
4	Жұмысшы кәсіптерінің атауларын жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалықтарына (БТБА) сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау	%	100	100
5	«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	55	52
6	«ҚазТрансОйл» АҚ бойынша жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	72	75
7	2021 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ-да денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау	саны	14	12
8	«ҚазТрансОйл» АҚ-ға мұнайдың шығуымен жол-көлік оқиғаларына, аварияларға жол бермеу	балл	0	0,75
9	«ҚазТрансОйл» АҚ-да өрттерді болдырмау	саны	0	0
10	«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау	%	100	95

Компанияның 2022-2026 жылдарға арналған Бизнес-жоспарының көрсеткіштеріне және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынымдарына сәйкес, 2021 жылғы 10 желтоқсанда «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның корпоративтік ҚНҚ және олардың 2022 жылға арналған нысаналы мәндерін бекітті.

2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК ҚНҚ

№	ҚНҚ АТАУЫ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	МАҚСАТ 2022
1	Күрделі салымдарды орындау (Компания бойынша жеке)	%	100
2	ЕБИТДА*	млн теңге	72 737
3	Мұнайдың жүк айналымы (шоғырландырылған)	млн тонна-км	44 243
4	Өндірістік жарақаттану коэффициентінің төмендеуі (LTIFR)	%	50
5	Инвестициялық жобаларды іске асыру	%	100
6	«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2031 жылдар кезеңіне арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.	күні	31.03.2022

* ЕБИТДА бекітілген ЕБИТДА ҚНҚ паспортына сәйкес есептеледі.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ


06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

БИЗНЕС ҚҰРЫЛЫМЫ

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

КОМПАНИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ 2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА



КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАЙТЫН ҰЙЫМДАРЫ

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН ҰЙЫМДАР ҚҰРЫЛЫМЫ



«МАГИСТРАЛЬДЫҚ СУАҒЫЗҒЫ» ЖШС

MWL.KZ

«ҚазТрансОйл» АҚ «Магистральдық су құбыры» ЖШС жарғылық капиталына қатысудың 100% үлесіне ие.

Компанияның негізгі қызметі — халыққа, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, мұнай-газ өндіруші, өнеркәсіптік және коммуналдық кәсіпорындарға магистральдық құбырлар арқылы су беру бойынша қызметтер көрсету, жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша қызметтер көрсету, сондай-ақ электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсету.



«МАГИСТРАЛЬДЫҚ СУАҒЫЗҒЫ» ЖШС НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021
ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Таза шығын, млн. теңге	-6 506	-3 813	-4 541
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Су беру көлемі, мың м³	28 900	28 406	29 387
Рұқсат етілмеген ойықтар, дана.	0	0	0
ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
Қызметкерлер саны, адам	381	374	376
Атмосфераға шығарындылар, тонна	16,5	18,5	51,9
Ағынды суларға төгінділер, тонна	6,7	8,1	21,7
Кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, тонна	134	144,6	301,5
Жазатайым оқиғалар, дана	0	0	0
Электр энергиясын тұтыну, млн кВт*сағ	106	105	109

Ұзындығы 1 945,1 км бір желіге салынған «Астрахань-Маңғышлақ» суағызғысы Еділ суын Атырау және Маңғыстау облыстарына беру үшін қызмет етеді. Қазіргі уақытта еділ суын тұтынушылар осы облыстардың елді мекендері, мұнай-газ өндіруші компаниялар және магистральдық су құбырының бойында орналасқан басқа да өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады.

Суағызғы Атырау облысының Құрманғазы, Исатай және Жылыой аудандарының тұтынушылары үшін нақты жылдық су беру көлемі — 8,7 млн м³, сондай-ақ Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау облысының Бейнеу, Маңғыстау, Қарақия және Түпқараған аудандары үшін жылдық су беру көлемі — 17,5 млн м³ болатын жалғыз орталықтандырылған

су көзі болып табылады. Суды пайдаланатын халық Маңғыстау облысы санының 35%-дан астамын және Атырау облысы санының 28%-дан астамын құрайды.

2021 жылы су беру көлемі 29 387 мың м³ құрады, оның ішінде су берудің негізгі үлесі коммуналдық кәсіпорындарға — 49,9% және мұнай-газ өндіруші компанияларға — 42,3% тиесілі. Өнеркәсіптік кәсіпорындарға су беру 6,6%, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге — 0,7% және халыққа, бюджеттік ұйымдарға — 0,5% құрады.

2020 жылмен салыстырғанда шығынның ұлғаюы электр энергиясына тарифтердің өсуіне және «Құлсары-Теңіз» суағызғысының қызмет ету мерзімін қайта қарауға

байланысты «Амортизация» бабы бойынша шығыстардың ұлғаюына байланысты.

2022 жылы Компания мынадай міндеттерді қояды:

- «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысын реконструкциялау және кеңейту» инвестициялық жобасын іске асыруға кірісу» 1-кезек»;
- «Қашаған» ГКШҚ дейін суағызғы құрылысын аяқтау;
- Қазақстанның батыс өңірлеріне судың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

«БАТУМИ МҰНАЙ ТЕРМИНАЛЫ» ЖШҚ

BATUMIOILTERMINAL.COM



«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ (БМТ) «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 100% еншілес ұйымы болып табылады. БМТ арқылы Грузиядағы өндірістік активтерді тікелей иелену және басқару жүзеге асырылады.

БМТ-ның негізгі қызметі мұнайды, мұнай өнімдері мен газды, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін өз айлақтарын, технологиялық құбырлары мен резервуарларын пайдалана отырып тиеу, айдау, сақтау жөніндегі қызметтерді ұсыну болып табылады.

БМТ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021
ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Таза табыс/шығын, млн. теңге	-12 436	-327	2 472
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі, мың тонна	857	1 051	1 324
Рұқсат етілмеген ойықтар, дана	0	0	0
ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
Персонал саны, адам	1 246	1 234*	1 195
Атмосфераға шығарындылар, тонна	483	280	400
Ағынды суларға төгінділер, тонна	53	68	68
Кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, тонна	1 339	330	226
Жазатайым оқиғалар, дана	2	2	1
Электр энергиясын тұтыну, млн кВт*сағ	9	10	10

* 2020 жылғы көрсеткіштің өткен жылғы есепте ұсынылған деректерден айырмашылығы көрсеткіштің шекараларын жинау және нақтылау әдістемесін жетілдіруге байланысты БМТ персоналының санын қайта есептеумен түсіндіріледі.

БМТ-ның бәсекелестік артықшылығы мұнай мен мұнай өнімдерінің әртүрлі сұрыптарын (оның ішінде сұйытылған көмірсутекті газды) — 22 түрге дейін сақтау және ауыстырып тиеудегі икемділігі болып табылады. БМТ қуатына 133 резервуар, технологиялық құбыр жүйелері, 6 ағызу эстакадасы, 3 айлақ және 1 шығарылатын айлақ құрылғысы кіреді.

БМТ қызметінің нәтижелері бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі 1 324 мың тоннаны құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішіне қатысты 26%-ға мынадай факторларға байланысты:

- ашық түсті мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 267 мың тоннаға ұлғаюы, бұл жүк

жөнелтушіден номинациялардың ұлғаюына байланысты;

- танкерлік партияны сақтау және жөнелту есебінен мұнайды ауыстырып тиеу көлемін 26 мың тоннаға ұлғайту;
- қараңғы мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 15 мың тоннаға ұлғаюы, бұл жүк жөнелтушіден номинациялардың ұлғаюына байланысты;
- ай сайынғы ауыстырып тиеу көлемінің 10 мың тоннадан 6 мың тоннаға төмендеуіне байланысты газды ауыстырып тиеу көлемінің 35 мың тоннаға азаюы.

2021 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған таза пайда («ҚазТрансОйл» АҚ деңгейінде)

жоспардағы 213 млн теңгенің орнына 715 млн теңгені құрады, бұл жоспардан 236%-ға немесе 502 млн теңгеге жоғары. 2020 жылғы фактімен салыстырғанда 2021 жылы БМТ таза кірісінің 1 042 млн теңгеге өсуі негізінен мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің өсуіне орай негізгі қызмет түрінен түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты.

2022 жылы Компания алдына мынадай міндеттерді қояды:

- өндірістік қызметтің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, бизнес-жоспардың өндірістік-қаржылық көрсеткіштерін орындау;
- қосымша бағыттарды дамыту және қызметті әртараптандыру.

«PETROTRANS LIMITED» КОМПАНИЯСЫ

PETROTRANS.KZ

«Petrotrans Limited» (PTL) компаниясы Закавказье дәлізі бойынша жүктерді экспедициялау бойынша қызмет көрсететін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 100% еншілес ұйымы болып табылады.

PTL Каспий өңірінен Грузия арқылы көлік қызметтерін ұсынады және мұнай мен мұнай өнімдерін экспедициялау бойынша қызметтер көрсетумен байланысты кәсіпкерлік және операциялық қызметті жүзеге асырады.



PTL ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021
ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Таза кіріс, млн. теңге	744	977	239
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемі, мың тонна	301	310	140
Ойықтар, дана	0	0	0
ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
Персонал саны, адам	12	12	12

Клиенттерге кешенді қызмет көрсету ұсынылады — мұнай мен мұнай өнімдерін Грузия-Әзербайжан шекарасынан Батуми мұнай терминалына теміржол арқылы жеткізу, жеткізілімдерді бақылау және диспетчерлеу, вагон-цистерналардан мұнай өнімдерін төгу, резервуарлардан өнімдерді түсіру және оларды БМТ аумағында сақтау.

2021 жылғы PTL қызметінің нәтижелері бойынша мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемінің 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 55%-ға төмендеуі мынадай факторларға байланысты:

- жүк жөнелтуші — «Теңізшевройл» ЖШС-дан номинациялардың болмауына байланысты газды ауыстырып тиеу көлемінің 35 мың тоннаға төмендеуі;
- PTL компаниясының қатысуынсыз БМТ қуаты арқылы қара мұнай өнімдерін уақытша ауыстырып тиеу себебінен қара мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу көлемдерінің төмендеуі;
- бұл ретте 47 мың тонна көлемінде ақшыл мұнай өнімдерінің қосымша көлемі тартылды.

2022 жылы компания мынадай міндет қояды: өндірістік қызметтің қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, бизнес-жоспардың өндірістік-қаржылық көрсеткіштерін орындау.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ» ЖШС



Қазақстан-Қытай мұнай құбыр-
лары жүйесінің бір бөлігі болып
табылатын «Атасу-Алашанькоу»
және «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай
құбырларын жобалау, салу
және пайдалану мақсатында
құрылған «Қазақстан-Қытай
Құбыры» ЖШС («ҚҚҚ» ЖШС) —
«ҚазТрансОйл» АҚ (50%)
және China National Oil and Gas
Exploration and Development
Company Ltd бірлескен кәсіпорны
(50%).

«ҚҚҚ» ЖШС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021
ҚАРЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Таза кіріс/шығын, млн. теңге	25 392	16 984	23 216
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна	16 200	15 883	17 411
Мұнай жүк айналымы, млн тонна-км	14 590	14 368	15 592
Рұқсат етілмеген ойықтар, дана	0	0	0
ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
Қызметкер саны, адам	184	184	185
Атмосфераға шығарындылар, тонна	183	183	175
Кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, тонна	54	62,2	37,4
Жазатайым оқиғалар, дана	0	0	0
Электр энергиясын тұтыну, млн кВт * сағ	39,5	41,3	47

«ҚҚҚ» ЖШС негізгі қызметі —
мұнайды магистральдық құбыр
арқылы тасымалдау қызметтерін
көрсету. «Атасу-Алашанькоу» магис-
тральдық мұнай құбырының ұзын-
дығы 965,1 км, «Кеңқияқ-Құмкөл» —
794,26 км құрайды.

2021 жылы таза кіріс 2020 жылмен
салыстырғанда 36,7%-ға ұлғайды,
бұл 2020 жылы бағамдық айырма
бойынша шығыстарға 13,3 млрд
теңге мөлшерінде негізделеді,
ал 2021 жылы бағамдық айырма
бойынша шығыстар небәрі 2,7 млрд
теңгені құрады.

«ҚҚҚ» ЖШС мұнайды магистральдық
мұнай құбырлары арқылы тасымал-
дау көлемі 2021 жылы 2020 жылмен
салыстырғанда 9,6%-ға ұлғайды.
Мұнай тасымалдау көлемінің өсуі
2021 жылдың ортасында «Кеңқияқ-
Атырау» ММ реверс жобасының
пайдалануға берілуіне байланысты
батыс өңірдің мұнай жеткізілімінің
ұлғаюына байланысты.

2022 жылы компания алдына мына-
дай міндеттер қояды:

- компанияның қаржылық
тұрақтылығын қамтамасыз ету;

- мұнай тасымалдаудың қосымша
көлемдерін тарту;

- мұнайды қауіпсіз және үздіксіз
тасымалдауды қамтамасыз ету.

«МҰНАЙТАС» ЖШС



«МұнайТас» Солтүстік-Батыс
құбыр компаниясы» жауап-
кершілігі шектеулі серіктестігі
(«МұнайТас» ЖШС) — Қазақстан-
Қытай мұнай құбыры жүйесінің
бір бөлігі болып табылатын
«ҚазТрансОйл» АҚ (51%) мен
CNPC Exploration and Development
Company Ltd компаниясының (49%)
бірлескен кәсіпорны, ол «Кеңқияқ-
Атырау» мұнай құбырын жобалау,
қаржыландыру, салу және пайда-
лану жөніндегі жобаны іске асыру
мақсатында құрылған.

«МҰНАЙТАС» ЖШС ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021
ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Таза табыс, млн. теңге	1 848	2 428	2 314
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР			
Мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна	3 232	3 321	4 273
Мұнай жүк айналымы, млн тонна-км	1 232	1 322	1 725
Рұқсат етілмеген ойықтар, дана	0	0	0
ОРНЫҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ			
Қызметкерлер саны, адам	114	116	112
Атмосфераға шығарындылар, тонна	10,5	37,5	57,6
Құрамында мұнайы бар кәдеге жаратылған қалдықтардың көлемі, тонна	11,25*	0	27,5
Жазатайым оқиғалар, дана	0	0	0
Электр энергиясын тұтыну, мың кВт * сағ	343	390	4 156

* 2019 жылғы көрсеткіштің өткен жылдардың есеп берулерінде келтірілген деректерден айырмашылығы бұрын орналастырылған қалдықтардың жалпы көлемінің көрсетілгеніне байланысты, оның ішінде 11,25 тонна майлы қалдықтар, 0,12 тонна макулатура, 0,71 тонна қалдық жабдықтар мен картридждерден. 2021 жылға арналған жылдық есепте бұл көрсеткіш сәйкестендірілді.

«МұнайТас» ЖШС-нің негізгі қыз-
меті — мұнайды магистральдық
құбыр арқылы тасымалдау қызмет-
терін көрсету. «Кеңқияқ-Атырау»
мұнай құбырының ұзындығы
455,10 км, резервуар паркінің көлемі
40 мың м³ құрайды.

2021 жылы таза кіріс 2020 жылғы
іс жүзіндегімен салыстырғанда оң
бағамдық айырманың азаюына бай-
ланысты 4,7%-ға төмен.

2021 жылы «МұнайТас» ЖШС мұнай
тасымалдау көлемі жүк жөнел-
тушілердің мұнай тапсыру көлемінің
өзгеруіне байланысты 2020 жылғы
көрсеткішпен салыстырғанда

28,7%-ға ұлғайды. 2021 жылы ішкі
нарыққа тасымалдау көлемі (МӨЗ-ді
тиеу үшін кері бағытта) 2020 жылғы
көрсеткішпен салыстырғанда 57%-ға
ұлғайды.

2021 жылмен салыстырғанда атмо-
сфераға ластаушы заттар шығарын-
дыларының ұлғаюы құрылыс жұмыс-
тары кезеңінде эмиссияға рұқсат
алуға және «Аман» МӨЗ пайдалануға
беруге байланысты.

2020 жылға қарағанда құрамында
мұнайы бар кәдеге жаратылған қал-
дықтар көлемінің өсуі 2021 жылдың
екінші жартыжылдығынан бастап
тазарту құрылысы іске қосылып,

өндірістік сипаттағы жұмыстар жүр-
гізілуіне байланысты.

2021 жылы электр энергиясын
тұтынудың артуы 2021 жылдың
3-тоқсанында «Кеңқияқ-Атырау»
ММҚ «Аман» МАС пайдалануға
берілуіне байланысты, оның
құрамында 4 бірлік көлемінде
сорғылардың жұмысы кәдеделген,
әрбір сорғының қуаты 1 500 кВт
құрайды.

2022 жылы Компания «Кеңқияқ-
Атырау» мұнай құбыры арқылы
мұнайды қауіпсіз және үздіксіз тасы-
малдауды қамтамасыз ету бойынша
жұмыс істейтін болады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты
Компанияның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясы
Бизнес құрылымы
Бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру
Мемлекеттік реттеу және қызметтерге тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУ



«ҚазТрансОйл» АҚ-да бизнес-процестерді трансформациялау және оңтайландыру шеңберінде қызметтің тиімділігін арттыру бойынша жобалар іске асырылуда, сондай-ақ іске асырылған жобалардың жобадан кейінгі мониторингі жүргізілуде.

2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-да қызметінің тиімділігін арттыру және «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген бизнес-процестерді оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЖОБАЛАУ-ІЗДЕСТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ФУНКЦИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ» ЖОБАСЫ

Жоба ЕББҰ үшін инженерлік-техникалық жобалауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет түрін келісу, сондай-ақ орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері басшыларының функционалдық ҚНҚ паспортына Жобалау-іздестіру жұмыстарын (ЖІЖ) бастамашыларының оларды кейіннен іске асыру үшін жауапкершілігін арттыру жөніндегі көрсеткішті енгізу арқылы Компанияның ЖІЖ ұйымдастыру жөніндегі функциясының тиімділігін арттыруға бағытталған.

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының 2021 жылғы маусымдағы шешімімен ЖІЖ бастамашыларының оларды кейіннен іске асырғаны үшін жауапкершілігін арттыру жөніндегі көрсеткіштің функционалдық ҚНҚ паспорты-

на енгізіле отырып, Департаменттер директорларының ҚНҚ (Пайдалану департаменті, ТБАБЖБ департаменті, телекоммуникациялар департаменті және күрделі құрылыс және күрделі жөндеу департаменті) бекітілді.

2021 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Баскелестікті қорғау және дамыту агенттігі Компанияның ЕББҰ үшін инженерлік-техникалық жобалауды жүзеге асыру бойынша қызмет түрін келісті және 2021 жылғы 5 қарашада Компания акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жарғысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2021 жылдың желтоқсанында жоба жабылды.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БМЖ ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫН ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОБАСЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ БМЖ ішкі құжаттарын жаңарту және жетілдіру» жобасы «ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-про-

цестері бойынша компанияның БМЖ құжаттарына талдау жүргізуге және Компанияның БМЖ құжаттарын әзірлеу/жаңарту бойынша ұсынымдар қалыптастыруға бағытталған.

«ҚазТрансОйл» АҚ бизнес-процестері бойынша компанияның БМЖ құжаттарына жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 2021 жылғы 7 желтоқсанда «ҚазТрансОйл» АҚ 2022-2026 жылдарға арналған БМЖ құжаттарын әзірлеу/жаңарту (ұзақ мерзімді) жоспары қалыптастырылды және бекітілді. 2021 жылғы 14 желтоқсанда жоба жабылды.

Бұдан басқа, Компания «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген және мониторингтен кейінгі алты жоба бойынша жобадан кейінгі мониторингті жүзеге асырады.

5 жыл ішінде (2017-2021 жылдар) іске асырылған алты жоба бойынша экономикалық тиімділік шамамен 6,7 млрд теңгені құрады.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі жобаларды іске асыру, сондай-ақ іске асырылған жобалар бойынша жоспарланған пайдаға қол жеткізуді талдау мақсатында қызметтің тиімділігін арттыру жөніндегі жобалардың жобадан кейінгі мониторингі жоспарланып отыр.

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТАРИФТЕР



Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну жөніндегі шығындарды өтеуді және табиғи монополия субъектісінің дамуына және тиімді жұмыс істеуіне бағытталатын пайда алуды және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ мынадай салаларда табиғи монополия субъектісі болып табылады:

- мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында оларды тасымалда-

уды қоспағанда, магистральдық құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтер;

- электр энергиясын беру бойынша қызметтер;
- жылу энергиясын өндіру, беру және тарату қызметтері;
- ағынды суларды бұру қызметтері.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ 31.12.2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША МҰНАЙ АЙДАУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕРІ

БАҒЫТЫ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	01.01.2021–31.11.2021	01.12.2021–30.12.2021
Қазақстан Республикасының ішкі нарығына	теңге/1000 тонна-км	4 355,57	4 328,04
Қазақстан Республикасынан тыс жерге экспортқа	теңге/1000 тонна-км	7 358,76	7 358,76
«ТОН-2» магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша транзит	теңге/1000 тонна-км	4 292,40	4 292,40
ҚХР-ге транзит	АҚШ доллары/тонна	4,23	4,23
Өзбекстан Республикасына транзит	АҚШ доллары/тонна	25,12	25,12
Қырғыз Республикасына транзит	АҚШ доллары/тонна	25,12	25,12

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтерді есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық эконо-

мика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КРЕМ Төрағасының 2020 жылғы 27 қарашадағы №71-НҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына

(ішкі нарық) мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке 2021-2025 жылдарға арналған тариф және тарифтік смета бекітілді, онда ішкі нарыққа тариф 1 000 км тоннасына 4 355,57 теңгені (ҚҚС-сыз) құрады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Қысқаша қызмет бейіні мен бағыты

Компанияның 2028 жылға дейінгі
даму стратегиясы

Бизнес құрылымы

Бизнес-процестерді трансформациялау
және оңтайландыру

Мемлекеттік реттеу және қызметтерге
тарифтер

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

транзиттеу мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге тарифтерді Компания дербес бекітеді.

Мұнайды экспортқа және транзитке тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтерді есептеу үшін Компанияда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның мұнайды магистральдық құбырлары арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтеріне тарифтерді есептеу әдістемесі әзірленді және қолданылады.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға транзит мақсатында Ресей мұнайын тасымалдау құнын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.

2019-2023 жылдар кезеңіне Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №545 бұйрығымен «Ресей Федерациясының шекарасы — Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс өңірі) — Атасу (Қазақстан Республикасы)» учаскесінде Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-ға тасымалдау құны 1 тонна үшін 4,23 АҚШ доллары (ҚҚС-ны қоспағанда) мөлшерінде бекітілді.

ТМРК Төрағасы міндетін атқарушының 2021 жылғы 15 қаңтардағы

№97-ОД бұйрығымен Павлодар мұнай құбыры басқармасының «Прииртышск» МАС сарқынды суларды бұру қызметіне уақытша өтемдік тариф алынып тасталды.

ТМРК Төрағасы міндетін атқарушының 2021 жылғы 20 тамыздағы №80-НҚ «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Н.Н. Шманов атындағы ЖЗҚ-ға «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырына мұнайды ауыстырып тиеу бойынша реттеліп көрсетілетін қызметіне 2021 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіле отырып, тоннасына 30,5 теңге мөлшерінде (ҚҚС-ны қоспағанда) тарифтік смета және тариф бекітілді.

ТМРК Төрағасының 2021 жылғы 29 қазандағы № 117-НҚ бұйрығымен 2021 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке 1 тонна үшін 1000 км-ге 4 328,04 теңге мөлшерінде (ҚҚС-ны қоспағанда) уақытша өтемдік тариф бекітілді.

ТМРК төрағасының міндетін атқарушының 2021 жылғы 12 қарашадағы №124-НҚ бұйрығымен 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 1 тонна үшін 67,93 теңге мөлшерінде (ҚҚС-ны қоспағанда) «Кеңқияқ» БМАС-қа мұнайды ауыстырып тиеу жөніндегі

реттеліп көрсетілетін қызметке уақытша өтемдік тариф бекітілді.

КРЕМ төрағасының міндетін атқарушының 2021 жылғы 26 қарашадағы №131-НҚ бұйрығымен «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлары жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке 1 тонна үшін 1000 км-ге 3 728,82 теңге мөлшерінде (ҚҚС-ны қоспағанда) уақытша өтемдік тариф бекітілді. 2022 жылғы қаңтар — 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

ТМРК төрағасының міндетін атқарушының 2021 жылғы 26 қарашадағы №128-НҚ бұйрығымен реттелетін қызметтерге: жылу энергиясын беру және тарату бойынша Гкал үшін 269,51 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз); жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша Халыққа, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдарға, халыққа коммуналдық қызметтер көрсететін кәсіпорындарға уақытша өтемдік тарифтер бекітілді — Гкал үшін 1 712,97 теңге (ҚҚС-сыз); өнеркәсіптік кәсіпорындар мен коммерциялық ұйымдарға жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша — Гкал үшін 11 731,19 теңге (ҚҚС-сыз).

Қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген уақытша өтемдік тарифтер заңнамада белгіленген тәртіппен дауланады.

және реконструкциялау, магистральдық сорғы ғимараттарын, тазалау құрылғыларын қабылдау камераларын салу және реконструкциялау, технологиялық құбырларды ауыстыру,

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР


2022 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырына Н.Н. Шманов атындағы МАС-та мұнайды ауыстырып тиеу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті және тарифтік сметаны бекіту.

магистральдық мұнай құбырлары мен магистральдық мұнай құбырлары объектілерін салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды қамтиды. өндірістік-технологиялық байланыс және ТБАЖ, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы автокөлік құралдары мен арнайы техниканы сатып алу жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

ТМРК 2021 жылғы 17 қарашадағы №126-ОД және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің

2021 жылғы 22 қарашадағы № 362 бірлескен бұйрығымен «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының магистральдық құбырлар арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау қызметіне 2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 397 және ТМРК 2020 жылғы 12 қарашадағы №61-ОД бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізілді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ 31.12.2021 ЖЫЛҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ



42 988

МЛН
ТЕҢГЕ

«ҚазТрансОйл» АҚ Инвестициялық бағдарламасы бойынша 2021 жылы инвестициялар көлемі

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

«ҚазТрансОйл» АҚ инвестициялық бағдарламасы магистральдық мұнай құбырларының және магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің сенімді және авариясыз жұмысын

қамтамасыз етуге бағытталған, ол магистральдық мұнай құбырлары учаскелерін ауыстыру, резервуарларды реконструкциялау және салу, химиялық зертханалар ғимараттарын салу





Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің
нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және
автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-
техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік


03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



ҚАУІПСІЗДІК

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның
корпоративтік құндылықтар

КОМПАНИЯ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ АПАТСЫЗ ЖҰМЫС
ІСТЕУ РЕЖИМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАДЫ.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

48 – Экономикалық және салалық шолу
51 – Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
62 – Инвестициялық қызмет
64 – Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
67 – ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
69 – Корпоративтік қауіпсіздік
70 – Ақпараттық қауіпсіздік

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ШОЛУ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

2021 жылы бүкіл әлем елдері COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясынан туындаған экономикалық дағдарыспен күресуді жалғастырды. Бірақ әлемдік экономиканың сенімді қалпына келуіне қарамастан, 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында оның өсуі тіркелді, ал келіп түскен экономикалық деректер дельта штаммының таралуы аясында серпіннің жоғалғанын көрсетті. 2021 жылдың қорытындысы бойынша әлемдік экономиканың 5,9%-ға өскенін көрсетті. Дамыған экономикалардың жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 5,2%-ға өскенін көрсетті, ал дамушы елдер-

де бұл көрсеткіш 6,4%-ды құрады. (Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) деректері).

Жиырма жыл ішіндегі ең күшті құлдыраудан кейін Қазақстанның ЖІӨ 2020 жылдың соңында қалпына келе бастады және 2021 жылдың бірінші тоқсанында 1,9%-ға өсті. 2021 жылдың соңына қарай ЖІӨ 3,3%-ға өсті, атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 5,5%-ға, сауда 9,2%-ға, ал көлік саласы 3,6%-ға өсті. Бұл ретте инфляция деңгейі 8,4%-ды құрады. (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректері).

ӘЛЕМНІҢ, ДАМУШЫ ЖӘНЕ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ЖІӨ СЕРПІНІ* (ХВҚ), %

БАҒЫТЫ	2019	2020	2021	2022 (БОЛЖАМ)
Әлем	2,8	-3,1	5,9	4,9
Дамыған	1,7	-4,5	5,2	4,5
Дамушы	3,7	-2,1	6,4	5,1

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖІӨ БОЛЖАММЕН СЕРПІНІ (ХВҚ), %

БАҒЫТЫ	2019	2020	2021	2022 (БОЛЖАМ)
Факт	4,5	-2,6	3,3	3,8
ХВҚ болжамы	3,1	3,9	3,0	3,9

ӘЛЕМДІК КӨМІРСУТЕКТЕР НАРЫҒЫ


2021 жылы COVID-19 вакцинациясының көбеюімен және шектеулердің жеңілдеуімен, сондай-ақ әлемдік сұраныстың ұсыныстан басымы болуымен қатар, мұнай бағасы көтерілді. Осылайша, Brent маркалы баррель бағасы алдымен 50 АҚШ долларына белгіленді, ал қазан айының соңында ол жылдың соңғы апталарында төмендегенге дейін барреліне 86 долларға жетті.

Сұраныстың жоғары деңгейі және ұсыныстың төмен деңгейі әлемде 2021 жылдың ақпанынан желтоқсанына дейін мұнай қорының төмендеуіне себеп болды, бұл бағаның одан әрі өсуіне әкелді. Қорлардың ең көп қысқаруы ақпан айында Сауд Арабиясы өндірісті тәулігіне 1,0 миллион баррельге қысқартқан кезде болды. Жағдай маусым айының соңына дейін, ОПЕК+ елдері ай сайынғы мұнай өндірісін ұлғайтуды жариялағанға дейін өзгеріссіз қалды. ОПЕК+ мұнай өндіру квотасының әлсіреуі және әлемдік сұраныстың үдемелі қалпына келуі аясында Қазақстанда мұнай өндірісі өткен жылмен салыстырғанда 2021 жылы тұрақты болып қалды.


ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

2021 жылы Қазақстан Республикасын қоса алғанда, ОПЕК+ елдері энергия ресурстарына әлемдік сұраныстың төмендеуіне байланысты мұнай өндіру бойынша шектеу шараларын енгізуді жалғастырды. Мәселен, 2021 жылы Қазақстан Республикасында мұнай өндіру іс жүзінде 2020 жылғы деңгейде қалып, 85,9 млн тоннаны құрады. Сонымен қатар, қазақстандық мұнай экспортының көлемі 1,3%-ға төмендеп, 67,6 млн тоннаны құрады.


ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ, МЛН ТОННА



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫ ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ, МЛН ТОННА



- КҚК мұнай құбыры
- «Атырау-Самара» мұнай құбыры*
- «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры**
- Ақтау Порты
- Темір жол

* «Самара — ТОН-2 — Прииртышск — ПМХЗ» бағыты бойынша Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-ға (ПМХЗ) 1 млн тоннаға жуық жүк жеткізілдію

** Тасымалдау көлемі 11,0 млн тоннаны құрады, оның ішінде ҚХР-ға 10 млн тонна көлемінде транзиттік жеткізу.

Әдетте Қазақстанда өндірілетін мұнайдың барлығы дерлік Ресей Федерациясының аумағы арқылы экспортталады. 2021 жылы қазақстандық мұнай экспортының 98%-дан астамы Ресей аумағы арқылы КҚК, «Атырау-Самара» мұнай құбырлары арқылы, Ақтау порты арқылы, сондай-ақ темір жол көлігімен транзитпен өтті.

2017 жылы КҚК мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту жобасының аяқталуына, сондай-ақ барынша экономикалық тартымдылығына байланысты Қазақстанда Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарынан өндірілетін мұнайдың барлығы



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ЭКСПОРТҚА МҰНАЙ ЖЕТКІЗУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТРАНЗИТІ



дерлік. Бұл ретте, 2019 жылы КҚК акционерлері КҚК мұнай құбырының қуатын жылына 81,5 млн тоннаға дейін, оның ішінде қазақстандық учаскеде жылына 72,5 млн. тоннаға дейін ұлғайту үшін оның тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады. Жобаны 2022 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Теңіз және Қашаған кен орындарында мұнай өндірудің алдағы ұлғаюына байланысты Қазақстан Республикасында мұнай өндірудің есімі қазіргі уақытта және перспективада КҚК мұнай құбырлары бойынша экспортқа жіберілетін болады.

2021 жылы КҚК бағыты бойынша қазақстандық мұнай экспорты 53,2 млн тонна деңгейіне жетіп, есепті жылы қазақстандық мұнай экспортының жалпы көлемінің 78%-дан астамын құрады.

«Атырау-Самара» мұнай құбыры қазақстандық мұнайдың әлемдік нарыққа экспорты бойынша екінші орында. Мұнайды «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы және одан әрі «Транснефть» ЖАҚ жүйесі арқылы жеткізу Усть-Луга Балтық терминалына және Новороссийск Қара теңіз портына дейін жүзеге асырылады.

2021 жылы «Атырау — Самара» мұнай құбыры арқылы 11,2 млн тонна қазақстандық мұнай тасымалданды. «Атырау — Самара» мұнай құбыры бойынша мұнай жеткізілімінің 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 17%-ға төмендеуі мұнайды магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың жалпы төмендеуімен және жеткізілімді басқа бағыттарға қайта бөлумен байланысты.

2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай қабылдаудың жалпы төмендеуіне әсер еткен негізгі себептер мыналар болып табылады:

- мұнай өндірудің табиғи құлдырауына байланысты Құмкөл кен орындары тобының мұнай тапсыруының төмендеуі;
- ОПЕК + келісімі аясында Қазақстан Республикасында мұнай өндіру көлемінің төмендеуі.

«Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемі 2021 жылы 50%-ға ұлғайып, көлемі 10 млн тоннаны құрайтын ресейлік шикі мұнай транзитін қоспағанда, 0,9 млн тоннаны құрады.

КОМПАНИЯНЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі стратегиялық бағыты және Компанияның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі профит-орталығы болып табылады.

Компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнай тасымалдау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітетін мұнай жеткізу кестелеріне сәйкес тұтынушылармен жасалған

шарттарға сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- мұнайды «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы (Ресей Федерациясының аумағы арқылы) экспортқа жеткізу;
- мұнайды ішкі нарыққа жеткізу: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС («АМӨЗ» ЖШС), «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС («ПҚОП» ЖШС),

- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС («ПМХЗ» ЖШС) және «CASPI BITUM» ЖШС;
- Ақтау портындағы танкерлерге мұнай жөнелту;
- мұнайды «КҚК-Қ» АҚ, «МұнайТас» ЖШС және «ҚҚК» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу;
- «Шағыр» ҰҒП және Т.Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасынан мұнайды вагон цистерналарына құю.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021	2022 (ЖОСПАР)	ӨЗГЕРІС, %
«ҚазТрансОйл» АҚ	44 463	42 298	41 224	40 622	-2,5
БМТ және РТЛ компаниялар тобы	857	1 051	1 324	1 384	26,0
«ҚҚК» ЖШС	16 200	15 883	17 411	18 005	9,6
«МұнайТас» ЖШС	3 232	3 321	4 273	4 310	28,7

Компанияның мұнай тасымалдау көлемі 2021 жылы 41 224 мың тоннаны құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас көрсеткішінен 2,5%-ға төмен.

ЕБҰҰ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН МҰНАЙДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЖҮК АЙНАЛЫМЫ*, МЛН ТОННА-КМ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021	2022 (ЖОСПАР)	ӨЗГЕРІС, %
Мұнайдың жүк айналымы, оның ішінде:	45 580	43 757	43 837	43 805	0,2
«ҚазТрансОйл» АҚ	37 657	35 899	35 162	34 897	-2,1
«ҚҚК» ЖШС	14 590	14 368	15 592	15 970	8,5
«МұнайТас» ЖШС	1 232	1 322	1 725	1 809	30,5

* Мұнайдың жүк айналымы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ЕБҰҰ-ға қатысу үлесін ескере отырып есептелді.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

МӨЗ-ГЕ МҰНАЙ ЖЕТКІЗУ БАҒЫТТАРЫ



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІ ЖӨНІНДЕГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МҰҢ ТОННА

БАҒЫТЫ	2019	2020	2021	2022 (ЖОСПАР)	ӨЗГЕРІС, %
Мұнай өңдеу зауыттарына					
«АМӨЗ» ЖШС	5 296	4 962	5 452	5 400	9,9
«ПҚОП» ЖШС	5 391	4 796	5 169	6 000	7,8
«ПМӨЗ» ЖШС	5 298	4 998	5 389	5 300	7,8
«CASPI BITUM» ЖШС	897	854	929	850	8,7
Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзит					
«Атырау-Самара» мұнай құбыры	14 328	14 478	12 173	10 461	-15,9
Ақтау порты арқылы тиеп-жөнелту					
«Ақтау» БМАС-та танкерлерге тиеп-жөнелту	2 020	2 098	2 106	2 200	0,4
Мұнайды құбыр жүргізу компанияларына ауыстырып тиеу					
«ҚҚҚ» ЖШС («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры)	10 846 (о.і. транзит 9 989)	10 550 (о.і. транзит 9 989)	10 957 (о.і. транзит 9 989)	11 007 (о.і. транзит 10 000)	3,9
«ҚҚҚ-Қ» АҚ (ҚҚҚ мұнай құбыры)	1 770	502	490	1 010	-2,4
«МұнайТас» ЖШС	2 880	2 980	3 954	3 986	32,7
«ҚҚҚ» ЖШС («Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбыры)	5 156	5 227	6 274	7 144	20,0
Теміржол эстакадалары					
Т. Қасымов атындағы МАС теміржол эстакадасы	32	123	51	120	-58,5
«Шағыр» МҚП теміржол эстакадасы	94	354	40	120	-88,7

8,5%

2021 жылдағы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарында ұсыныстың артуы

Мұнай тасымалдау көлемінің төмендеуі ОПЕК + келісімі шеңберінде Қазақстан Республикасында мұнай өндіруді шектеу себебінен тұтынушылардың мұнай тапсыруының төмендеуімен, сондай-ақ Құмкөл кен орындары тобының магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне мұнай тапсыруының төмендеуімен байланысты.

2021 жылы Қазақстан Республикасының МӨЗ-ге мұнай жеткізу көлемі 8,5%-ға ұлғайды және 16 939 мың тоннаны құрады. Қазақстан Республикасының МӨЗ-ін жүктеу үшін мұнайды жеткізу Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ай сайынғы бекітілген кестелері негізінде жүргізіледі.

«Атырау-Самара» мұнай құбыры бойынша мұнай жеткізілімінің 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 15,9%-ға төмендеуі мұнайды магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың жалпы төмендеуімен, жеткізілімді басқа бағыттарға, оның ішінде «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры бойынша реверстік бағытта қайта бөлуден байланысты. Қазақстандық жүк жөнелтушілердің мұнайын Ресей Федерациясының аумағы арқылы экспортқа жеткізудің негізгі бағыттары Усть-Луга порты мен Новороссийск порты болып табылады.

43,8 МЛРД ТОННА-КМ

шоғырландырылған мұнай жүк айналымы

Ақтау порты арқылы 2021 жылы 2 106 мың тонна мұнай жөнелтілді, бұл 2020 жылғы көрсеткіш деңгейінде. Ақтау портындағы танкерге мұнай құю оны одан әрі Махачкалы және Баку порттары бағытында жеткізу үшін жүргізілді.

2021 жылы «Шағыр» МҚП эстакадасынан Өзбекстан Республикасы бағытында мұнай жөнелту жалғасты, ол 40 мың тоннаны құрады. Сондай-ақ экспортқа және ішкі нарыққа жеткізу үшін 51 мың тонна көлемінде Т. Қасымов атындағы МАС құю эстакадасынан мұнай жөнелтілді.

2020 жылға қатысты «ҚҚҚ-Қ» АҚ жүйесіне мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуі жеткізілімдерді басқа бағыттар бойынша қайта бөлуге байланысты.

Компанияда ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес келетін, БМЖ бір бөлігі болып табылатын қолдану жөніндегі нұсқаулығымен сапа менеджменті жүйесі енгізілген және тиімді жұмыс істейді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үздіксіз арттыру мақсатында 2021 жылы Компания мұнай тасымалдау қызметтерін тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалау бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнама нәтижелері бойынша қанағаттанудың жалпы коэффициенті 100%-ды құрады.

ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ СЕНІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Компания магистральдық құбырлар мен негізгі және қосалқы мақсаттағы өндірістік объектілерді апатсыз және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Аталған саладағы жұмысқа пайдалану департаменті жетекшілік етеді.

Өндірістің апатсыз болуын қамтамасыз ету және есепті кезеңде өндірістік процестердің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда құбырларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалау бойынша барлық қажетті іс-шараларды жоспарлау және іске асыру жүзеге асырылады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ӨНДІРІСТІҢ АВАРИЯСЫЗ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІҢ ТИМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР

ҰЙЫМДАСТЫРУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ

магистральдық мұнай құбырлары объектілерін көктемгі-су тасқыны кезеңіне дайындау бойынша — **40 іс-шара**
магистральдық мұнай құбырларының сенімділігін қамтамасыз ету бойынша — **70 іс-шара**

Компаниялардың магистральдық мұнай құбырлары объектілерін күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау бойынша — **47 іс-шара**

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫР ОБЪЕКТІЛЕРІН КОРРОЗИЯДАН ҚОРҒАУ

7 резервуарға ішкі коррозияға қарсы жабын қолданылады

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

1 803 км магистральдық құбырларды калибрлеу, профильметрия сияқты әдістермен, сондай-ақ құбырышілік магнитті және ультрадыбыстық снарядты қолдану әдісімен құбырышілік диагностикалау
23 бірл. резервуарды тексеру

7 мұнай қыздыру пештерін техникалық диагностикалау және сараптама-лық тексеру
34 328,9 қума метрін тексеру
мұнай құбырларының **83,67 км** жаңа учаскелерін қосу

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫ ӘУЕДЕН ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬМЕН ПАТРУЛЬДЕУ

белгіленген тәртіппен **5 373 км** магистральдық мұнай құбырларын әуеден және жерүсті патрульдеу орындалды

ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫ ЕНГІЗУ

мұнай құбырларының **83,67 км** жаңа учаскелері қосылды

МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ТҰТАСТЫҒЫНА БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

магистральдық мұнай құбырлары **құбырындағы 1 535 ақау** жойылды

АВАРИЯЛАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӨНІНДЕ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУ

есепті кезеңде авариялар тіркелген жоқ

КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

ОҚЫС ОҚИҒАЛАР ТОБЫ	2019	2020	2021	ӨЗГЕРІС, %
Негізгі қызметтің механикалық-энергетикалық және технологиялық жабдығының ақаулары	89	81	27	-66,7
Негізгі қызметтің автоматика жүйесі жабдықтарының ақаулары	21	19	21	10,5
Негізгі қызметтің өндірістік-технологиялық байланыс жабдығының ақаулары	52	21	6	-71,4

42,5%

Компанияның өндірістік объектілерінде инциденттер санын азайту

ҚҰБЫРЛАР ПАРКІ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР

Компанияның магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы **5 372,994 км** құрайды.

Мұнайды магистральдық мұнай құбырлары арқылы тасымалдауды 36 мұнай айдау станциясы, 67 мұнай қыздыру пеші, жалпы көлемі 1 386 мың м³ мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен қамтамасыз етеді.

Мұнайды ауыстырып тиеуді Ақтау портының теңіз мұнай құю терминалының жұмыс істеп тұрған 2 айлағында орнатылған 4 төгу-қю теміржол эстакадасы, танкерлерге мұнай құю жөніндегі тиісті жабдық қамтамасыз етеді.

Мұнай айдау станцияларын электрмен жабдықтау саны 14 бірлік 35-220 кВ қосалқы станциялардан және саны 52 бірлік ЗРУ-6-10 кВ жабық тарату құрылғыларынан жүзеге асырылады.

Пайдалануда негізгі сорғы агрегаттарының 213 бірлігі, автокөлік құралдарының 903 бірлігі (тіркемесіз) бар.

Қысқы кезеңде үй-жайларды жылыту үшін 89 су жылытатын және 4 бу қазандығы бар 42 қазандық бірлігі пайдаланылады.



**КОМПАНИЯНЫҢ
ӨНДІРІСТІК ҚУАТТАРЫ**

5 373  **КМ**

магистральдық мұнай құбырлары

**МҰНАЙДЫ
ТАСЫМАЛДАУ**

11 мұнайды есепке алу торабы

36 мұнай айдау станциялары

1 386 **МҰҢ М³** мұнай сақтауға арналған резервуар паркі

7 мұнай жылыту танциялары

67 мұнай қыздыру пештері

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

3 328 **КМ** техникалық қызмет көрсету мен пайдалануда құбырлар

МӨЗ

4 төгу-қю теміржол эстакадалары

АҚТАУ ПОРТЫ ТЕҢІЗ МҰНАЙ ҚҰЮ ТЕРМИНАЛЫНЫҢ АЙЛАҒЫ

**ОПЕРАТОРЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР**

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР


04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ


06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар


2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРДЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, КМ




2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА РЕЗЕРВУАРЛЫҚ ПАРКТИҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАНА



2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА МҰНАЙ ҚЫЗДЫРУ ПЕШТЕРІНІҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАНА



2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА НЕГІЗГІ СОРҒЫ ЖАБДЫҒЫНЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ, ДАНА



Магистральдық мұнай құбырларының жас құрылымындағы негізгі үлесті **3016,844 км (56,14%)** — 30 жылдан асқан құбырлар құрайды.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Магистральдық мұнай құбырлары объектілерін көктемгі су тасқынына және күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау;
- Магистральдық құбырлардың 323,7 км құбырышәлік диагностикасын жүргізу;
- Магистральдық мұнай құбырлары құбырларының 1 100 ақауларын жою және резервуарлардың 18 бірлігін тексеру;
- 4 мұнай қыздыру пешін техникалық диагностикалау және сараптамалық тексеру және 12 213 технологиялық құбырларды тексеру;
- Мұнай құбырларының 59,6 км жаңа учаскелерін қосу.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС

Компанияның түсімнің негізгі үлесін өндіретін құбыр активтері жұмысқа қабілетті жағдайда тұрақты ұстауды және олардың техникалық жай-күйін жақсартуды талап етеді. Бұдан басқа, магистральдық мұнай құбырлары жүйесі Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолданыстағы мұнай құбыры жүйесінің техникалық жай-күйін қолдау және жақсарту мақсатында 2021 жылы Компания жалпы сомасы 61 263 млн теңге болатын күрделі салымдарды жүзеге асырды.

Күрделі салымдар жоспарын іске асыру шеңберінде компания магистральдық мұнай құбырларын салуды, реконструкциялауды және ішінара ауыстыруды, олардың тозуына байланысты жабдықтар мен арнайы техниканы жаңартуды, сондай-ақ ағымдағы қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеуді сапалы және уақтылы жүргізу мақсатында жұмыс бригадаларын жинақтауды, сондай-ақ диагностика бойынша регламенттік жұмыстарды жүзеге асырады.

Құбырларды күрделі жөндеу, салу, жаңғырту және басқа да ілеспе жұмыстар тоқтап қалу және авариялық жағдайлардың туындау тәуекелін азайтуға, магистральдық мұнай құбырлары объектілерінің қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, мұның салдарынан мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді сенімді, авариясыз, қауіпсіз және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етеді.

КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ

КӨРСЕТКІШ	2019	2020	2021	2022 (ЖОСПАР)*	ӨЗГЕРІС, %
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның күрделі салымдары**, оның ішінде:	42 858	49 715	61 263	60 407	23,2
жаңа жобаларға	70	78	325	1 059	316,7
ағымдағы өндіріс деңгейін ұстап тұру	42 761	49 635	60 873	59 315	22,6
акімшілік сипаттағы	27	3	65	33	2 060

* Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарына сәйкес.

** Компанияның күрделі салымдарының шоғырландырылған көлемі көрсетілген (үлестік әдіс).

2021 жылғы күрделі салымдар бойынша нәтижелер Компанияның негізгі ресурстары өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Мәселен, 2021 жылы бұл бағдарламаға күрделі салымдардың жалпы көлемінің 99,4%-ы бөлінді.

2021 ЖЫЛЫ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫ АУЫСТЫРА ОТЫРЫП, МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ өндірістік объектілерді сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы Компания күрделі жөндеу бойынша мынадай іс-шаралар жүргізді:

- «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының 230-244 км, 267-282 км, 284-291 км, L=36 км учаскелерінде құбыр желісін ауыстыру. Нысан 2021 жылғы 8 қарашада пайдалануға берілді;
- Бадам өзені арқылы өтетін «Павлодар-Шымкент» магистральдық мұнай құбырының 1 609,1 км суасты өткелін реконструкциялау. Объект 2021 жылғы 31 желтоқсанда пайдалануға берілді.

61 263 МЛН ТЕҢГЕ

күрделі салымдардың жалпы сомасы

ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ

Компанияның операторлық қызметтері бөгде ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану, оның ішінде оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті, сондай-ақ «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ компаниялар тобының су құбырларын техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі қызметті білдіреді. Операторлық қызметтер бөгде ұйымдардың мұнай құбырларына қызмет көрсету шекарасын кеңейтуге бағытталған қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Компания операторлық қызметтерді көрсетуге байланысты айтарлықтай құзыреттерге, бай тәжірибеге және технологияларға ие.

Компанияда көрсетілген қызмет түрлерін басқаруды операторлық қызметтер департаменті (ОҚД) жүзеге асырады. Операторлық қызметтер көрсету шеңберінде Компанияның өндірістік бағдарламасын орындауды Операторлық қызметтердің батыс басқармасының (БОҚБ) және Операторлық қызметтердің шығыс басқармасының (ШОҚБ) персоналы жүзеге асырады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

1328 АДАМ


операторлық қызметтер көрсетуге жұмылдырылған персоналдың жалпы штат саны

Компания мынадай компанияларға операторлық қызметтер көрсетеді:

- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС;
- «МұнайТас» ЖШС;
- «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО);
- «Торғай Петролеум» АҚ;
- «КҚК-Қ» АҚ;
- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС.

Қызмет көрсетілетін мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 3 327,56 км құрайды, Компанияның жұмылдырылған персоналының жалпы штат саны — 1 328 адам, оның ішінде ОҚД — 21 адам, БОҚБ — 652 адам, ШОҚБ — 655 адам.

ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



* «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының 0 км-ден 285 км-ге дейінгі учаскесі, лупинг 207 км-ден 285 км-ге дейінгі учаскесіне «Магистральдық суағызғы» ЖШС қызмет көрсетеді.

2021 жылы операторлық қызметтер көрсету жөніндегі қызметтен түсетін кіріс 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 5,9%-ға ұлғайды және 18 892,61 млн.теңгені құрады. Көрсеткіштің ең көп өсуі көрсетілетін қызметтер көлемінің («Аман» МАС) және «МұнайТас» ЖШС магистральдық мұнай құбырын пайдалану жөніндегі қызметтер құнының ұлғаюына, сондай-ақ «КҚК-Қ» АҚ-мен жасалған шартқа өзгеріске №3 ордер жасасуға байланысты «МұнайТас» ЖШС (26,1%) және «КҚК-Қ» АҚ (5,7%) бойынша байқалады.

КОМПАНИЯНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАР БӨЛІНСІНДЕ ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІСТЕРІ, МЛН. ТЕҢГЕ

ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАР	2019	2020	2021	ӨЗГЕРІС, %
«КҚК» ЖШС	8 016	8 632	8 898	3,1
«КҚК-Қ» АҚ	4 495	4 862	5 139	5,7
ҚПО	1 895	1 833	1 919	4,7
«МұнайТас» ЖШС	1 450	1 510	1 903	26,1
«Торғай Петролеум» АҚ	221	230	232	1,2
«Магистральдық суағызғы» ЖШС	809	768	801	4,3
Жиыны:	16 886	17 835	18 893	5,9

Компанияның операторлық қызметтерін тұтынушылар персоналдың біліктілігіне, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау деңгейіне, сондай-ақ техникалық жарақтандыруға жоғары талаптар қояды. Тұтынушылардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін «ҚазТрансОйл» АҚ осы бағытты дамытуға қолда бар бос қаражатты инвестициялайды.

Компания тұтынушыларға қызмет көрсету кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың орындалуын бақылауды үздіксіз негізде жүзеге асырады. «ҚазТрансОйл» АҚ МТҚО» филиалының бас диспетчерлік басқармасы қызмет көрсетілетін объектілерде бұзушылықтар және/немесе оқиғалар туралы хабарламалардың келіп түсуін тәулік бойы бақылайды.


2021 жылы бөгде ұйымдарға тиесілі өндірістік объектілердің сенімділігін қамтамасыз ету және объектілерді күзгі-қысқы және су тасқыны кезеңінде жұмысқа дайындау үшін операторлық қызметтер басқармаларының күшімен магистральдық мұнай құбырларының 75 ақаулығы жойылды, оның ішінде:

- «Теңіз-Новороссийск» мұнай құбырында — 31 ақау;
- «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырында — 8 ақау;
- «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырында — 36 ақау бар.

Бұл ретте есепті кезеңде пайдаланылатын магистральдық мұнай құбырлары бойынша негізгі жабдықтың істен шығуына, авариялар мен оқиғаларға жол берілген жоқ.

2021 жылы ISO 9001:2015 талаптарына сәйкес операторлық қызмет көрсету сапасының деңгейін бағалау мақсатында тұтынушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша жалпы баға 96%-ды құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 1%-ға жоғары.

КОМПАНИЯНЫҢ ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТІН КІРІСТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ



* Деректер «Магистральдық суағызғы» ЖШС қызмет көрсетуден түскен кірістер сомасын қамтиды.

2021 ЖЫЛҒА ОПЕРАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІ

«Торғай Петролеум» АҚ	100%	«Магистральдық суағызғы» ЖШС	100%
ҚПО	100%	«Мұнай Тас» ЖШС	100%
«КҚМ» ЖШС	100%	«КҚК-Қ» АҚ	77%

96%

жалпы бағасы

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің
нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және
автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-
техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

«КҚК-Қ» АҚ ұсынған 2020 жылға арналған сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша 2021 жылы компания БОҚБ қызметін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын жүргізді және іске асырды, оның ішінде дәнекерлеу өндірісі мамандарының, жылжымалы зерттеу зертханасының, авариялық-қалпына келтіру пунктінің инженерлік-техникалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Тұрақты негізде «КҚК-Қ» АҚ өкілдерімен кеңестер өткізіледі, онда пайдалану қызметінің ағымдағы мәселелері және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша қабылданатын шаралар талқыланады.

COVID-19 пандемиясы жағдайында бөлімшелерді жұмысқа бейімдеу бойынша үлкен және сапалы жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ тіркелетін жол-көлік оқиғаларына, өрттерге және жұмыс қабілетін уақытша жоғалтумен жазатайым оқиғаларға жол бермеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі ҚҚК тарапынан наразылықтары бар хаттар санын қысқарту, сондай-ақ қанағаттанушылықты бағалауды 2020 жылы 68%-дан 2021 жылы 77%-ға дейін арттыру болып табылады.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Магистральдық мұнай құбырлары мен бөгде ұйымдардың суағызғыларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтердің сапасын жақсарту шеңберінде Компания өзінің алдына мынадай мақсаттар қояды:

- операторлық қызметтерді авариясыз көрсету;
- тұтынушылардың операторлық қызметтермен қанағаттану индексі — кемінде 96%;
- жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесін жетілдіру;
- бөгде ұйымдарға тиесілі мұнай құбырларын пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтердің пайдалылығын қамтамасыз ету;
- 2022-2024 жылдар кезеңіне «ҚҚК» ЖШС-мен, «Мұнай-Тас» ЖШС-мен ұзақ мерзімді шарттар жасасу.

Инвестициялық комитет «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның ЕБ-БҰ-ның инвестициялық жобаларын қарау және мониторингілеу қағидаларына сәйкес жобаларды қарайды және мақұлдау туралы шешім қабылдайды.

ру жобаларды іске асырудың бекітілген кестелеріне сәйкес жалғасуда.

Компания немесе ЕББҰ бастамашылық жасаған әрбір инвестициялық жоба мұқият сараптамадан өтеді. Жоба бойынша шешім қабылдауды Компанияның Инвестициялық комитеті жүзеге асырады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ 2021 ЖЫЛЫ ІСКЕ АСЫРУ

«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ» МҰНАЙ ҚҰБЫРЫН КЕҢЕЙТУ

Компания үшін ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасы үшін де аса ірі және стратегиялық маңызды инвестициялық жобалардың бірі «Қазақстан — Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің құрылысы болып табылады.

Жоба жаңа мұнай айдау станцияларын салу және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялау, сондай-ақ тиісті учаскелерде мұнай құбырын ауыстыру жолымен ішкі нарыққа және ҚХР-ға экспортқа тасымалдау көлемінің өсуіне қарай барлық учаскелер бойынша мұнай құбырының өткізу қабілетін кезең-кезеңімен ұлғайтуды көздейді.

Бірінші кезең шеңберінде 2006 жылы ұзындығы 965,1 км «Атасу — Алашанькоу» мұнай құбыры салынды және пайдалануға берілді, 2009 жылы ұзындығы 794,26 км «Кеңқияқ — Құмкөл» мұнай құбыры пайдалануға берілді.

Жобаға қатысушылар: «ҚазТрансОйл» АҚ, «Мұнай-Тас» ЖШС және «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС, олардың әрқайсысы «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры учаскесінің тиісті меншік иесі болып табылады. Қаржыландыру жобаға қатысушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Компания «МұнайТас» ЖШС-мен бірлесіп «Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру» жобасы шеңберінде «Өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін жететін «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбыры учаскесі реверсінің

бірінші кезеңі» инвестициялық жобасын іске асыруда.

Жобаның мақсаты — Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ экспорттық қуатты арттыру шеңберінде «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС және «ПетроҚазақстанОйл Продактс» ЖШС Батыс Қазақстан мұнайын жеткізудің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету.

«Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырының реверсі жобасы аясында 2021 жылы мынадай жұмыстар орындалды:

- «Аман» МАС технологиялық объектілері пайдалануға берілді;
- жылыту пештері пайдалануға берілді;
- жылыту пештеріне апаратын газ құбырын механикалық аяқтау жүзеге асырылды.

Технологиялық мақсаттағы объектілер бойынша жұмыстардың аяқталуына байланысты мұнайды кері қимылдайтын режимде тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Осылайша, жобаның мақсатына қол жеткізілді.

Жоба бойынша барлығы 27 960 млн теңге, оның ішінде 2021 жылы — 6 060 млн теңге игерілді.

«АСТРАХАНЬ-МАҢҒЫШЛАҚ» СУАҒЫЗҒЫСЫН ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ 1-КЕЗЕК»

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының өткізу қабілетін ұлғайту және қолданыстағы тапшылықты қанағаттандыру үшін тозған жабдықты жаңарту мақсатында, сондай-ақ Атырау және Маңғыстау облыстарының су тұтыну

көлемінің перспективалық өсуін ескере отырып, «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту (1-кезек) жобасы іске асырылуда.

Жоба әлеуметтік маңызды болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының тапсырмаларына сәйкес іске асырылады.

Сонымен қатар, реконструкциялау жобасы Атырау облысы мен Маңғыстау облыстарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарларына енгізілді.

Жобаның бастамашысы — «Магистральдық Суағызғы» ЖШС.

Жобаның бірінші кезегін іске асыру шеңберінде ұзындығы 151 км су тартқыштың екінші желісін салу және ұзындығы 20 км Бейнеу кентінің айналма жолын салу көзделген. Суағызғының өткізу қабілеті тәулігіне 110-нан 170 мың м³ дейін ұлғаяды. Жобаны іске асыру өнеркәсіптің кейбір салаларының (мұнай-газ химиясы, газбен жабдықтау және басқалары) дамуына және Атырау және Маңғыстау облыстары халқының су тұтынуының өсуіне байланысты Қазақстан Республикасының батыс өңірінде су тұтынуға есіп отырған сұраныс жағдайында магистральдық су тартқышты сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны қаржыландыру көзі қарыз қаражаты болып табылады.

2021 жылы «Магистральдық Суағызғы» ЖШС жобаның ЖСҚ-сын әзірлеуді жүзеге асырды.



Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процестерді цифрландыру және автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

«ҚАШАҒАН» ГКДҚ СУАҒЫЗҒЫСЫН САЛУ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 ақпандағы Атырау облысына жұмыс сапарының қорытындысы бойынша «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырынан Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салу мәселесін пысықтау қажеттігі туралы тапсырмасын басшылыққа ала отырып, «Магистральдық су құбыры» ЖШС Қашаған кен орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу зауытына дейін су құбырын салуға бастамашылық жасады.

Суағызғының орналасқан жерін таңдау Қашаған кен орнында ілеспе газды қайта өңдеу зауытының

құрылыс орнымен байланысты және Атырау облысы Мақат ауданының аумағы арқылы өтетін болады.

Жобаланып отырған суағызғыны қосу қолданыстағы ВНС-5-тен 32 км қашықтықтағы «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық суағызғысының 332 км-де жүзеге асыру жоспарлануда. Құрылысы жоспарланған суағызғының ұзындығы 23,5 км құрайды, бұл оңтайлы трассаны таңдауға байланысты.

2021 жылы жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. 2021 жылғы 10 қыркүйекте «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.

«Магистральдық Суағызғы» ЖШС жобаны іске асыруға кірісті.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

Компанияның негізгі капиталына инвестициялар жоспарында қысқа және орта мерзімді перспективаға арналған мынадай ірі жобалар көзделген:

1. «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су тартқышын реконструкциялау және кеңейту» 1-кезек» жобасын іске асыруға кірісу.
2. «Қашаған» ГКДҚ су тартқышының құрылысын аяқтау.

ЦИФРЛАНДЫРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

2018 жылдан бастап Компанияда заманауи цифрлық технологияларды енгізу және тиімді ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды өрістетуді есебінен «ҚазТрансОйл» АҚ қызметін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындайтын цифрландыру тұжырымдамасы жұмыс істейді.

Тұжырымдаманы іске асыру үшін дамудың екі негізгі мақсаты мен он негізгі бағыты айқындалды.

Цифрландырудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- цифрлық зияткерлік қауіпсіздік жүйесін құру;
- тауар-көлік операциялары үшін жүйелерді дамыту;

- технологиялық процестерді цифрландыру;
- өндірістік процестерді басқарудың цифрлық технологияларына көшу;
- персоналды басқарудағы сандық өзгерістер, заманауи жұмыс орындарын құру;
- қызметтің түйінді көрсеткіштерін басқарудың қазіргі заманғы тетіктерін енгізу;
- қызметтің түйінді көрсеткіштерін басқарудың қазіргі заманғы тетіктерін енгізу;
- цифрлық қаржы мониторингі;
- сатып алу және материалдық ағындарды басқару саласындағы процестерді дамыту;
- сенімді цифрлық инфрақұрылымды қамтамасыз ету.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ЦИФРЛАНДЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫН ҰЛҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАЛАР

2021 жылы Компанияның магистральдық құбырларын басқару үшін өндірістік-технологиялық байланыстың сапалы және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында байланыс арналарының өткізу қабілетін арттыру бойынша мынадай жобалар іске асырылды:

- Жезқазған және Шымкент мұнай құбыры басқармаларының бақылау және басқару пункттерінің байланыс жүйесін реконструкциялау;
- жабынның толық аймағын қамтамасыз ету үшін Ақтөбе, Атырау, Жезқазған, Маңғыстау және Шымкент мұнай құбыры басқармаларының магистральдық мұнай құбырларының бойына тұрақты транкингтік радиобайланыс орнату;
- Атырау мұнай құбыры басқармасының ТӨБЖ желісін жаңғырту;
- 4 МАС, «Арал» МАС және «Шалқар» МАС байланыс тораптарының авариялық энергиямен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту;
- іске асырылған жобалар басқару пункттеріндегі байланыс арналарының өткізу қабілетін 2 Мб/с-тан 1 Гб/с-қа дейін, жабдықтың автономды жұмыс істеу мерзімін 4 сағаттан 36 сағатқа дейін (электр энергиясы ажыратылған жағдайда), мобильді радиостанциялардың радиобайланыспен қамту аймағын 100%-ға дейін ұлғайтуға және Компанияның өндірістік-технологиялық желісінде тоқтап қалулардың және авариялық жағдайлардың туындау қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

ПРОЦЕССТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ



Цифрландыруды енгізу ұйымның табысты дамуының, оның ішінде корпоративтік басқару тиімділігін арттырудың және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің маңызды факторларының бірі болып табылады.

Компания процестерін цифрландыру мен автоматтандыруды дамыту саласын айқындайтын негізгі құжаттар Компанияның ішкі құжаттарында сипатталған: «ҚазТрансОйл» АҚ цифрландыру тұжырымдамасы және «ҚазТрансОйл» АҚ цифрлық технологияларды дамыту бағдарламасы, оның ішінде Жобалардың жол картасы.

Осы саладағы жобаларды іске асыруды ақпараттық технологиялар департаменті, телекоммуникациялар департаменті және ТПБАЖЖМҚ департаменті сияқты бейінді департаменттер жүзеге асырады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің
нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және
автоматтандыру
ҒЗТКЖ және инновациялық-
техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



ПЕРИМЕТРЛІ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

Жобаның негізгі мақсаты — периметрлі бейнебақылау жүйесін және компанияның 26 өндірістік объектілерінде және 11 магистральдық құбырлардың желілік бақыланытын пункттерінде қолжетімділікті бақылау жүйесін құру. Мұнай құбырлары объектілерінің периметрлі бейнебақылау жүйелері күзет құрылымдары мен жедел персоналды өндірістік алаң аумағына бөгде адамдардың рұқсатсыз кіргені туралы уақтылы хабардар етуді, бұзушылардың іс-қимылдарының бейнежазбасын, сондай-ақ өндірістік және технологиялық объектілердің жұмысқа қабілеттілігі мен жай-күйін бақылауды қамтамасыз етеді.

Кіруді бақылау және басқару жүйесі объектілердегі бақылау-өткізу режимін жүйені санағышы бар бар турникет, шлагбаумдар және электромеханикалық құлыптары бар санағыштар сияқты техникалық қол жеткізу құралдарының көмегімен реттеуге мүмкіндік береді.

2021 жылы Компания төрт өндірістік объектіде: «Шолаққорған» БМӨС, «Жетібай» МӨС, «Степное» МӨС, «Екібастұз» МӨС периметрлі бейнебақылау жүйесін және қолжетімділікті бақылау жүйесін енгізді.

ТОБЖ САЛУ, ЖЕЛІЛІК ТЕЛЕМЕХАНИКА ЖҮЙЕСІН ЖӘНЕ «МАРТЫШИ-АТЫРАУ» МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

2021 жылы «ТОБЖ құрылысы, «Мартыши-Атырау» ММҚ желілік телемеханика жүйесін және күзет жүйесін енгізу» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар аяқталды, бұл сенімді ТОБЖ салуға және «Мартыши-Атырау» ММҚ №3 желілік кран пунктін кеңейтуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, осы жобаны іске асыру шеңберінде №3 ЖКТ-да байланыс, мұнай құбырын қорғау және желілік телемеханика жүйелері енгізілді.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Өрт дабылы мен өрт сөндіруді электробасқарудың автоматты жүйесін реконструкциялау;
2. Өндірістік-технологиялық байланыстың станциялық және желілік құрылыстарының жабдықтарын техникалық есепке алуды автоматтандыру жүйесін қосымша жарақтандыру;
3. Атырау мұнай құбыры басқармасының диспетчерлік, жедел-технологиялық байланысын жаңғырту.

ҒЗТКЖ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ- ТЕХНИКАЛЫҚ ДАМУ



«ҚазТрансОйл» АҚ өзінің мұнай тасымалдау жөніндегі қызметінде ерекше технологиялық сипаттамаларға тап болады, бұл ғылыми-техникалық тәсілдемені және ғылыми негізделген шешімдерді білдіреді. Жұмыстың осы ерекшелігі қолданыстағы технологиялық процесстерді (мұнай жылыту пештерінің, сорғы агрегаттарының, мұнай құбыры объектілерін қорғау жүйелерінің және т.б. жұмыстары) оңтайландыруға/жаңғыртуға бағытталған қазіргі заманғы техникалық шешімдерді, жаңа техника мен технологияларды одан әрі енгізуге ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған.

Ғылыми және инновациялық-технологиялық даму саласындағы өзекті міндеттерді шешу үшін ҒЗТКЖ жүргізу және 2021-2025 жылдарға арналған жаңа техника, жабдық және инновациялық технологиялар жөніндегі инновациялық жобаларды іске асыру жөніндегі бағдарлама (ҒЗТКЖ бағдарламасы) тұрақты негізде іске асырылуда.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласы объектілерінде, оның ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде алынған және енгізілген ҒЗТКЖ нәтижелері жұмыс сапасын арттыруды және мұнай мен суды айдау көлемін ұлғайтуды қамтамасыз етеді.

ҒЗТКЖ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ



5 КОМПАНИЯНЫҢ СТАНДАРТТАРЫ

2021 жылы әзірленді

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің
нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және
автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-
техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

2021 ЖЫЛЫ ҒЗТҚЖ ЖӘНЕ ИТЖ НӘТИЖЕЛЕРІ

Әзірленген және бекітілген ҒЗТҚЖ бағдарламасына сәйкес 2021 жылға төменде көрсетілген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді:

1. Қыздыру пешін техникалық тексеру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу (маркасы Г9П02В).
2. «Кеңқияқ» БМАС — «Құмкөл» БМАС — «Жұмағалиева» МАС мұнай құбыры маршруттары бойынша мұнайдың әртүрлі түрлерін бірлесіп тасымалдау кезінде мұнай қоспалары ағымының тұтқырлық-температуралық параметрлерін зерттеу және болжау;
3. «Т. Қасымов атындағы МАС» — «663 км» — АМӨЗ» ММҚ трассасының бойындағы су басу орнындағы су/топырақ ортасының физика-химиялық параметрлерін және топырақтың сүзілу өткізгіштігін зерттеу.
4. Мұнайдың қышқылдығына сынақтар жүргізу;

5. Қысым толқындарын тегістеу жүйесін қайта құру бойынша ұсыныстар бере отырып, «Жуан-төбе» МАС технологиялық бөлігіне тексеру жүргізу.

Сондай-ақ ҒЗТҚЖ шеңберінде 13 жоспарланған зерттеу жүргізілді, олардың барлығы 100% орындалды.

Жаңа техника мен инновациялық технологиялар трансферті бойынша жоспарланған жұмыстар шеңберінде инновациялық жобалар бойынша екі тұжырымдамалық модель әзірленді (МАС технологиялық құбырларын диагностикалаудың автоматтандырылған әдісі және МАС үздіксіз қоректенуінің серпінді көзін енгізу), екі тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізілді (s-COMPOSIT CRYSTAL полиуретанды жабыны және «ЛИАМ» коррозияға қарсы полимерлі-асмоль таспасы).

Жалпы орындалуы — 100%.

СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

2021 жылы Компанияның бес стандарты әзірленді және бекітілді:

1. «Магистральдық мұнай құбырлары. Технологиялық процесстерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің техникалық және бағдарламалық құралдар кешеніне техникалық қызмет көрсету және жөндеу»;
2. «Магистральдық мұнай құбырлары. Жоғары қауіптілік жағдайында жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі» шешімге сәйкес;
3. «Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнай құбырлары-

ның өту аймағында коррозия процесстерін және топырақтың сапалық көрсеткіштерін зерттеу кезінде реактивтер, зертханалық ыдыстар, жабдықтар, аспаптар мен материалдар шығысының нормалары;

4. «Магистральдық құбырлар. Әуеден патрульдеу»;
5. «Магистральдық мұнай құбырлары. Төгу-қюю терминалдары. Пайдаланудың жалпы талаптары. Пайдалану кезіндегі қосалқы бөлшектер, материалдар мен бу шығысының нормалары».

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. Ұзын толқынды ультрадыбыстық Дефектоскопия (LRUT) әдісімен МАС технологиялық құбырларын диагностикалаудың инновациялық әдістерін енгізу.
2. Мұнай резервуарларындағы түптік шөгінділер көлемін анықтау саласындағы инновациялық шешімдерді іздеу.
3. Зертханалық және табиғи жағдайда Zinga коррозияға қарсы жабынының пилоттық сынақтарын жүргізу;
4. Компанияның мұнай құбыры маршруттары бойынша мұнайдың әртүрлі түрлерін бірлесіп тасымалдау кезінде мұнай қоспалары ағымының тұтқырлық-температуралық параметрлерін зерттеу және болжау.
5. Компанияның магистральдық мұнай құбырларының коррозиялық мониторингі (ЭХЗ жүйесінің тиімділігі және топырақтың коррозиялық белсенділігі).

13  **ЗЕРТТЕУ**

ҒЗТҚЖ шеңберінде 100%-ға жүргізілді және орындалды

КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК



ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНЕ БАСҚАРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның МӨЗ-ін және мұнайдың экспорттық бағыттарын шикізатпен қамтамасыз ететін магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің стратегиялық маңыздылығын түсінеді. Бұл жағдайлар корпоративтік қауіпсіздік пен активтерді қорғауға байланысты мәселелерге жоғары талаптар

қояды. Осы мақсатта магистральдық құбырды тұрақты күзету және мұнайдың кемуін анықтау жүйелері мен мұнай құбырын қорғау жүйелеріне тәулік бойы мониторинг жүргізу ұйымдастырылған.

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелерін басқаруды корпоративтік

қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады. Құбырдың күзет аймағына құқыққа қарсы әрекеттер мен басып кірулерді анықтау орталық аппарат деңгейінде, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ ұтқыр күзет топтары мен авариялық қызметтерді қоса алғанда, барлық ҚЖЖ өзара іс-қимыл процесінде жүзеге асырылады.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын есепке ала отырып әзірленген Компания объектілерді жарақтандыру жоспарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен 2024 жылдарға дейін жарақтандыру жоспарына сәйкес күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын енгізу бойынша іс-шараларды белсенді іске асырады. Осы Жоспарға сәйкес Компанияның өндірістік және технологиялық объектілерінде күзет-периметрлік сигнализация және бейнебақылау жүйесін енгізу жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, Компания оқу-жаттығу және профилактикалық күзет-режимдік іс-шараларды, сондай-ақ болжамды қауіптерді іске асырумен байланысты модельдеу объектілердің қызметкерлерін тарта отырып, сабақтарды үнемі өткізеді.

КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Экономикалық және салалық шолу
Компанияның 2021 жылғы қызметінің
нәтижелері
Инвестициялық қызмет
Процесстерді цифрландыру және
автоматтандыру
ҒЗТҚЖ және инновациялық-
техникалық даму
Корпоративтік қауіпсіздік
Ақпараттық қауіпсіздік

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

«ҚазТрансОйл» АҚ аумақтық ішкі істер органдарымен және күзет ұйымымен — «KMG-Security» ЖШС-мен белсенді ынтымақтастық жасайды. Компаниялар арасында меморандумдарға қол қойылды, оларға сәйкес тараптар жедел түрде тиісті ақпаратпен алмасады, бірлесіп объектілердегі қылмыстарға қарсы күрес стратегиясын әзірлейді, магистральдық мұнай құбырларын қорғау мәселелері бойынша заңнама-ны жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырады.

Құқыққа қарсы әрекеттердің санын азайту мақсатында 2021 жылы Компания құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, фактілер бойынша қылмыстық істерді қозғау және оларды сотқа дейін алып жүру және қылмыстық адамдарға қатысты шығарылған

үкімдердің одан әрі сәйкес келуі мақсатында Компания объектілерінде анықталған қылмыстық қол сұғушылық фактілерін сүйемелдеу бойынша жұмысты жалғастырды.

Тараптардың бірлескен жұмысы шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуының жай-күйін, бейнебақылау жүйелерінің және құралдарының жұмыс қабілеттілігін, қолжетімділікті бақылауды, қауіпсіздікті, ақпараттық желілердің, байланыс құралдарының қорғалу жай-күйін тексеру және Компанияны хабардар ету жүзеге асырылды.

2021 жылғы ынтымақтастық нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырларына рұқсатсыз кесу жасалған жоқ.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

1. «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыру Жоспарын, сондай-ақ іске асыру көлемдері мен мерзімдерін жаңарту (Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес және Компания объектілерінің қорғалуын күшейту мақсатында).
2. Компания объектілерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыруды жалғастыру.
3. Террористік қауіп-қатерлерге, мұнай мен тауар-материалдық құндылықтарды ұрлауға қарсы іс-қимыл және қылмыстық істерді тергеуге және сот процестеріне байланысты іс-шаралар мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау, бірлескен оқу-жаттығулар өткізу.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқару мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-да ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ) енгізілді және жұмыс істейді. АҚБЖ Қазақстан Республикасы заңнамасының және ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. АҚБЖ жетілдіру бойынша ішкі корпоративтік жоспар жүзеге асырылуда.

Компания қолданыстағы және енгізілетін барлық АТ-жүйелерінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын тұрақты бақылауды жүзеге асыра отырып, ақпараттық қауіпсіздік проблемаларын тиімді басқарады.

АҚБЖ жетілдіру бойынша жыл сайынғы жоспарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару бойынша бірқатар іс-шараларды іске асыруда, ол атап айтқанда:

- ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізуді және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді;
- АҚБЖ халықаралық талаптарға сәйкестігіне қадағалау аудиттерін жүргізуді;
- корпоративтік регламенттер мен тәсілдерге сәйкестігіне ОЖЖ-да ішкі аудиттер жүргізуді;
- үздік әлемдік тәжірибелер мен технологиялар негізінде вирустық қауіптерден қорғауды қамтамасыз етуді;
- Компания қызметкерлері арасында ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамытуды қамтиды.

2021 жылы бизнестің үздіксіздігіне айтарлықтай әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін оқиғалардың жоғары және орташа деңгейлері болған жағдайлар тіркелген жоқ.

2021 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯДА АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ДАМУ

2021 жылғы 13 қазанда Компания ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады. Қадағалау аудитін «TÜV AUSTRIA Стандарттар және сәйкестік» халықаралық сертификаттау органының жетекші аудитору жүргізді. Сондай-ақ есепті кезеңде компанияның ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына және корпоративтік құжаттардың ережелеріне сәйкестігіне ОЖЖ ӘБЖБ ішкі аудиттері жүргізілді.

Электрондық поштаны қорғау және Интернет желісіне қауіпсіз қол жеткізу жүйелерін, сондай-ақ Компанияның АТ-инфрақұрылымына мақсатты шабуылдарды анықтау бойынша бағдарламалық-техникалық құралдарды енгізу жөніндегі жобалар табысты іске асырылды. Енгізілетін қорғау жүйелері Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен «ҚазТрансОйл» АҚ қосымшалары мен жүйелерінің кибер-тәуекелдерден қорғалу деңгейін арттыру жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде іске асырылды.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2022 жылға ТПАБЖ, телекоммуникация және ақпараттық технологиялардың қорғалуын арттыру бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік өнімдері бойынша бірқатар тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар жоспарланған. Компания 2022 жылы АҚБЖ жетілдіру бойынша жұмыс жоспарына сәйкес жаңа технологияларды белсенді енгізуді жалғастыруға ниетті:

1. ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне корпоративтік АҚБЖ қадағалау аудитін жүргізу.
2. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде жыл сайынғы АҚБЖ ішкі аудиттерін өткізу.
3. Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің тәуекелдерін бағалау.
4. Тәуекелдерді азайту, жаңа процестер мен жобаларды енгізу кезінде уақытты және шығындарды азайту.
5. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін басқару саласындағы негізгі құжаттаманы жаңарту, қосымшалар мен жүйелердің «ҚазТрансОйл» АҚ кибер-тәуекелдерден қорғалу деңгейін арттыру бойынша 2021-2025 жылдарға арналған жол картасын іске асыру.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК



АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ

Компанияның ақпараттық қауіпсіздігі ақпараттық технологияларды цифрландыру және дамыту жағдайында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі болып табылады.



ЖАҒДАЙ
инциденттердің сынилығының жоғары және орташа деңгейі



Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Орнықты даму моделі
Персоналды басқару
Корпоративтік коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті
қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті
қамтуды дамыту

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КӘСІБИЛІК

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның
корпоративтік құндылықтар

КОМПАНИЯ ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНДЕ ЕҢБЕКСҮЙГІШТІКТІ,
КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІН БІЛУДІ, ҚОЙЫЛҒАН
МІНДЕТТЕРДІ УАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ САПАЛЫ ОРЫНДАУДЫ
БАҒАЛАЙДЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕР МЕН ДАҒДЫЛАРДЫ
ҮНЕМІ ЖЕТІЛДІРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

74 – Орнықты дамуды басқару
76 – Орнықты даму моделі
90 – Персоналды басқару
102 – Корпоративтік коммуникациялар
104 – Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
112 – Қоршаған ортаны қорғау
118 – Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
121 – Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Орнықты даму моделі
Персоналды басқару
Корпоративтік коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ



БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі корпоративтік басқару және орнықты даму жүйесін жетілдіру болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы миссиясы — қазіргі заманның қажеттіліктеріне сәйкес болашақ ұрпақтың мүмкіндіктерін сақтау және көбейту үшін экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті ескерумен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң үлес қосу.

«ҚазТрансОйл» АҚ алты негізгі қағидатты қамтитын орнықты даму саласында белсенді қызмет жүргізуде:

- бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға теріс әсерді азайту;
- табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану;
- жұмыскерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау;
- өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- өндірістік активтерді басқару.

Компанияның орнықты даму саласындағы негізгі корпоративтік қағидаттары ESG саласындағы негізгі саясаттар мен құжаттарда көрініс тапқан.

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты;
- корпоративтік басқару кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ энергетикалық саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да құқық бұзушылықтардың пайда болу тәуекелін басқару саясаты;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидалары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Теңгерімді экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарға ілгерілеу шеңберінде Компания орнықты даму қағаздарының негізгі бизнес-процестерге, операциялық қызметке және шешімдер қабылдау процестеріне интеграциялануын қамтамасыз етеді.

Компанияның Директорлар кеңесі мен менеджменті Компания қызметінің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық аспектілерін басқару процесіне белсенді түрде тартылған.

Директорлар кеңесінің жанында «ҚазТрансОйл» АҚ қызметіне, оның ішінде орнықты даму саласындағы қызметіне байланысты жекелеген мәселелерді үйлестіретін төрт комитет құрылды. Бұл ретте Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті орнықты даму қағидаттарын енгізуге тікелей жәрдем көрсетеді. Директорлар кеңесінің мүшелері орнықты даму мәселелерін қарауға тартылған.

Орнықты даму мәселелерін басқару Компанияны басқарудың барлық ұйымдастырушылық деңгейлерінде жүзеге асырылады. Жекелеген мәселелерді басқаруды Компанияның орталық аппараты деңгейінде бейінді департаменттер және ТЖЖ деңгейінде — персоналмен жұмыс, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау сияқты орнықты дамудың нақты салаларына жетекшілік ететін қызметтер мен бөлімдер жүзеге асырады. Қызметтер мен бөлімдердің жұмысы Компанияның орталық аппаратымен тікелей өзара іс-қимыл шеңберінде үйлестіріледі және келісіледі.

БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік басқаруы Компанияның тиімділігін арттыру, орнықты даму саласындағы міндеттерді іске асыру және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес келу мақсатында үнемі жетілдіріліп отырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның орнықты даму саласында қызметі сәйкес келетін халықаралық стандарттар:

- ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйелері»;
- ISO 14001:2015 «Экологиялық менеджмент жүйелері»;
- ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйелері»;
- ISO 50001:2018 «Энергетикалық менеджмент жүйелері».

2021 жылы Компания халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікті растау және халықаралық үлгідегі сертификаттарды жаңа үш жылдық мерзімге ұзарту жөніндегі тәуелсіз органдармен сертификаттау аудиттерін жүргізу бойынша іс-шараларды орындады.



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

- Орнықты дамуды басқару
- Орнықты даму моделі
- Персоналды басқару
- Корпоративтік коммуникациялар
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- Қоршаған ортаны қорғау
- Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
- Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ОРНЫҚТЫ ДАМУ МОДЕЛІ

МУДДЕЛІ ТАРАПТАР



ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Бизнес қызметінің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Қоршаған ортаға келеңсіз әсерді барынша азайту
Табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану


ӘЛЕУМЕТТІК

Жұмыскерлерді кәсіптік дамыту және әлеуметтік қолдау
Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

AccountAbility
Institute of social and ethical accountability



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ САҚТАУ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

1,7% энергия ресурстарын жиынтық тұтыну көлемінің өсімі
4,65 Ш.О.Т. / млн тонна-км мұнай тасымалдаудың энергия қажетсінуі

Сәйкес келетін энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша қайта сертификаттаудан өтті
ISO 50001:2018

3 393 Ш.О.Т. табиғи газ тұтынудың ұлғаюы

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫ АЗАЙТУ

3,8 млрд теңге еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға салынатын инвестициялар көлемі

1 өндірістегі жазатайым оқиға

1769 «Қорғау» картасы

10 523 жұмыскер өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша оқытудан өтті

0,09 LTIR

Сәйкес келетін денсаулық сақтау, және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі бойынша қайта сертификаттаудан өтті
ISO 45001:2018

НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТТАРҒА СӘЙКЕСТІ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛЕҢСІЗ ӘСЕРДІ АЗАЙТУ

2,2 млрд теңге табиғат қорғау іс-шараларына арналған шығындар

18,6% атмосфераға шығарындылардың азаюы

8 га бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру жүргізілді

1,7% су жинаудың ұлғаюы

81 191 тонна қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі

0 мұнай тасымалдау кезінде экологиялық зардапқа алып келген авариялық жағдайлар

ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛЛАУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

637 млн теңге персоналды оқытуға салынған инвестициялар көлемі

5 000 жұмыскер оқу орталығы базасында даярлаудан және қайта даярлаудан өтті

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Орнықты даму моделі
Персоналды басқару
Корпоративтік коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту


04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



КОМПАНИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ

Орнықты даму жүйесін жетілдіру «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі даму стратегиясының және ұзақ мерзімді орнықты дамудың негізгі бағыттары мен мақсаттарының бірі болып табылады.

Орнықты даму қағидаттарын ұстану «ҚазТрансОйл» АҚ ұзақ мерзімді дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын сезіне отырып, Компания қоршаған ортаға әсерді басқару саласындағы озық практикаларға ұмтылады.

Компанияның 2028 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы стратегиялық бастамалары:

1. ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ.

Компания корпоративтік басқаруды Компания құнының өсуінің, оның бәсекеге қабілеттілігінің және инвестициялық тартымдылығының негізгі факторы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіру және акционерлердің мүдделері мен құқықтарын сақтау «ҚазТрансОйл» АҚ үшін басымдық болып табылады».

2. ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Компания өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдерді азайтуға тырысады. Аталған бастама аясында «ҚазТрансОйл» АҚ өз алдына мынадай міндеттер қояды:

- өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс режимін қамтамасыз ету;
- технологиялық қайта жарақтандыруды жүргізу және жабдықтың тұтастығын қамтамасыз ету;

- объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізу;
- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік техникалық саясатты әзірлеу және іске асыру.

3. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды және қызметкерлердің денсаулығына қамқорлық жасайды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алады.

4. ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

Компания мұнай құбырларының оңтайлы жұмыс режимдерін жоспарлау, негізгі сорғы агрегаттарының пайдалы әсер коэффициентін арттыру, энергия ресурстарын үлестік тұтынуды азайтуға бағытталған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жолымен мұнай тасымалдаудың энергия тиімділігі деңгейін арттыруды жалғастырады.

5. АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Компания жұмыскерлерінің негізгі стратегиялық капиталы екенін түсінеді. Осыған байланысты «ҚазТрансОйл» АҚ алдына адами ресурстарды қолдау және дамыту, өз қызметкерлерінің кәсібилігі мен

тиімділігін арттыру, ұжымда және қатысу өңірлерінде әлеуметтік қорғалу және тұрақтылық үшін жағдай жасау міндетін қояды.

6. АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІН САҚТАУ

Компания өз қызметінде адал, әділ, ашық, ақпейіл және жауапты бизнес жүргізуді басшылыққа алады. Компаниядағы құндылықтар, іскерлік мінез-құлық нормалары «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

7. АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚАҒИДАТАРЫ

Басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Компанияның корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау, сондай-ақ ашық адал коммуникация, басқа адамдардың өз пікірлері мен қажеттіліктерін есепке алу.

8. ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІН ТИІМДІ БАСҚАРУ

Жеткізу тізбегін тиімді басқару және сатып алу шығындарын азайту Компанияның рентабельділігі мен қаржылық тұрақтылығын арттыруы мүмкін.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Орнықты даму моделі
Персоналды басқару
Корпоративтік коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту


04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

КОМПАНИЯНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ



БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ (ОДМ) ЖАҒАНДЫҚ МАҚСАТТАРЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның жаһандық мақсаттары БҰҰ Бас Ассамблеясында бекітілген және әлемдік көшбасшылар 2030 жылға дейінгі орнықты дамудың жаһандық күн тәртібі ретінде мақұлдаған ESG және БҰҰ ОДМ саласындағы әлемдік трендтермен үйлеседі.

«ҚазТрансОйл» АҚ БҰҰ ОДМ қолдайды және бизнесті жауапты жүргізу, корпоративтік басқарудың озық практикаларын қолдану, қоршаған

ортаға әсерді барынша азайту, персоналды тиімді басқару, қауіпсіз еңбек жағдайларын және өндірістік объектілерде авариясыз жұмыс режимін қамтамасыз ету арқылы оларға қол жеткізуге өз үлесін қосуға ұмтылады.

Компания тұрақты негізде қол жеткізуіне барынша көп үлес қоса алатын ОДМ бойынша іс-қимылдарды қабылдайды. ОДМ барлық 17 мақсатының маңыздылығын

түсіне отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Компания мен мүдделі тараптар үшін ерекше өзекті тоғыз негізгі мақсатты атап көрсетеді. Компания өз қызметінде ОДМ жетудегі біздің прогресті қадағалау және талдау үшін тиісті қаржылық емес көрсеткіштерді пайдалана отырып, қойылған міндеттерге назар аударады. Компания тұрақты негізде қоршаған ортаға әсерді болдырмауға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның қоршаған ортаға әсер ететін негізгі проблемалары атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары және қалдықтарды басқару, парниктік газдардың шығарындылары және топырақтың ластануы болып табылады.

Компанияның атмосфералық ауаға әсер ету көздері мұнай жылыту пештері, қазандық қондырғылары және мұнай сақтайтын резервуарлар.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да парниктік газдар шығарындыларының көздері қазандықтар, мұнай жылыту пештері, дизельді электр станциялары, дәнекерлеу агрегаттары және компрессорлар болып табылады.

БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС



Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық қатерлерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

Біздің міндеттемелеріміз

- Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы қамқорлық
- Өлім-жітім жағдайлары санына жол бермеу және кәсіптік ауруларды барынша азайту

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

- ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарына сәйкестікке сертификаттау (75 бет)
- COVID-19 таралуын болдырмау үшін қызметкерлерді вакцинациялау (115 бет)
- 21% — 2021 жылы санитариялық-эпидемиологиялық және емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстардың өсуі



Жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жас және ересек адамдардың санын айтарлықтай ұлғайту

Біздің міндеттемелеріміз

- Қызметкерлерді оқыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету
- Университеттермен және оқыту жөніндегі сарапшылармен ынтымақтастық
- Студенттер мен түлектер үшін оқу бағдарламалары мен тағылымдама бағдарламаларын ұйымдастыру

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

- 2021 жылы оқуға 637 млн теңге жұмсалды, бұл 2020 жылға қарағанда 96,6%-ға артық
- 6 610 қызметкер оқытылды



Су ресурстарын басқару процесін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету және мүдделі тараптарды осы процеске тарту

Біздің міндеттемелеріміз

- Су ресурстарын тиімді пайдалануды және рұқсатсыз пайдалануға жол бермеуді қамтамасыз ету
- Басқарудың жаңа жүйелері мен инновациялық технологияларды енгізу

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

- 2021 жылы Компанияда су ресурстарын басқару қағидалары жаңартылды (109 бет)
- 2021 жылы ағынды сулардың көлемі 232 мың м³ құрады және өткен жылдың деңгейінде қалды

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

Орнықты дамуды басқару
Орнықты даму моделі
Персоналды басқару
Корпоративтік коммуникациялар
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Энергия тұтыну және энергия үнемдеу
Сатып алу жүйесі және жергілікті қамтуды дамыту

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҮЛЕС (ЖАЛҒАСЫ)



7 Арзан және таза энергия
- «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсмені қызметінің корпоративтік және функционалдық негізгі көрсеткіштерін 2020 жылғы нақты мәндерімен және қорытынды нәтижелілігімен бекіту және 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсменіне сыйақы беру туралы мәселені қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері мен корпоративтік хатшысының 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы беру туралы мәселені қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы етіп А.М. Шмановты тағайындау туралы, оның өкілеттіктерінің мерзімін, сондай-ақ лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау туралы мәселені қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің 2021 жылға арналған түзетілген корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлері мен корпоративтік хатшысы қызметінің 2021 жылға арналған түзетілген уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелерінің сабақтастық карталарын және сабақтастық жоспарларын бекіту;

Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

ІШКІ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ (КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАРАШАДАҒЫ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНДЫ)

АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ
Винишиус Агостини Алвес	Тәуелсіз директор, төраға
Адриан Фрейсине	Тәуелсіз директор
Альберто Мартинес Лопес	Тәуелсіз директор

Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Қажет болған жағдайда Комитет отырыстарына Комитет төрағасының шақыруы бойынша аудит нәтижелерін бірлесіп қарау мақсатында Компанияның жетекші серіктесі және/немесе сыртқы аудитору — «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің басқа да өкілдері қатыса алады.

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

КОМИТЕТТІҢ РӨЛІ

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, активтерді бағалау, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша басқа да мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге бағытталған.

Есепті кезеңде Ішкі аудит жөніндегі комитет 3 бетпе-бет отырыс және сырттай дауыс беру арқылы 2 отырыс өткізді, онда мынадай негізгі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірленді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылғы жеке және шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін алдын ала мақұлдау;
- БМТ-ның операциялық нәтижелері мен қаржылық жай-күйі туралы мәселені қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша есебін алдын ала мақұлдау туралы мәселені қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ ақпараттық технологияларының кешенді сараптамасы бойынша қорытынды есепті қарау туралы мәселені қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз аудиторының ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019 жылғы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргізу нәтижелері бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз аудитору «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті қарау;

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларында белгіленген.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы Бас директоры (Басқарма төрағасы) осы органдағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар:


- жылына 80 мың АҚШ доллары мөлшерінде белгіленген сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің бетпе-бет отырыстарына қатысқаны үшін 1 000 АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорларға Компанияның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттердің тәуелсіз директордың тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуелсіздік) өтеледі.

Компанияның тәуелсіз директорларына олардың 2021 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша есептелген сыйақының жалпы мөлшері салықтарды қоса алғанда, 169 109 мың теңгені құрады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары бойынша қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫНЫҢ СЫЙАҚЫ ШАМАСЫНЫҢ СЕРПІНІ*, МЫҢ ТЕҢГЕ



* салықтарды қоса алғанда

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫНА 2021 ЖЫЛЫ ЕСЕПТЕЛГЕН СЫЙАҚЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР	ЖЫЛДЫҚ СЫЙАҚЫ	КОМИТЕТТЕРДІҢ КҮНДІЗГІ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНЫ ҮШІН	САЛЫҚТАРДЫ ШЕГЕРГЕНДЕГІ ЖИНЫ	БАРЛЫҒЫ, САЛЫҚТАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА
Мұхашов Алмасбек Аманбекұлы	27 573	3 550	31 123	37 394
Винишиус Агостини Алвес	35 041	3 579	38 620	44 214
Адриан Фрейсине	35 041	3 579	38 620	44 214
Альберто Мартинес Лопес	3 852	434	4 286	4 334
Жиыны:	101 507	11 142	112 649	130 156

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

БАСҚАРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ



«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарма қызметінің негізгі мақсаттары Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз ету және Даму стратегиясын іске асыру болып табылады. Осы мақсаттарды орындау кезінде Басқарма мынадай негізгі қағидаттарды басшылыққа алады: әділдік, адалдық, парасаттылық, сақтаушылық, тұрақтылық, сондай-ақ Компания акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін барынша сақтау және Ак-

ционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне есеп беру.

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен, корпоративтік басқару кодексімен, Басқарма туралы ережемен және Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

Басқарманы Директорлар кеңесі қалыптастырады және Компанияның мақсаттарына қол жеткізу бойынша атқарған жұмысы үшін Директорлар кеңесінің алдында есеп

береді. Басқарманы оның жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлуге жауапты болады.

Компания Басқармасы қызметінің өкілеттіктері мен нәтижелері туралы қосымша ақпарат Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде қолжетімді.

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

АТЫ, ТЕГІ	ЛАУАЗЫМЫ
Димаш Досанов	Бас директор (Басқарма төрағасы)
Сәбит Арынов	Бас директордың орынбасары
Ерболат Меңдібаев	Бас директордың орынбасары — «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының директоры
Ален Таңатаров	Бас директордың орынбасары — «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының зерттеулер мен әзірлемелер орталығы» филиалының директоры
Жайық Махин	Бас директордың орынбасары
Шыңғыс Сейсененов	Бас директордың орынбасары
Шара Әділова	Бас директордың орынбасары
Данияр Мұхамед-Рахим	Бас директордың орынбасары
Жәйдарман Исақов	Бас директордың орынбасары



ДИМАШ ДОСАНОВ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ
(БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ)

1981 жылы 2 қарашада туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — халықаралық қатынастар жөніндегі маман, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — экономист. Іскерлік әкімшілік магистрі (МВА) дәрежесіне ие, Джорджтаун университеті (АҚШ).

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 2002 жылы Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппараты жанындағы шағын және орта бизнесті дамыту қауымдастығының менеджері болып бастаған. Әр жылдары Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінде, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да, North Caspian Operating Company (NCOC), «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-да жұмыс істеді.
- 2016 жылғы қаңтардан тамызға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары
- 2016 жылғы 6 тамыздан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы).
- 2016 жылғы 20 қазаннан бастап 2022 жылғы 14 қаңтарға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

- «ҚҚҚ-Р» АҚ және «ҚҚҚ-Қ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен баскелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



СӘБИТ АРЫНОВ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

1977 жылы 29 маусымда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Қазақ ұлттық техникалық университетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы, техникасы» мамандығы бойынша бітірген. 1999 жылы Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы, техникасы» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — тау-кен инженері. Назарбаев Университетінің іскерлік әкімшілендіру магистрі (МВА) дәрежесіне ие.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 1999 жылы Атырау НПС технологиялық қондырғыларды жөндеу жөніндегі слесарь болып бастады. Әр жылдары пайдалану бөлімінің инженері, диспетчер, компанияның Батыс филиалының пайдалану бөлімі бастығының орынбасары болып жұмыс істеді, Орал мұнай құбыры басқармасы мен Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының бас инженері және «Терминалекс» ЖШС Бас директоры лауазымын атқарды.
- 2009-2017 жылдары: «ҚазТрансОйл» АҚ Пайдалану департаментінің директоры.
- 2017 жылы: «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры.
- 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2018 ж. 3 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компанияның 7 567 дана немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 0,00197% акцияларына иелік етеді
- ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен баскелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



ЕРБОЛАТ МЕНДІБАЕВ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ — «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУДЫ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ» ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

1965 жылы 12 қарашада туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Машина жасау технологиясы, металл кесетін станоктар мен құралдар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — инженер-механик.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 1988 жылы «Каспий маңы тау-кен металлургия комбинаты» жөндеу-механикалық зауытының 5-разрядты токарь-ысырушы болып бастады. 1996 жылдан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-да жұмыс істейді.
- 2006 жылдан 2020 жылдың наурызына дейін — «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы директорының тауар-көлік операциялары жөніндегі орынбасары, тасымалдау департаментінің директоры, бас диспетчерлік басқарманың директоры.
- 2020 жылғы 3 ақпаннан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары қызметін қоса атқарады.
- 2020 жылғы 18 наурыздан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2020 жылғы 7 шілдеден бастап: Бас директордың орынбасары — «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының директоры
- 2020 жылғы 18 наурыздан 2022 жылғы 4 наурызға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компанияның 11 243 дана немесе орналастырылған акциялардың жалпы санының 0,000029% акцияларына иелік етеді.
- ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



АЛЕН ТАҚАТАРОВ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ — «ҚАЗТРАНОЙЛ» АҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӘЗІРЛЕМЕЛЕР ОРТАЛЫҒЫ» ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

1981 жылы 23 тамызда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Талсы университетін (АҚШ) «Мұнайшы инженер» мамандығы бойынша аяқтаған. Іскерлік әкімшілендіру магистрі (MBA) дәрежесі бар, Саффолк Университеті (АҚШ). 2016 жылы «Басқарушы буын өкілдеріне арналған бағдарламасы» бойынша Гарвард бизнес мектебінде оқыды.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 2000 жылы «Теңізшевройл» ЖШС инженері болып бастаған. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС, North Caspian Operating Company (NOC), «Біріккен химиялық компания» ЖШС, «KPE» ЖШС жұмыс істеді.
- 2016-2019 жылдары: «Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС Бас директоры.
- 2019 жылғы 9 шілдеден бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2020 жылғы 4 мамырдан бастап: Бас директордың орынбасары — «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының зерттеулер мен әзірлемелер орталығы» филиалының директоры
- 2019 жылғы 9 шілдеден бастап 2022 жылғы 28 ақпанға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.

- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Байқаушы кеңесінің төрағасы.
- Компания мен ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



ЖАЙЫҚ МАХИН

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

1982 жылы 30 маусымда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Ресей Федерациясының сыртқы істер министрлігінің Маскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын (Университет) «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген, дәрежесі — экономика бакалавры, 2005 жылы — «Әлемдік экономика» бағыты бойынша шет тілдерін білетін экономика магистрінің дәрежесі бар. 2014 жылы Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясын «MBA: менеджмент — халықаралық бизнес» бағдарламасы бойынша бітірген, іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 2005 жылы «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да бюджеттеу және экономикалық талдау департаментінің қаржы-экономикалық модельдеу бөлімінің маманы болып бастаған. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Қазгермұнай» БК ЖШС, «Алмекс Плюс» фирмасы ЖШС басшылық қызметтерін атқарды.
- 2016–2017 жылдары: «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС Бас директорының экономика жөніндегі орынбасары.
- 2017 жылғы желтоқсан: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.
- 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2017 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- «Батумский мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің төрағасы, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



ШЫҢҒЫС СЕЙСЕКЕНОВ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

1981 жылы 11 сәуірде туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Халықаралық экономикалық қатынастар, халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар. 2005 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің аспирантурасын «Қаржы, ақша айналымы және кредит» мамандығы бойынша бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар. 2019 жылы Нью-Йорк университетінің Леонард Н. Штерн атындағы бизнес мектебін, Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебін және Париждің НЕС жоғары коммерциялық мектебін бітірді. Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA) дәрежесі бар.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 2002 жылы «Стандарт Ойл Снаб» ЖШС менеджери болып бастаған. Әр жылдары «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-да, «Аките» ЖШС-да, «Спецконтракт» ЖШС-да, «МұнайТас» ЖШС-да, «Kazakhstan Petrochemical Industries» ЖШС-да, «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС-да, «Орталық» өндіруші кәсіпорны» ЖШС-да жұмыс істеді.
- 2016–2017 жылдары: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары.
- 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2016 жылғы 24 қазаннан бастап 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.

- «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Petrotrans Limited» Директорлар жиналысының мүшесі, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары

Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп

Акционерлердің жалпы жиналысы

Директорлар кеңесі

Басқарма және оның қызметі

Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі

Тәуекелдерді басқару

Ішкі аудит

Сыртқы аудит

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Корпоративтік этика

Мүдделер қақтығысын басқару

Омбудсмен институты

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



ШАРА ӘДІЛОВА

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

1978 жылы 30 қарашада туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Массачусетс университетін «Бухгалтерлік есеп және қаржы» мамандығы бойынша бітірді. Массачусетс университетінің іскерлік әкімшілік жүргізу магистрі (MBA) дәрежесі бар. 2009 жылы халықаралық басқару мектебін бітірді, экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі (PhD) берілген.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 1999 жылы «Стандарт Ойл Снаб» ЖШС менеджерінің көмекшісі болып бастады. Әр жылдары BISS ltd, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-да, «ҚазМұнайГаз» — қайта өңдеу және маркетинг» АҚ-да, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да жұмыс істеді.
- 2016-2017 жылдары: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының корпоративтік даму және активтер жөніндегі орынбасары.
- 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2016 жылғы 24 қазаннан бастап 2022 жылғы 28 ақпанға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі, «Petrotrans Limited» Директорлар жиналысының мүшесі, «МұнайТас» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



ДАНИЯР МҰХАМЕД-РАХИМ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

1981 жылы 29 қыркүйекте туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

Қазақ гуманитарлық заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша, Т.Рысқұлов атындағы Қазақстан экономикалық университетін «Экономика» мамандығы бойынша, Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген, экономика магистрі дәрежесі, «Жобалар мен бағдарламаларды басқару» мамандығы бар.

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 2002 жылы республиканың қаржы полициясы агенттігінің Алматы қаласы бойынша қаржы полициясы департаментінің инспекторы, аға инспекторы болып бастады. Әр жылдары «ҚазМұнайГаз — Сервис» ЖШС-да, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ-та, «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік сату дирекциясы — филиалы, «Kazakhstan Petrochemical Industries» АҚ, «ҚазМұнайГаз — қайта өңдеу және маркетинг» АҚ және т. б. жұмыс істеді.
- 2017-2018 жж.: «Батуми теңіз порты» ЖШС Бас директоры.
- 2018 жылғы тамыздан бастап: «ҚазТрансОйл» ҰТО» АҚ филиалы директорының орынбасары.
- 2019 жылғы қарашадан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ адами ресурстарды басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры.
- 2020 жылғы 1 шілдеден бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары.
- 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 28 қаңтарға дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі.

- Басқа ұйымдардың басқару органдарының құрамына кірмейді.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компания акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.



ЖАЙДАРМАН ИСАҚОВ

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

1965 жылы 29 қазанда туған.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Білімі:

С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі — заңгер. 2003 жылы Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясында білім алды, мамандану тақырыбы «Мұнай-газ саласының заңгері».

Жұмыс тәжірибесі:

- Еңбек жолын 1989 жылы КСРО Қорғаныс министрлігі Сауда Басқармасының № 456 сауда-дайындау базасының заң кеңесшісі болып бастады. Әр жылдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ-да, «Мұнай және газ көлігі» ҰК ЖАҚ-да және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да жұмыс істеді.
- 2014-2017 жылдары: «ҚазТрансОйл» АҚ Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры.
- 2018 жылғы 3 қаңтардан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарушы директоры
- 2020 жылғы 8 маусымнан бастап: «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының орынбасары
- 2003 ж. 12 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін: «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының мүшесі.

- «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Байқаушы кеңесінің мүшесі.
- Компанияның және ЕББҰ акцияларына иелік етпейді.
- Компания жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.
- Компанияның акцияларымен мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 қаңтардағы шешіміне сәйкес Димаш Досановтың «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы шешіміне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелері Шыңғыс Сейсененов пен Данияр Мұхамед-Рахимнің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2022 жылғы 28 ақпанда Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 ақпандағы шешіміне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелері Шара Әділова мен Ален Таңатаровтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Компанияның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2022 жылғы 23 ақпаннан бастап Талғат Құрманбаев «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып сайланды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 4 наурыздағы шешіміне сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшесі Ерболат Меңдібаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

2021 жыл ішінде Компания Басқармасы 33 бетпе-бет отырыс өткізді. Сырттай нысанда отырыстар өткізілген жоқ.

Компанияның Басқармасы барлығы 182 мәселе бойынша шешім қабылдады, 167 тапсырма берілді, бұл ретте 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындалмаған тапсырмалар жоқ. Басқарма жұмысының нәтижелері бойынша 74 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына, 6 мәселе Компания Акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына шығарылды.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП


Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫНДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ САНЫ, ДАНА



Өткізілген отырыстар шеңберінде өзге де мәселелер қаралды және мынадай түйінді бағыттар бойынша шешімдер қабылданды:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020-2024 жылдарға арналған Бизнес-жоспарының негізгі құралдардың қайта бағаланған құны бойынша 2020 жылғы бюджет бөлігінде іске асырылуы туралы есепті мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 1-2-3 деңгейдегі «қалай болады» бизнес-процестерінің карталарын және «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы өзгерістерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық есебін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің 2022 жылға арналған корпоративтік негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің 2020 жылғы нақты мәні мен қорытынды нәтижелілігі бар корпоративтік негізгі көрсеткіштерін бекіту.

2021 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУ

БАСҚАРМА МҮШЕСІ	ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУ		ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДА БОЛУ КЕЗЕҢІ
	ҚАТЫСҚАН ОТЫРЫСТАР САНЫ	ҚАТЫСҚАН ОТЫРЫСТАР ПРОЦЕНТІ	
Димаш Досанов	26 / 33	79%	01.01.2021 — 31.12.2021
Сабит Арынов	25 / 33	76%	01.01.2021 — 31.12.2021
Ерболат Меңдібаев	22 / 33	67%	01.01.2021 — 31.12.2021
Ален Таңатаров	28 / 33	85%	01.01.2021 — 31.12.2021
Жайық Махин	26 / 33	79%	01.01.2021 — 31.12.2021
Шыңғыс Сейсененов	23 / 33	70%	01.01.2021 — 31.12.2021
Шара Әділова	28 / 33	85%	01.01.2021 — 31.12.2021
Данияр Мұхамед-Рахим	31 / 33	94%	01.01.2021 — 31.12.2021
Жайдарман Исақов	31 / 33	94%	01.01.2021 — 31.12.2021

ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігі мен шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- ЕББҰ жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін мақұлдау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспарларының негізгі құралдардың қайта бағаланған және тарихи құны бойынша жобаларын мақұлдау;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасу.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2020 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есепті қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша 2020 жылғы 4-тоқсан және 2021 жылғы 1-3-тоқсан үшін тоқсан сайынғы есептерін алдын ала қарау;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның ЕББҰ 2022 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелерін алдын ала қарау.

ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Компанияның тәуекелдерді басқару мәселелерін алдын ала қарау мақсатында Басқарма жанында консультативтік-кеңесші орган — Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді. Тәуекелдер жөніндегі комитеттің функционалы Компанияның және оның ЕББҰ тәуекелдерін басқарумен байланысты мәселелерді жан-жақты

пысықтауды және басқарманың салмақты басқару шешімдерін қабылдауына ықпал ететін ұсынымдарды дайындауды қамтиды.

Тәуекелдер жөніндегі комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, компанияның Жарғысын, корпоративтік

басқару кодексін, «ҚазТрансОйл» АҚ Тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ережені және Компанияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- Компанияның тәуекелдерін басқару саласында шешім қабылдау кезінде Компанияның Басқармасына жәрдемдесу;
- Компанияның тәуекелдерін тиімді басқаруды ұйымдастыру және қолдау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау;
- Компанияның тәуекелдерін анықтауға, өлшеуге, қадағалауға және бақылауға арналған процестерді дамыту;

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Компанияда жұмыс істейтін Басқарма мүшелеріне сыйақы беру тәсілі біліктілігі жоғары басқарушыларды тарту мен ұстап қалуға және олардың Компания алдында тұрған міндеттерді тиімді орындауға материалдық мүдделілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Компанияның Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру тәртібі «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ережеде, «ҚазТрансОйл» АҚ басшы және басқарушы жұмыскерлері, корпоративтік хатшысы қызметінің тиімділігін бағалау қағидаларында, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ басшы және басқарушы жұмыскерлерге, ішкі аудит қызметінің басшысына және корпоративтік хатшысына сыйақы төлеу қағидаларында айқындалған.

Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі жалақының тұрақты бөлігін және бір жылғы

- Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі жұмысын үйлестіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы бас директор (Басқарма төрағасы) болып табылады.

Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстары Компания Басқармасы бекіткен Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Компания Басқармасының 2021 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен бекітілген Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, есептік кезеңде Тәуекелдер жөніндегі комитет 5 жоспарлы отырыс өткізді, онда:

- «ҚазТрансОйл» АҚ мен ЕББҰ өндірістік және өндірістік емес тәуекелдері бойынша 2020 жылғы 4-тоқсан және 2021 жылғы 1-3-тоқсан үшін тоқсан сайынғы есептері қаралды және келісілді;
- «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ бас директорының «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ның өндірістік/өндірістік емес тәуекелдерінің деңгейін төмендету бойынша 2020 жылғы қабылданған шаралар мен өткізілген іс-шаралар туралы есебі қаралды;
- «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның ЕББҰ 2022 жылға арналған өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері қаралды және келісілді.

жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны қамтиды.

2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма мүшелеріне жалпы сомасы 610 336 мың теңге сыйақы есептелді.

«ҚазТрансОйл» АҚ басшы жұмыскерлеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Компанияның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін «ҚазТрансОйл» АҚ бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақша қаражаты шегінде төленеді.

Бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу үшін негізгі шарттар мыналар болып табылады:

- есептік жылдағы шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы;
- жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы төлеу үшін уәждемелік ҚНҚ орындау;

- жұмыскердің атқарушылық және еңбек тәртібін сақтауы.

Басшы жұмыскерлердің қызметін бағалау кезінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚазТрансОйл» АҚ стратегиялық мақсаттарын каскадтау арқылы әзірленетін корпоративтік және функционалдық ҚНҚ-ны қамтитын уәждемелік ҚНҚ қолданылады.

Басшы жұмыскердің бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері есептік кезеңдегі нақты жұмыс істелген уақыт үшін басшы жұмыскердің лауазымдық айлықақысының жылдық үш еселенген сомасынан аспауға тиіс.

Басшы жұмыскерлердің ҚНҚ нақты орындалуын деректерді келісу мен тексерудің белгіленген рәсімдерін ескере отырып, Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығысын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ҚЫЗМЕТІ



Корпоративтік хатшы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына, корпоративтік басқару кодексін, «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы туралы ережесіне, Компанияның өзге ішкі құжаттарына, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы мен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшы өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін жеткілікті білімге, тәжірибеге және біліктілікке, мінсіз беделге ие және акционерлердің сеніміне ие.

Компанияның корпоративтік хатшысы өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді және бағынады. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

- Компанияның органдары мен лауазымды тұлғаларының корпоративтік басқару нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы саясат пен практиканы жетілдіру;
- Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
- Акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізуді қамтамасыз ету;

- маңызды ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қолдау;
- Компания мен акционерлер арасында, сондай-ақ Компания органдары арасында нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

2021 жылғы 2 шілдеден бастап «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Шманов Айрат Махамбетұлы үш жыл өкілеттік мерзімімен «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы болып тағайындалды.

Компанияның корпоративтік хатшысының міндеттері, функциялары, құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік хатшысы туралы ережеде бекітілген.

Корпоративтік хатшы туралы ережемен Компанияның интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ



БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

Тәуекелдерді басқару «ҚазТрансОйл» АҚ-ның стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылығын қолдау процесінде маңызды рөл атқарады. Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі сыртқы және ішкі мәнімәнді ескере отырып әзірленген және тәуекелдерді басқару жөніндегі халықаралық стандарттарда баяндалған қағидаттарға сәйкес келеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) ұйымдастырылған және жұмыс істейді, ол қойылған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудегі сенімділікті қамтамасыз етуге және тәуекелдердің компания қызметіне әсерін шектеуге бағытталған. ТБКЖ барлық маңызды тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және мониторингілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шараларды қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару мынадай басқару элементтерін қамтиды:

- Директорлар кеңесінің тәуекелдерді бақылауы және тәуекел мәдениетін құру;


- Қызметті тұрақты талдау және тәуекел шығын анықтау;
- Тәуекелдерді сәйкестендіру және тәуекелдерге ден қою шараларын іске асыру;
- Қызметтегі өзгерістерді бағалау, тәуекелдер мониторингі және іс-шараларды орындау;
- Ақпараттық технологияларды пайдалану және тәуекелдер, мәдениет және тиімділік туралы есеп беру.

Компанияда тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру үздіксіз ағым мен ақпарат алмасуды, сондай-ақ басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

«Жоғарыдан төмен қарай» вертикаль бойынша берілетін ақпарат стратегиялық мақсаттарды, тәуекел шығының деңгейін және тәуекелдерді басқару тәсілдерін тәуекел иелеріне жеткізуге ықпал етеді. «Төменнен жоғарыға қарай» берілетін ақпарат ағыны Компания басшылығына Компанияның анықталған тәуекелдерінің жай-күйі, оларды іске асырудың ықтималдығы мен әсерін бағалаудағы өзгерістер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалу мәртебесі туралы уақтылы және дұрыс мәліметтерді ұсынады.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ



ТБКЖ жұмысын реттейтін негізгі ішкі құжат «ҚазТрансОйл» АҚ-ның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі жөніндегі саясаты болып табылады, оның әрекеті Компания мен ЕББҰ қызметінің барлық түрлеріне қолданылады. Компанияда тәуекелдерді басқару процесін регламенттейтін құжаттардың бірыңғай әдіснамалық базасы пайдаланылады, оның ішінде:

- «ҚазТрансОйл» АҚ-да өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру қағидалары;

- «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі.

«ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер туралы жоғары деңгейде хабардар болуға және барлық жұмыскерлердің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуына негізделген тәуекелге бағдарланған мәдениетті дамытуға ерекше көңіл бөледі. Шешім қабылдау кезінде Компанияның лауазымды тұлғалары тәуекелдердің тиісінше қаралуын қамтамасыз етеді.

Жұмысқа қабылдау кезінде барлық жұмыскерлер «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бойынша саясатта баяндалған ТБКЖ ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары бойынша нұсқаулықтан өтеді. ТБКЖ жөніндегі саясаттың, ІБЖ регламентінің, мақсаттар мен міндеттердің, тәуекелдерді басқару қағидаттарының және тәуекелдер жөніндегі терминологияның негізгі талаптары Компания жұмыскерлерін аттестаттаудан өткізу кезінде, сондай-ақ белгілі бір лауазымдарды жұмысқа қабылдау кезінде тестілеудің жалпы сұрақтарының тізбесіне енгізілген.

ТБКЖ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің (ТБКЖ) тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау бөлігінде Компанияның Директорлар кеңесі маңызды рөл атқарады. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін Компания Басқармасы жауапты болады. Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін құру мен қадағалауда Басқармаға есеп беретін Тәуекелдер жөніндегі комитет маңызды рөл атқарады.


Тәуекелдерді басқару процесін үйлестіруді және тұрақты әдіснамалық қолдауды бизнес-процестерді және тәуекелдерді басқару департаменті жүзеге асырады. Департа-

мент Компанияның ОҚБ және ЕББҰ тәуекелдерін бағалау, талдау және сәйкестендіру мәселелері бойынша тұрақты консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсетеді.

Компанияның орталық аппаратының, ОҚБ және ЕББҰ жұмыскерлері тәуекелдерді басқару процесіне белсенді түрде тартылған. Компанияның орталық аппаратының әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел-үйлестіруші — құрылымдық бөлімшенің тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметін ұйымдастыруға және үйлестіруге және бизнес-процестер мен тәуекелдерді басқару департаментімен өзара іс-қимыл жасауға жауапты маман тағайындалды. Компанияның ОҚБ және

ЕББҰ-да тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты тәуекел-менеджерлер тағайындалды. 2021 жылы тәуекелдер бойынша оқудан өту қажеттілігін анықтау үшін компанияның ТБКЖ саласындағы тәуекел-үйлестірушілерін жыл сайын автоматтандырылған корпоративтік тестілеу өткізілді.

КОМПАНИЯНЫҢ ТБКЖ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығысын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



ТӘУЕКЕЛДЕР ТІРКЕЛІМІ ЖӘНЕ КАРТАСЫ

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау әдістемесі, «ҚазТрансОйл» АҚ-да тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау негізінде, сондай-ақ тәуекелдердің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Бірыңғай сыныптауышына сәйкес жүргізіледі.

Компанияның барлық тәуекелдері 2 тіркелімге — тиісті тәуекел факторлары болып табылатын өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер саласына жатқызылған. Тәуекелдер тәуекел туындаған кезде пайда болу ықтималдығы мен әсерін ескеретін сапалық және сандық құралдардың көмегімен бағаланады. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар әзірленеді. Тәуекелдерді басқару жөніндегі әдістер мен шараларға қатысты ұсыныстарды тәуекелдердің/тәуекел

факторларының иелері ұсынады және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

Таңдау ең қолайлы опциялар ескере отырып жүргізіледі:


1. заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестігі тұрғысынан;
2. Даму стратегиясына, бизнес-жоспарға және Компанияның басқа да жоспарларына сәйкестігі;
3. белгілі бір әдіске байланысты шығындарды оны пайдалануға әкелетін артықшылықтармен және басқа да тікелей және жанама шығындармен теңдестіру;
4. қажетті ресурстардың болуы.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның ЕББҰ-ның өндірістік тәуекелдер саласының тіркелімі мен картасы 2021 жылға арналған өндірістік мақсаттарға қол жеткізуге олардың болжамды әсері тұрғысынан компания үшін сыни


болып табылмайтын 37 өндірістік тәуекел-фактордан тұрады. Оның ішінде 11 ішкі тәуекел-факторлар бойынша өндірістік процестер бойынша инциденттер/істен шығулар статистикасының қорытындылары бойынша төмендеу жағына жиілікке (ықтималдыққа) қайта бағалау жүргізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ мен оның ЕББҰ-ның өндірістік емес тәуекелдер саласының тіркелімі мен картасы 42 өндірістік емес тәуекел-фактордан, оның ішінде Компанияның 2021 жылға арналған өндірістік емес мақсаттарына қол жеткізуге олардың болжамды әсер ету жоспарында 5 сындарлы фактордан тұрады. Есепті кезең ішінде «№300» 1 тәуекел-факторы қосылды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген өндірістік көрсеткіштердің РТЛ нақты орындалмауына байланысты қызметтерге/өнімге сұраныстың төмендеуі (РТЛ).

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДЕР САЛАСЫНЫҢ КАРТАСЫ



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР ОБЛЫСЫНЫҢ КАРТАСЫ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Тәуекелді оқиғаларды іске асыру ықтималдығын төмендету мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ ОҚБ және ЕББҰ басшылары 2021 жыл ішінде ескерту сипатындағы қажетті іс-шараларды орындады. Компания сондай-ақ ықтимал қаржылық шығындарды азайту мақсатында іске асырылған тәуекелдерге түзету әрекеттерінің тиісті іс-шараларын қабылдады.

2021 жылы Компанияның тәуекелдерді басқару бойынша барлық жоспарланған жұмысы, оның ішінде негізгі тәуекелдер үшін толық көлемде орындалды. Негізгі тәуекелдерге 3 баллдан жоғары залалдың әсері бар тәуекелдер жатады, бұл «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдер картасындағы қызыл және сары шекара облысындағы тәуекелдерге тән.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

01.

ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДЕР



«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМНІҢ САҚТАЛМАУЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

30. Персоналдың дұрыс емес/жөнсіз әрекеттері

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Негізгі іс-шаралар:

- Компанияның ММҚ қауіпсіз пайдаланудың технологиялық регламентін уақтылы жаңарту;
- Компанияның ММҚ технологиялық учаскелері бойынша оңтайлы технологиялық режимдерді уақтылы әзірлеу және ұсыну;
- ISO 50001: 2018 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне Компанияның ИМЖ ішкі аудиті.

Күнделікті іс-шаралар:

- «Қорғау» карталарын қолдану;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және өндірістік бақылау саласындағы ішкі бақылау;
- ҚМБ және жүргізу қауіпсіздігін жүргізу.

Жыл сайынғы іс-шаралар:

- тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиясы мүшелерінің қатарынан ОҚБ басшылары мен мамандарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруді жүргізу.

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- оқиғаларды тергеуге қатысу;
- жұмыскерлердің дұрыс емес/жөнсіз әрекеттеріне байланысты «Оқиғаға шолуды» Компанияның барлық жұмыскерлеріне тарату және жеткізу;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық бағдарламаларын қайта қарау және келісу;
- қауіпсіздік бойынша минуттарды өткізу бойынша тақырыптар жинағын жаңарту.



«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМНІҢ САҚТАЛМАУЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

121. Сыртқы электрмен жабдықтауды берудегі іркілістер

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Техникалық қызмет көрсету және техникалық жөндеу нормалары мен кестелеріне сәйкес тұрақты іс-шаралар:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылауды және ММҚ объектілерінде өндірістік бақылауды тұрақты негізде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрамында белгіленген мерзімде қамтамасыз ету;
- ММҚ қауіпсіз және апатсыз пайдалануды қамтамасыз ететін айдаудың оңтайлы технологиялық режимін қамтамасыз ету;
- ММҚ және МАС жұмыс режимдерін автоматты реттеу, барлық техникалық жабдықтың шекті рұқсат етілген параметрлерден асуынан автоматты қорғанысын бақылау;
- тәуекелді оқиғалардың (инциденттердің, ақаулардың) іске асырылуына қарай энергия беруші ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

Жыл сайынғы іс-шаралар:

- энергетикалық жабдыққа ТҚЖЖ бойынша қажетті шарттар жасасу.



«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМНІҢ САҚТАЛМАУЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

129. Табиғи әсерлер, катаклизмдер

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- ММҚ сенімділігін қамтамасыз ету бойынша ҰТІ, көктемгі су тасқыны кезеңінде магистральдық құбыр объектілерін жұмысқа дайындау бойынша ҰТІ, күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа өндірістік объектілерді дайындау бойынша ҰТІ жоспарларын әзірлеу;
- құрылыстардың, құбырлар мен жабдықтардың техникалық жай-күйін диагностикалау бойынша жоспарланған жұмыс көлемін жүргізу;
- мүлікті зияннан ерікті сақтандыру бойынша шарттар жасасу.



«ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМНІҢ САҚТАЛМАУЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

137. Компанияның қызметіне әсер ететін акционерлер (қатысушылар) тарапынан шешімдер қабылдау («ҚҚҚ» ЖШС)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

2021 жылға арналған ММҚ пайдалануға шарт жасасу.

02.

ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

162. Бекітілген жоспарлар сапасының төмендігі(Инвестициялық бағдарламаны дұрыс жоспарламау)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Жүйелі іс-шаралар:

- үкелетті органдарға бекітілген инвестициялық бағдарламаны түзету туралы өтініш беру;
- инвестициялық бағдарлама іс-шараларының толық орындалуын қамтамасыз етуді бақылау.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

415. Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының 2-кезеңінің 2-кезеңі. Мұнай өнімділігін жылына 20 млн тоннаға дейін арттыру («МұнайТас» ЖШС, «ҚҚҚ» ЖШС)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- мердігердің есепке барлық қажетті ақпаратты қоса отырып, есепті кезеңде атқарылған жұмыс туралы есеп беру;
- құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау кезінде бекітілген жобалық шешімдердің сақталуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ тәуелсіз техникалық инспекторлардың қауіпсіздік қағидаларын сақтауына мониторинг жүргізу;
- тұрақсыздық айыбын қолдану, мердігер ұсынған ЕРС-2 келісімшарт талаптарына сәйкес банктік кепілдіктерді пайдалану;
- авторлық қадағалау өкілінің базалық жобада қабылданған шешімдерге сәйкестігі тұрғысынан инженерлік-техникалық құжаттаманы қарауы. Сәйкес келмеген жағдайда мердігер қажетті негіздемелерді ұсынады.



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

216. Өндірістік өнімді дұрыс есепке алмау (БМТ)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Ай сайынғы іс-шаралар:

- мұнай өнімдерінің қалдықтарына түгендеу жүргізу және мұнай өнімдерінің қалдықтары бойынша клиенттермен салыстыру;
- Грузия Қаржы министрлігінің Кірістер қызметі порталынан қалдықтар бойынша ақпаратты түсіру жолымен кірістер қызметінің кеден департаментінде көрсетілген қалдықтармен мұнай өнімдерінің қалдықтарын салыстырып тексеруді жүргізу;
- анықталған кедендік құқық бұзушылықтар нәтижесінде негізгі салық сомасын төлеу бойынша контрагенттермен жұмыс жүргізу;
- құрылған қаржылық есептік резервтеріндегі түгендеу нәтижелері бойынша ықтимал шығындар сомасын көрсету;
- Грузия салық кодексіне сәйкес шағым беру мақсатында құқыққа сыйымсыз есептелген салықтар мен айыппұлдарға шағымдану бойынша жұмыс жүргізу.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

02.

ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

353. Сот талап-арыздары (БМТ)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- шарттарға құқықтық сараптама жүргізу;
- талап-арыз жұмысын жүргізуді жалғастыру;
- ескерту сипатындағы іс-шараларды өткізу (шарттардың талаптарын ресімдеу және орындау бойынша мониторингті күшейту);
- дауларды бейбіт жолмен реттеу бойынша контрагенттермен келіссөздер.



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

360. «Жеткізілімдердің нәзік тізбегі»

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- ағымдағы жөндеу жоспарлары және күрделі салымдар (КСЛ) бойынша жұмыстардың орындалуын бақылау бойынша жұмыстарды жүргізу;
- шарттарды уақытылы жасау және ағымдағы жөндеу және КСЛ жоспарын орындау үшін жұмыс кестесіне бақылау және мониторинг жүргізу;
- шарттық міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану, сондай-ақ өнім берушінің кепілдік міндеттемелері шеңберінде ақаулы тауарды ауыстыру.

Жыл сайын және қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:

- ағымдағы жөндеу және КСЛ бойынша мердігерлік шартын уақтылы жасасу;
- мердігерлерге Объектідегі жұмыстарды жеделдетуге және оларды шарт талаптарына сәйкес мерзімде уақтылы тапсыруға бағытталған шараларды қабылдау қажеттілігі туралы хаттарды жолдау;
- Компанияның Бюджет комиссиясының отырысында КСЛ жоспарын түзету үшін өтінімдерді уақтылы беруді жүзеге асыру;
- игерілмеген қаражатты 2022 жылға көшіруге байланысты 2021 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаны түзету бойынша жұмыс жүргізу.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

292. Стратегиялық серіктестердің қарым-қатынас талаптарын орындамауы (Қызметтерді тұтынушылар тарапынан шарттық міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетуге арналған шарттардың талаптарына сәйкес тасымалданатын мұнайдың сапасына тұрақты бақылау жүргізу;
- жылдық өтінімдерді қалыптастыру кезінде барлық қажетті аспаптар мен реактивтерді есепке алу;
- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен жұмыс жүргізу.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

300. Қызметтерге/өнімдерге сұраныстың төмендеуі (PTL)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- магистральдық мұнай құбырлары мен магистральдық су құбырлары меншік иелерінің келіссөздер мен техникалық кеңестер өткізуі;
- бюджетті келісу және белгіленген мерзімде шарттар жасасу бойынша барлық корпоративтік рәсімдерді жүзеге асыру.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

301. Мұнай жеткізуді төмендету немесе тоқтату

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- стратегиялық серіктестермен негізгі қызмет бойынша қызмет көрсетуге ұзақ мерзімді шарттар жасасу;
 - мұнайдың қосымша көлемдерін тарту үшін жағдайлар жасау.
- Қажеттілігіне қарай өткізілетін іс-шаралар:**
- мұнай тасымалдаудың балама бағыттарын пайдалану.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

306. Дебиторлық берешекті қайтармау (БМТ)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- топтың дебиторлық берешегін талап ету бойынша жұмысты жалғастыру;
- проблемалық дебиторлық берешек бойынша талап-арыз жұмыстарын жүргізу;
- алдыңғы және есепті кезеңдердің шығыстарында көрсетілген барлық мерзімі өткен дебиторлық берешектер бойынша резервтер құру.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

312-1. Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның шешімдер қабылдауы

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Компанияның құрылымдық бөлімшелерімен тұрақты жұмыс жүргізу, сондай-ақ қажеттілігіне қарай уәкілетті органдармен жұмыс жүргізу.



«КІРІСТЕРДІҢ АЗАЮЫ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

312-1. Тарифтік реттеу саласындағы уәкілетті органның («Магистральдық Суағызғы» ЖШС) шешімдер қабылдауы

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Жүйелі іс-шаралар:

- тарифтік сметаның орындалуы бойынша ай сайынғы мониторинг жүргізу;
- инвестициялық бағдарламаны және тарифтік сметаны бекітуге өтінімді уақтылы беру.



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

261. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтамау

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Жүйелі іс-шаралар:

- қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларын уақтылы әзірлеу (түзету), мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларын алу;
- мәлімделген көлемде эмиссияға рұқсатты уақтылы алуды қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттердің сақталуын бақылау;
- жасалған шартқа сәйкес өндірістік экологиялық бақылау жүргізу;
- міндетті экологиялық сақтандыру;
- жасалған шарттарға сәйкес қоймалаудың белгіленген орындарында қатты тұрмыстық қалдықтар мен өндіріс қалдықтарын шығару, орналастыру және кәдеге жарату;
- жасалған шарттарға сәйкес ағынды суларды шығару және қабылдау;
- жасалған шартқа сәйкес квоталар алу үшін құжаттарды верификациялау (квоталау субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептерге верификация жүргізу);
- нормативтік экологиялық төлемдерді жүзеге асыру.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

02.

ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

310. Үшінші тұлғалар тарапынан қасақана құқыққа қарсы іс-әрекеттер

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Жүйелі іс-шаралар:

- күзет ұйымының Компания объектілерін күзету бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт шеңберінде ойылып-түйілген жерлердің пайда болуы және мұнайды санкцияланбаған іріктеу үшін жауапкершілігін бекіту;
- облыстың ішкі істер департаменті, «KMG-Security» ЖШС және мұнай құбыры басқармалары арасындағы күзет ұйымымен, құқық қорғау органдарымен және компания нысандарындағы қылмыстық ойларға, мұнай және тауар-материалдық қорларды ұрлауға қарсы іс-қимыл бойынша ұйымдастырушылық-профилактикалық іс-шаралар жоспарын / ынтымақтас-тық және өзара іс-қимыл туралы меморандумдарды әзірлеу.
- ММҚ күзетінің техникалық жүйелері мен құралдарын енгізу және пайдалану;
- Қазақстан Республикасының заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысына қатысу;
- Компания активтерін физикалық қорғаудың тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз ету (объектілерді техникалық нығайту, контрагенттердің сапалы күзет қызметтерін көрсетуі);
- Компания объектілерін қорғау мәселелері бойынша Компанияның ішкі құжаттарын әзірлеу/жаңарту.



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

317. Табиғи әсерлер, апаттар (соның ішінде COVID-19 коронавирус пандемиясы)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Жүйелі іс-шаралар:

- Компанияда COVID-19 короновирустық инфекциясы ауруларының алдын алу және таратпау бойынша КАБК отырыстарын өткізу;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген COVID-19 алдын алу жөніндегі жадынамаларды, постерлер мен бейнематериалдарды Компанияның ішкі арналары арқылы жариялау. Барлық материалдар Компанияның корпоративтік порталында, «COVID-19 мәртебесі» бөлімінде орналастырылған;
- барлық ОҚБ-ны ЖҚҚ қажетті қорларымен және жұмыскерлер үшін дезинфекциялау құралдарымен толық қамтамасыз ету;
- тиісті бұйрықтармен шектеулер енгізу.



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

324. Корпоративтік желіге сырттан рұқсатсыз кіру

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Тұрақты іс-шаралар:

- вирусқа қарсы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану;
- бағдарламалық жасақтама базасының жаңартуларын уақтылы орнату;
- брандмауэрді пайдалану;
- техникалық қолдауға уақтылы шарт жасасу;
- антивирустық базалардың автоматты жаңартылуын қосу;
- басып кіруді болдырмау жүйелері мен желіаралық экрандарды пайдалану;
- Орталық аппарат жұмыскерлері жеке құрамының қозғалысы туралы есеп негізінде өкілеттіктерге сәйкес пайдаланушылар құқықтарының мониторингін жүзеге асыру;
- бағдарламалық/жүйелік тәсілмен парольдердің күрделілігін бақылау;
- Компания жұмыскерлерінің құпиясөздерді пайдалану және құпиясөздер туралы ақпаратты қорғау жөніндегі саясатты сақтауын тұрақты бақылау;
- шабуылдарға төзімді аутентификация құралдарын пайдалану;
- Компания ресурстарына қол жеткізу бойынша ағымдағы пайдаланушы өкілеттіктерімен Компания жұмыскерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы мәліметтердің сәйкестігін бақылау.



«ШЫҒЫСТАРДЫҢ ӨСУІ» ТӘУЕКЕЛІ

Тәуекел факторы

352. Салықтық тексерулер жүргізу кезінде салық органдарының салық заңнамасын түсіндіруі (БМТ)

Тәуекелді төмендету мақсатында 2021 ж. орындалған іс-шаралар

Есептелген салықтар мен айыппұлдарға шағымдану бойынша жұмысты жалғастыру. Салық есептілігінің дұрыс жасалуына және оның Қазақстан Республикасының салық органдарына уақтылы ұсынылуына тұрақты бақылау жүргізу. Сондай-ақ салық заңнамасының талаптарына мониторинг және талдау жүргізу.

ТБЖ АҚПАРАТ АЛМАСУ АРНАЛАРЫ

Тігінен «Жоғарыдан төменге» вертикаль бойынша берілетін ақпарат стратегиялық мақсаттарды, тәуекел шыңының деңгейін және тәуекелдерді басқару тәсілдерін тәуекел иелеріне жеткізуге ықпал етеді. «Төменнен жоғары» ақпарат ағыны Компания басшылығына Компанияның анықталған тәуекелдерінің жай-күйі, оларды іске асырудың ықтималдығы мен әсерін бағалаудағы өзгерістер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалу мәртебесі туралы уақтылы және сенімді мәліметтерді ұсынады.

Компанияда қолданылатын тәуекелдер бойынша есептілік жүйесі ТБЖ-ның жұмыс істеуін қолдайды және теңгерімді басқарушылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Компанияның тәуекелдер серпіні туралы тоқсан сайынғы есептілік Тәуекелдер жөніндегі комитетке, Басқармаға және Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Іске асырылған тәуекелдер туралы деректерді есепке алу және одан әрі талдау мақсатында Компанияда корпоративтік порталда іске асырылған тәуекелді оқиғалар бойынша бірыңғай электрондық дерекқор бар. Электрондық базаны жүргізу тәуекелдер мен тәуекел-факторларға сандық бағалау жүргізу, сондай-ақ тәуекелдер туралы талдамалық есептілікті дайындау үшін қажетті статистиканы жинақтауға ықпал етеді.

ТБЖ ТИІМДІЛІГІНІҢ МОНИТОРИНГІ

Есепті кезең ішінде өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің және оларға тән тиісті тәуекел-факторлардың жай-күйіне, оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг, сондай-ақ іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша электрондық дерекқорда іске асырылған тәуекелдерді есепке алу және Компания басшылығының қарауы үшін тоқсан сайынғы есептілікті дайындау жүзеге асырылды.

Мониторинг нәтижелері бойынша жоспарланып отырған немесе іске асырылып жатқан іс-шаралар түзетілді, не қосымша әзірленді.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ мыналар:

- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ контрагент-банктеріне арналған лимиттерді белгілеудің жаңадан әзірленген әдістемесін ескере отырып, қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша;
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі саясатын ескере отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің үздіксіздігі жүйесін басқару регламентін әзірлеу бойынша жұмыстарды жүргізуді жалғастырады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

ІШКІ АУДИТ



Компанияның Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару рәсімдерін жетілдіруде жүйелік рәсімдерді енгізу арқылы Компанияның тиісті басшылығын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Ішкі аудит қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның Жарғысын, сондай-ақ мынадай ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да ішкі аудит қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқама.

Халықаралық ішкі аудит кәсіптік стандарттарының (IIA) және Ішкі аудиторлар институты әзірлеген Этика кодексінің және базалық қағидаттары Ішкі аудит қызметінің негізіне алынады.

2021 жылы Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 7 аудиторлық тексеру жүргізілді. Атап айтқанда, БМТ, БМП және

«МұнайТас» ЖШС-да өндірістік, операциялық, қаржылық процестердің кешенді аудиттері орындалды. Бұдан басқа, Компанияда қазынашылық операцияларды жүзеге асыру процесіне аудит, Компанияда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету процесіне аудит, Компанияда операторлық қызметтерді көрсету процесіне аудит, сондай-ақ Компанияда күрделі құрылыс және күрделі жөндеу процесіне аудит жүргізілді.

2021 жылы ішкі аудит қызметі жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша барлығы 105 табу анықталып, 185 ұсыным берілді.

Ішкі аудит қызметі берген ұсынымдар бойынша аудит объектілері Табылған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

2022 жылы Ішкі аудит қызметінің жұмысы аясында мыналар жоспарланды:

- Компания қызметінің негізгі бағыттары бойынша бизнес-процестердің, саясаттардың, рәсімдердің тиімділігіне бағалау жүргізу;
- Компанияның ішкі аудит қызметі және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ берген ұсынымдардың орындалуына мониторингті жүзеге асыру.

СЫРТҚЫ АУДИТ



Компания қаржылық есептіліктің дәйектілігін растау мақсатында тәуелсіз аудиторлық ұйымдарды тартады.

Компанияның сыртқы аудитормен өзара іс-қимылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатымен реттеледі. Осы Саясаттың мақсаты аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда), олардың таңдауы бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ аудиторларының аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

Аудиторлық ұйымды таңдау кезінде пайдаланылатын негізгі өлшем-шарттар: қызметтердің сапасы; қызметтер көрсетудің жеделдігі және уақтылығы; қызметтердің құны болып табылады.

Бұл ретте аудиторлық ұйым қызметтерінің сапасы мынадай факторлармен:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейімен;
- қазақстандық және халықаралық нарықта аудиторлық ұйым мамандарының жұмыс тәжірибесімен;
- мұнай-газ саласындағы аудиторлық ұйым мамандарының білімімен;

- Қазақстанда мамандандырылған техникалық қолдау тобының болуымен (экономиканың мұнай-газ секторында ХҚЕС-ке сәйкес есепке алу мәселелері бойынша сарапшылардың) немесе аудиторлық ұйымның осындай топты құру туралы міндеттемені ұсынуымен айқындалады.

2021 жылғы 12 қарашада Компанияның Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілігінің аудиті үшін ҚҚС-ны есептемегенде 252 442 000 теңге сомасында аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындады. 2022 жылғы 25 қаңтарда Компания Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны Компанияның 2022-2024 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым деп айқындау туралы шешім қабылданды.

Қаржылық есептілік аудиті қызметтері үшін аудиторлық ұйымға 2022, 2023 және 2024 жылдар үшін ҚҚС-ны ескере отырып төленетін жыл сайынғы сыйақының мөлшері тиісінше 90 573 280 теңгені, 94 197 600 теңгені, 97 964 160 теңгені құрайды.

Есепті кезеңде «Эрнст энд Янг» ЖШС қаржылық есептілік аудитіне байланысты емес консультациялық қызметтер көрсеткен жоқ.



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ



Компания өзінің күнделікті қызметінде ашық, адал және этикалық іскерлік мінез-құлық қағидаттарын басшылыққа алады, сондай-ақ кез келген көріністеріндегі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты анықтау мен қарсы тұру жөніндегі жүйелі жұмысты жүргізеді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру шеңберінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компания сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру, мүдделер қақтығыстарын болғызбау және рұқсат ету жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

2021 жылы Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты корпоративтік қауіпсіздік департаменті жүзеге асырды.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу регламенті;

- «ҚазТрансОйл» АҚ-да бұзушылықтардың туындау тәуекелін басқару саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында пайдаланылатын негізгі құралдар мен тетіктер мыналар болып табылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару;
- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау және кері байланыс арналарының жұмыс істеуі;
- Компанияның контрагенттермен шарттарының барлық нысандағына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімін енгізу (2019 жылдан бастап қолданылады);
- жұмыскерлер мен контрагенттерді хабардар ету;
- жұмыскерлердің Іскерлік этика кодексінің негізгі ережелерін білуіне тестілеу өткізу.

2021 жылғы 5 сәуір мен 2021 жылғы 11 мамыр аралығындағы кезеңде Компанияда 2019-2020 жылдар аралығындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді: мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсету, адами ресурстарды басқару, тауарларды, жұмыстар мен қызмет-

терді сатып алуды ұйымдастыру, мүдделер қақтығысын реттеу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау қорытындылары бойынша 2019 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде «ҚазТрансОйл» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспардың іс-шаралары бекітілген мерзімдерге сәйкес орындалады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компания осы Заңға сай лауазымға кандидаттар мен олардың жұбайларының кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынуы бойынша тұрақты негізде бақылауды жүзеге асырады.

2021 жылы бизнес жүргізудің жоғары этикалық стандарттарын ілгерілетуге және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісінде оны қабылдамауға бағытталған келесі іс-шаралар іске асырылды:

- 2021 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің өкілдері Компания басшылығы, жұмыскерлері, ОҚБ және ЕББҰ үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН АЛАЯҚТЫҚ ФАКТИСІ

Компания ішінде
сыбайлас

туралы заңнамадағы жаңашылдық және парасаттылық идеологиясын қалыптастыру» тақырыбында онлайн семинар өткізді.

- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша алдын алу іс-шараларын жүргізу мақсатында ОҚБ корпоративтік қауіпсіздік қызметтерінің мамандарымен селекторлық кеңестер өткізілді. Бұдан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлері комплаенс мәдениетін арттыру мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ селекторлық кеңесіне қатысты.

- 2021 жылы Компанияның комплаенс-бақылау қызметінің жұмыскерлерін халықаралық комплаенс стандарттарын енгізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізу саласында, сондай-ақ Компанияның корпоративтік қауіпсіздік департаменті мен Компанияның ОҚБ корпоративтік қауіпсіздік қызметтерінің жұмыскерлерін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамадағы жаңашылдық және парасаттылық идеологиясын қалыптастыру» тақырыбы бойынша оқыту жүргізілді.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Компанияда жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы хабардар-

лығын арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Осыған байланысты «ҚТО info» Компаниясының корпоративтік теледидар арнасы бойынша сыйлықтар беру және бүкіл Компанияда «Адалдық алаңы» жалпы республикалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобасын іске қосу бөлігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау туралы роликтер көрсетілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсында https://kaztransoil.kz /ru/ustoychivoe_razvitiye/protivodeystvie_korruptcii/ «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» арнайы бөлінген желісі туралы ақпарат орналастырылды — **5213@kaztransoil.kz**, сенім телефоны: **+ 7 (717) 255-52-10**.

Компания жұмыскерлерін «жедел желі» жұмысы туралы хабардар ету үшін әкімшілік ғимараттарда «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығының «жедел желі» байланысымен стендтер, постерлер орналастырылған.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар «жедел желіге» Компанияға түскен жоқ. Компания ішінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

Бұдан басқа, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап атқарушы органнан, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды адамдарынан тәуелсіз, Директорлар кеңесіне есеп беретін

сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді квазимемлекеттік сектор субъектілерінде айқындау бөлігінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру мақсатында, байқаушы кеңеске (ол болған жағдайда) немесе басқарудың өзге де тәуелсіз органына Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ-да жұмыс істейтін комплаенс-бақылау қызметін Компанияның Директорлар кеңесіне қайта бағындыруды көздейтін компанияның орталық аппаратының құрылымы бекітілді.

2022 ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР

- Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Компанияның ішкі құжаттарын әзірлеу.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығысын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА



Компания ұжымы бизнестің ажырамас бөлігін құрайтын және «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізін қалайтын ортақ құндылықтар мен миссияларды біріктіреді.

Жоғары этикалық стандарттарға сәйкес бизнес жүргізуге мүмкіндік беретін қауіпсіздік, кәсібилік, тиімділік және сапа сияқты корпоративтік құндылықтар «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

Кодекс сондай-ақ Компаниядағы іскерлік мінез-құлық қағидаттары мен нормаларын көздейді. Компания, лауазымды тұлғалар және жұмыскерлер өз қызметін бекітілген қағидаттар негізінде жүзеге асырады.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ІСКЕРЛІК ЭТИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ



АШЫҚТЫҚ

Компания коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды ескере отырып, Компания туралы ақпараттың, оның жетістіктері мен қызметінің нәтижелерінің барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер кездесулерге, талқылаулар мен диалогқа, әріптестермен және мүдделі тараптармен өзара мүдделерді ескеруге, компания мен мүдделі тараптардың мүдделері арасындағы құқықтар мен теңгерімді сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ашық болуға ұмтылады.



ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға жұртшылық алдында, ал акционерлер алдында — ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және орнықты даму үшін өз жауапкершілігін түсінеді. Шенеуніктер мен жұмысшылар саналы және саналы түрде шешім қабылдап, әр деңгейде жоғары жауапкершілікпен әрекет етуі керек. Өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін жауапкершілік Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне, олардың мәртебесі мен лауазымына қарамастан, тең дәрежеде жүктеледі.



АЙҚЫНДЫҚ

Компанияның шешімдері мен іс-әрекеттері мүдделі тараптар үшін айқын және ашық болуы тиіс. Компания белгіленген тәртіппен істің жай-күйі туралы акционерлер мен басқа да мүдделі тараптарды адал және уақтылы хабардар етеді. Компания заңнамаға сәйкес есептілік пен есепке алу сапасын жақсарту негізінде ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға ұмтылады. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер тарапынан заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты ашу коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғау жөніндегі талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.



ЭТИКАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Компания акционерлердің, басқа да мүдделі тараптардың және жалпы жұртшылықтың сеніміне ие болуға ұмтылады. Сенім жоғары этикалық нормаларға дәйекті міндеттеме нәтижесінде пайда болады.



ЗАҢДЫЛЫҚ

Компанияның, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің шешімдері мен іс-әрекеттері заңнамаға, Компанияның ішкі құжаттарына, соның ішінде Жарғыға, корпоративтік басқару кодексіне, «ҚазТрансОйл» АҚ Даму стратегиясына, Компания Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес келуі тиіс.



ӘДІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ МЕТОКРАТИЯ

Компания әрбір жұмыскердің жеке күш-жігерін, қабілеті мен жетістіктерін әділ және объективті бағалауға ұмтылады, барлық деңгейдегі жұмыскерлердің түсінушілік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания өз қызметінде ресурстарға ұқыпты қарау, экологиялық менеджменттің заманауи жүйелері мен стандарттарын енгізу арқылы өз қызметінің қоршаған орта мен қоғамға теріс әсерін барынша азайтуға ұмтылады.



ҚҰРМЕТТЕУ

Компания заңнамадан, жасалған шарттардан туындайтын немесе жанама жұртшылықтың сеніміне ие болуға ұмтылады. Сенім жоғары этикалық нормаларға дәйекті міндеттеме нәтижесінде пайда болады.



МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ

Компания мен мүдделі тараптар бір-біріне қатысты барынша адал, әділ және ашық әрекет етуге, мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және болдырмау жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК

Компания сыбайлас жемқорлықты оның кез-келген көрінісінде қабылдамайды. Барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде қабылданатын Компанияның іс-қимылдары туралы хабардар болуын арттыру мақсатында сындарлы диалогты дамытуға ұмтылады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

«ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына және саяси нанымына қарамастан адал және әділ қарым-қатынасқа құқығы бар. Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның қазіргі және болашақ уақыттағы беделіне нұқсан келтіретін қоғамға қарсы және әдепке жат мінез-құлыққа жол берілмейді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның адам құқықтарына қатысты басымдықтарына олардың маңыздылығы мен әмбебаптығы кіреді, адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенцияда, адам құқықтары саласындағы өзге де танылған халықаралық құжаттарда белгіленген, сондай-ақ Конституция мен заңнамадан туындайтын іргелі қағидаттарды толық қолдайды.

Компания жұмыскерлерін оқыту стратегиялық маңызды міндеттер болып табылады. Компания өз жұмыскерлеріне кәсіби құзыреттерді үнемі жетілдіру үшін мүмкіндіктер ұсынады. 2021 жылғы 3 қыркүйекте Директорлар кеңесінің мүшелері «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі бойынша білім алды. Компанияның 3000-нан астам жұмыскері тестілеуден өтті.

«ҚазТрансОйл» АҚ энергия үнемдеуді қамтамасыз ете отырып, табиғи ортаға теріс әсерді азайта отырып, ресурстар мен уақытты ұқыпты және жауапты пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды енгізе отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Әрбір жұмыскер өзінің жұмыс орындарында, жоспарлау және шешім қабылдау процестерінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау үшін жауап береді.

Компанияда ішкі коммуникациялар жүйесі дамыған, оның көмегімен Компания басшылығына кез келген жұмыскерден және өзге мүдделі тараптардан сыбайлас жемқорлықтың, сондай-ақ өзге де теріс пайдаланушылықтар мен бұзушылықтардың күдікті фактілері туралы жедел ақпарат түседі.

Көрсетілген ақпаратты/өтініштерді қабылдау үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-да келесі арналар жұмыс істейді:

- «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсындағы Бас директордың (Басқарма төрағасының) блогы — https://kaztransoil.kz/kz/blog_generalnogo_direktora_privetstvie/;

- сенім телефоны: **+7 (717) 255-52-10**;

- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» — e-mail: **5213@kaztransoil.kz**

- +7 (776) 044-52-13** телефон арқылы мәтіндік хабар алмасу жүйелері (WhatsApp, Telegram).

Сенім телефоны және электрондық пошта арқылы келіп түсетін ақпаратты өңдеуді омбудсмен жүзеге асырады, қарау нәтижелері бойынша кері байланыс ұсынылады. Бас директордың (Басқарма төрағасының) блогына келіп түскен өтініштерді оның өзі қарайды. Өтініштерге жауаптарды қоғаммен байланыс және ішкі коммуникациялар департаменті дайындайды және «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорымен (Басқарма төрағасымен) келісіледі.

Келіп түскен хабарламалар «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өңделеді және қаралады. Арнайы бөлінген желі тәулік бойы жұмыс істейді. Өтініштер жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін қаралады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ



«ҚазТрансОйл» АҚ-да басқарудың барлық деңгейлерінде ықтимал мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шараларды қабылдауға және айтарлықтай көңіл бөледі.

Компания акционерлер мен менеджмент арасындағы мүдделер теңгерімін сақтауға және іскерлік қатынастар мәдениетінің жоғары стандарттары мен этикалық нормалар негізінде олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге ұмтылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, деректердің құпиялылығын ашу, мүдделер қақтығысының алдын алу, алаяқтықты анықтау сияқты рәсімдерді көрсететін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады:

- «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-да бұзушылықтардың туындау тәуекелін басқару саясаты;
- «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу саясаты.

Көрсетілген құжаттар бұзушылықтардың туындау тәуекелін басқару процесіне барлық қатысушылардың қолдануы үшін міндетті болып табылады, сондай-ақ Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер

қақтығысының туындауын болдырмау жөніндегі міндеттерін және оларды реттеу рәсімін белгілейді.

Саясат байланысты тараптармен мәмілелерде, сондай-ақ мүдделердің әлеуетті қақтығысы болған басқа да жағдайларда ашықтық пен тәуелсіздік шарттарының сақталуын қамтамасыз ететін ережелер мен қағидаттарды белгілейді.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда оның қатысушылары компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді.

Компания, лауазымды тұлғалар, Компания мен жұмыскерлер арасындағы мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігін болдырмауға тырысады. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің жеке мүдделері олардың өз міндеттерін бейтарап орындауына ықпал етпеуі тиіс.

Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер заңды және жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынаста мүдделер қақтығысының туындауы тұрғысынан тәуекелді іс-әрекеттерден бас тартуға міндетті. Қаржылық және өзге де іскерлік байланыстардан, сондай-ақ қызметі мүдделер қақтығысының туындауына себеп болуы мүмкін және Компанияның тиімді қызметіне кедергі келтіруі мүмкін

ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуге қатысудан аулақ болуға тиіс.

Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер Компаниямен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда немесе өзге де мәселелерге, Компанияның қаржылық немесе өзге де мүдделеріне төнген қауіпке, сыртқы жеке іскерлік мүдделердің туындауына байланысты мүдделер қақтығысы туындайтын кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы дереу хабарлауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Директорлар кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.

2021 жылы Компанияда мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталған жоқ.



Компанияда 2021 жылы мүдделер қақтығысының болуы

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
Акционерлердің жалпы жиналысы
Директорлар кеңесі
Басқарма және оның қызметі
Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
Тәуекелдерді басқару
Ішкі аудит
Сыртқы аудит
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
Корпоративтік этика
Мүдделер қақтығысын басқару
Омбудсмен институты
Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ



Корпоративтік этика қағидаттарын ілгерілету және корпоративтік жанжалдар мен этикалық бұзушылықтарды бейтарап реттеуді қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-да омбудсмен институты жұмыс істейді. Компания омбудсменінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысымен, Омбудсмен туралы ережесімен, «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексімен және өзге ішкі құжаттармен реттеледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ-да омбудсмендер институтын құру Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге және оны корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес келтіруге бағытталған, компанияда іскерлік әдептің таралуын, этика саласындағы барлық бұзушылықтарды, Компанияның ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын тәуелсіз және бейтарап қарауды қамтамасыз етуге арналған.

Омбудсменнің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ жұмыскерлердің іскерлік этика қағидаларын сақтауына жәрдемдесу;
- даулар мен жанжалдардың алдын алу және оларды реттеу арқылы Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға жәрдемдесу;

- басшылар мен жұмыскерлер арасында бейресми байланыстарды қамтамасыз ету, осы негізде жетілдіруге арналған проблемалар мен бағыттарды уақтылы анықтау, Компания мен ЕББҰ саясаттары мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- стейкхолдерлерге Компаниямен өзара іс-қимыл барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша жәрдем көрсету.

Омбудсменнің негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларына, жанжалдарға қатысушыларға кеңес беру және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды және қажет болған жағдайда құпиялылық қағидатын ескере отырып, өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдемдесу;
- жұмыскерлердің проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге, сондай-ақ жұмыскерлердің корпоративтік этика қағидаларын сақтауына жәрдемдесу;
- дауларға, жанжалдарға немесе проблемалық жағдайларға қатысатын адамдарға дауларды (жанжалдарды) реттеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- басшыларға жүйелілік, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы дауларды (жанжалдарды) шешу және болдырмау бойынша, сондай-ақ корпоративтік этика қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша кеңес беру;

- «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексінің ережелерін Компания басшыларына, жұмыскерлеріне және стейкхолдерлерге олар жүгінген жағдайда түсіндіру, этикалық мәселелер бойынша кеңес беру;
- Компанияның тиісті органдарының және басшыларының қарауына жүйелі сипатқа ие және олардың тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауын талап ететін, анықталған проблемалық мәселелерді шығару, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар ұсыну;
- өз құзыреті шеңберінде Компанияның ішкі құжаттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар шығару;
- ұсынымдық сипаттағы, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған өзге де шаралар қабылдау.

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылғы 1 қарашадан бастап Компанияның омбудсмені Серік Ишанбекұлы Ақбергеновтің өкілеттік мерзімі 2 жылға ұзартылды.

Адами ресурстарды басқару департаментімен бірлесіп, Компанияның омбудсмені Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма мүшелерін және Компания жұмыскерлерін одан әрі оқыту және таныстыру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік этика кодексі бойынша таныстырылым әзірлеуге қатысты.

10 ӨТІНІШ

омбудсменге 2021 жылы түрлі байланыс арналары арқылы келіп түсті

Компанияның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері мен стейкхолдерлері Компанияның омбудсменіне мына жедел желі бойынша:

- ауызша түрде: **+7 (717) 255-52-10** сенім телефоны бойынша;
- жазбаша түрде — **doverie@kaztransoil.kz** электронды сенім жүйесіне жүгінуге құқылы.

Бұдан басқа, қағаз тасығыштағы өтініштерді Компанияның омбудсменіне мына мекенжайға жіберуге болады: **010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, тұрғын емес үй-жай 12-үй, «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсменіне» конвертінде (пакетінде)» белгісі бар.** Мұндай конверттерді (пакеттерді) кеңсе омбудсменге ашылмаған түрде береді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсменнің сұрауын орындау үшін тоқсан сайынғы негізде еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс және Компания омбудсменінің қызметі туралы ақпарат уақтылы ұсынылды.



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- Корпоративтік басқару жүйесі және оның негізгі қағидаттары
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- Акционерлердің жалпы жиналысы
- Директорлар кеңесі
- Басқарма және оның қызметі
- Компанияның корпоративтік хатшысының рөлі мен қызметі
- Тәуекелдерді басқару
- Ішкі аудит
- Сыртқы аудит
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Корпоративтік этика
- Мүдделер қақтығысын басқару
- Омбудсмен институты
- Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ


06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



Тұтас алғанда, 2021 жылы омбудсменге түрлі Коммуникация арналары арқылы 10 өтініш келіп түскен (2020 жылы — 27 өтініш), оның ішінде 1 өтініш — жасырын (2020 жылы 12 жасырын өтініш болды). Омбудсменге өтініштер санының айтарлықтай төмендеуі Компанияның кадрлық және әлеуметтік саясат, өндіріс мәдениетінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету, бөлімшелер басшыларының жеке мәселелер бойынша қабылдаулар өткізу арқылы жұмыскерлермен кері байланысты қамтамасыз ету, қолда бар коммуникация арналары арқылы қызықтыратын мәселелер бойынша Компания бөлімшелері жұмыскерлерін уақтылы хабардар ету бөлігінде дұрыс жолға қойылған жұмысымен байланысты.

2021 ЖЫЛЫ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕРДІҢ САНЫ



- Кадр мәселелері
- Басшымен өзара қарым-қатынас
- Сыйақы мәселелері
- Әріптестермен қарым-қатынас
- Тараптардың шарттық міндеттемелерді тиісінше орындау мәселелеріне қатысты стейкхолдерлердің сұрау салулары

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕРДІҢ САНЫ

БӨЛІМШЕ	2020	2021
Орталық аппарат	1	1
Атырау мұнай құбыры басқармасы	3	0
ШОҚБ	8	2
БОҚБ	0	1
Жезқазған мұнай құбыры басқармасы	2	0
Шымкент мұнай құбыры басқармасы	3	0
Павлодар мұнай құбыры басқармасы	0	1
ЕББУ	1	1
Адресатсыз	3	0
Стейкхолдерлер	0	2
Аутсорсинг	6	2
Өтініштердің саны	27	10

Ең көп талап етілетін және негізгі байланыс арналары сенім поштасы (5 өтініш) және сенім телефоны (5 өтініш) болып табылады.

Сұраулардың, өтініштердің болмауына байланысты және COVID-19 коронавирустық пандемиясына байланысты карантиндік шараларға байланысты есепті кезеңде Компания бөлімшелері жұмыскерлері мен басқа да азаматтарды жеке қабылдау жүргізілген жоқ.

Тұтас алғанда, өткен жылы Компания бойынша қандай да бір күрделі жанжал жағдайлары, сондай-ақ Компанияда Іскерлік этика кодексін және Бұзушылықтардың туындау

тәуекелін басқару саясатын өрескел бұзушылықтар байқалмады. Стейкхолдерлердің өтініштерінің ең аз санын олармен дұрыс жолға қойылған қатынастарға және Компания қызметі шеңберінде жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін барынша сақтауға жатқызуға болады.

Барлық өтініштерді омбудсмен орталық аппараттың мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен және Компанияның ОҚБ-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Әкімшілік расімдік-процестік кодексіне және «ҚазТрансОйл» АҚ омбудсмен туралы ережесіне сәйкес пысықтады. Барлық қойылған сұрақтарға өтініш берушілер тиісті нысанда жауап алды.

КОМПАЕНС-БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ



«ҚазТрансОйл» АҚ-да комплаенс-бақылау қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті листингтік компания ретінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ға қойылатын талаптарды бұзудың ықтимал қатерлерін болдырмау мақсатында Компанияның Қазақстан Республикасы заңнамасының, реттеуші актілердің, сондай-ақ Компания туралы ақпаратты және инсайдерлік ақпаратты ашу бөлігіндегі ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

2021 жылы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) интернет-ресурсында Компания қызметіндегі корпоративтік оқиғалар мен өзгерістер туралы ақпараты бар 66 жарияланым орналастырылды. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар және Компания қызметіндегі өзгерістер бойынша ақпараты бар 33 жарияланым орналастырылды.

2021 жылы Компанияның инсайдерлері болып табылатын 142 жұмыскер «Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Биржаның бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау саласындағы талаптарын сақтау бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлеріне арналған тренинг» тақырыбында оқытудан өтті.

Оқыту барысында инсайдерлік ақпаратты ашу ерекшеліктері, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланумен байланысты ықтимал тәуекелдер, осы саладағы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік түрлері қарастырылды, сондай-ақ күнделікті жұмыс барысында туындайтын нақты практикалық жағдайлар талқыланды.



«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлеріне арналған тренинг» тақырыбында оқытудан өтті



- Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- Бас директордың (Басқарма төрағасының) үндеуі
- Есеп туралы
- 2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
- Магистральдық құбырлардың схемасы
- Даму тарихы
- 2021 жылғы негізгі оқиғалар
- Компанияның бизнес-моделі

- 01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
- 02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
- 03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР
- 04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП
- 05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ
- 06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар



АШЫҚТЫҚ

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның корпоративтік құндылықтар

КОМПАНИЯ БАСҚАРУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, ӨЗІНІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ СТАНДАРТТАРЫН ҰСТАНУҒА БЕЙІЛДІЛІГІН РАСТАУҒА ҰМТЫЛАДЫ.



ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ
САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.
БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

Аталған бөлім Компания менеджменті тарапынан талқылау мен талдау нәтижесін білдіреді және «ҚазТрансОйл» АҚ ағымдағы қаржылық ережелері туралы ақпараттың ашылуына, өндірістік қызметтің нәтижелерінің және сыртқы ортаның Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуіне бағытталған.

Осы шолу ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған «ҚазТрансОйл» АҚ аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен және ілеспелі ескертулермен, сондай-ақ Есептің басқа бөлімдерінде берілген өзге де ақпаратпен бірге оқу ұсынылады.

Жиынтықты кіріс туралы шоғырландырылған есеп Компанияның және оның еншілес ұйымдары — БМТ, РТЛ, «Магистральдық Суағызғы» ЖШС (Топ) кірістері мен шығыстарын енгізеді. «ҚҚҚ» ЖШС және «МұнайТас» ЖШС бірлескен-бақылау ұйымдарының қаржылық нәтижелері «Бірлескен-бақылау ұйымдарының пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі» бабы бойынша қатысу үлесінің әдісі бойынша көрсетіледі.

НЕГІЗГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР



Топтың 2020 жылғы нәтижелермен салыстырғанда 2021 жылы қол жеткізген қаржылық нәтижесінің өзгеруі мынадай негізгі факторларға байланысты:

- Компанияның өндірістік персоналының жалақысын индекскеуеге, электр энергиясына тарифтің ұлғаюуына, технологиялық мұнайды қайта бағалауға, 2021 жылы авиациямен қарауылдануды жаңғыртуға байланысты өзіндік құнның өсуімен;

- ларидің АҚШ долларына бағамының өзгеруі нәтижесінде БМТ бойынша бағамдық айырмадан шығын алумен. Бұдан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша екінші деңгейдегі банктерде шетел валютасында (АҚШ доллары) орналастырылған ақша қаражатының және банк салымдарының баланстық құнын қайта есептеуге байланысты бағамдық айырмадан түсетін кіріс төмендеді. Мәселен, 2020 жыл ішінде бағам айтарлықтай өсті (2019 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына — тиісінше 382,59 теңге және 420,91 теңге, яғни 2021 жылмен салыстырғанда бағамның 38,32 теңгеге ұлғаюы (2020 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанына — тиісінше 420,91 теңге және 431,8 теңге, яғни бағамның 10,89 теңгеге ұлғаюы);

- есепті кезеңнің соңына міндеттемені қайта есептеу нәтижесінде бағамдық айырма бойынша, оның ішінде «ҚҚҚ» ЖШС валюталық қарыз бойынша шығыстардың төмендеуіне байланысты бірлесіп бақыланатын ұйымдардың пайдасындағы үлестің ұлғаюымен;
- «Теңізшевройл» ЖШС-нің «Құлсары-Теңіз» техникалық су тартқышын өтеусіз беруіне байланысты есепті жылы есептелген кіріске (болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы) байланысты түсімнің ұлғаюымен, сондай-ақ негізінен түркімен тектес мұнай өнімдерінің қосымша көлемдерін тарту нәтижесінде қара және ақшыл мұнай өнімдері мен мұнайды ауыстырып тиеудің ұлғаюымен;

- 2020 жылы «Магистральдық Суағызғы» ЖШС Жарғылық капиталына салым түрінде «Астрахань-Маңғышлақ» су тартқышының 0-56 км мүлкін беру кезінде есепке жатқызылмайтын ҚҚС есептен шығарылуына байланысты операциялық шығыстардың төмендеуімен;
- жалпы және әкімшілік шығыстардың төмендеуімен, бұл негізінен есепті кезеңде демеушілік көмек бойынша шығыстардың болмауына байланысты. 2020 жылы коронавирустық инфекциямен күресте мемлекеттік саясатты қолдау мақсатында 1 млрд теңге сомасына ӨЖЖ аппараттары сатып алынды және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарына берілді.

2021 жылғы шоғырландырылған түсім көрсеткіші 238 176 млн теңгені құрады. Компанияның шоғырландырылған таза пайдасы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 50 607 млн теңгені құрады.

ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН ТЕҢГЕ

31	Орал-Ақтау деректер беру арнасын ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2021 жылғы 4 наурыздағы №2/2021 отырыс хаттамасы)
32	«ҚазТрансОйл» АҚ орталық аппаратының мұқтажы үшін Интернет желісіне қол жеткізуді ұсыну жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі (2021 жылғы 4 наурыздағы №2/2021 отырыс хаттамасы)

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидадтары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидадтары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

№	МӘМІЛЕНІҢ АТАУЫ	«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ОРГАНЫНЫҢ ШЕШІМІ
«Магистральдық Суағызғы» ЖШС		
33	2020 жылғы 23 желтоқсандағы №511587/2020/2 Магистральдық су құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартқа №1 қосымша келісім	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 16 маусымдағы №14 отырыс хаттамасы)
34	«Магистральдық Суағызғы» ЖШС жарғылық капиталына ақшалай қосымша салым енгізу	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
35	Магистральдық суағызғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 31 желтоқсандағы №33 отырыс хаттамасы)
«Өзенмұнайгаз» АҚ атынан «ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ		
36	Басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
37	Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
«ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ атынан «Ембімұнайгаз» АҚ		
38	Басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 18 тамыздағы №19 отырыс хаттамасы)
39	Басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
40	Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
«ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС		
41	Басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
42	Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
«ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ атынан «Қазақтүрікмұнай» ЖШС		
43	Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
44	Басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсетуге арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК		
45	Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шарт	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 15 желтоқсандағы №30 отырыс хаттамасы)
46	2019 жылғы 27 желтоқсандағы №ЕХ 21/2020 Басқа мемлекеттердің аумақтары арқылы мұнай тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шартқа №2 қосымша келісім	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 15 желтоқсандағы №30 отырыс хаттамасы)
«МұнайТас» ЖШС		
47	Магистральдық/жергілікті құбырларға және ұқсас желілерге/жүйелерге техникалық қызмет көрсетуге/ұстауға арналған шарт («Кеңқияқ-Атырау» магистральдық мұнай құбырының «Аман» МАС жаңадан салынған объектілері мен құрылыстарын пайдалану)	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 30 қарашадағы №27 отырыс хаттамасы)
«ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ атынан «Өріктік Оперейтинг» ЖШС		
48	2020 жылғы 25 қарашадағы №TR 09/2021//513-46 Мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шартқа № 1 қосымша келісім	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімі (2021 жылғы 19 қазандағы №23 отырыс хаттамасы)

4-ҚОСЫМША. «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ-НЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылғы 27 мамырдағы «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексіне (№3/2016 хаттама) (бұдан әрі — Кодекс) сәйкес Корпоративтік хатшы ай сайын Кодекстің қағидадтары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп дайындайды.

Кодекстің мақсаты «ҚазТрансОйл» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады. Кодекстің қағидадтары мыналар болып табылады:

1. «Самұрық-Қазына» АҚ акционері ретіндегі Үкімет.
2. «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі.
3. Орнықты даму.
4. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ қарау.
5. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі.
6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит.
7. Ашықтық.

Компания корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, Компанияның ішкі құжаттары мен тәжірибесінің корпоративтік басқару принциптеріне сәйкес келу қажеттілігіне көп көңіл бөледі.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НОРМАСЫ /КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ

1 «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ. «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

✓ САҚТАЛАДЫ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидадтары

Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі оның қызметін тиісінше басқаруды және бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құн мен орнықты дамудың өсуіне бағытталған.

Акционерлер, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді жүйесі компания құнының өсуін қамтамасыз ететін маңызды элемент және инвесторлардың ақшасы тиімді пайдаланылатынына кепілдік болып табылады.

Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясы бекітілді, оның миссиясы Компания акционерлері үшін барынша көп пайданы қамтамасыз ету және магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау саласында мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау болып табылады.

Компания және оның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттармен белгіленген тәртіппен Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және

орнықты дамуына, қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге/әрекетсіздікке жауапты болады.

Компанияның атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементтерінің бірі ҚНҚ жүйесі болып табылады. ҚНҚ тізбесі мен нысаналы мәндерін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

Осылайша, Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен Компанияның 2021 жылға арналған ҚНҚ және олардың нысаналы мәндері бекітілді. Директорлар кеңесінің осы шешімімен Компанияның басшы жұмыскерлерінің 2021 жылға арналған уәждемелік ҚНҚ және олардың нысаналы мәндері бекітілді.

Жыл сайынғы негізде Компанияның басшы жұмыскерлерінің сыйақысына әсер ететін ҚНҚ қол жеткізуді бағалау жүзеге асырылады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

- GRI индексі
- БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
- «ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп
- Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік
- Қысқартулар тізімі

Байланыстар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НОРМАСЫ /КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

2 ОРНЫҚТЫ ДАМУ

САҚТАЛАДЫ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидаттары

Орнықты даму Компания қызметіндегі басымдық болып табылады, оның мақсаты қоршаған ортаны сақтау мен қорғаумен, қолайлы еңбек жағдайларын жасаумен, жұмыс орындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және Компания қызметін жүзеге асыратын жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға үлес қосумен қатар бизнесті дамыту болып табылады.

Орнықты даму саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде Компания БҰҰ-ның Жаһандық шартында, ISO 26000 стандартында бекітілген қағидаттар мен ережелерді басшылыққа алады, әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі Нұсқаулық, AA1000 «Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стандарты» стандарты, GRI орнықты даму саласындағы есептілік және орнықты даму саласындағы қызметтің жекелеген бағыттары бойынша Компанияның бірқатар ішкі құжаттарымен реттеледі.

Компания өндірістегі қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау және қамтамасыз ету, Өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу, қоршаған ортаның, биоалуантүрліліктің және адамның тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайларын жасау және қамтамасыз ету бойынша құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, оңалту, емдеу-профилактикалық іс-шаралар кешенін әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. ISO 14001 және ISO 45001 халықаралық стандарттарымен.

2021 жылы жүргізілген компанияның БМЖ сертификаттық аудитінің нәтижелері бойынша компанияның БМЖ халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігі расталды

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 үш жылдық кезеңге.

Компания өзі үшін негізгі басым міндеттердің бірі ретінде энергия тиімділігі деңгейін тұрақты арттыруды айқындады және ISO 50001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес энергия тұтыну деңгейін төмендету мақсатында энергия менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін жақсарту бойынша жұмысты жалғастыруда.

Компанияда «ҚазТрансОйл» АҚ стейкхолдерлерінің картасы бекітілді, онда мүдделі тараптардың тізбесі айқындалды, ол үш жылда кемінде бір рет жаңартылады.

2.1 ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидаттары

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік Компанияның орнықты дамуының маңызды құрамдас элементтері болып табылады.

Компания өз қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттарын енгізу шараларына үлкен көңіл бөледі.

Компания Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттардың талаптарын, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның денсаулық сақтау, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының ережелерін және басқа да ішкі корпоративтік құжаттарды қатаң ұстанады, экологиялық аспектілерді сәйкестендіруді және бағалауды жүргізеді, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз іс-әрекеттерінің ашықтығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Инспекциялық аудит қорытындысы бойынша TUV NORD CERT GmbH сертификаттау органы 2021 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-ның денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау менеджменті жүйесі ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетінін, сондай-ақ Компанияның өндірістік қызметінің барлық бағыттарын қамтитынын растады. Экологиялық менеджмент жүйесі Компанияның ИМЖ бөлігі болып табылады.

Есепті кезеңде Компания қоршаған ортаны қорғауға 2 194 млн теңге инвестициялады, бұл 2020 жылдың ұқсас көрсеткішінен 67%-ға артық және есепті кезеңде эмиссия үшін 91 млн теңге мөлшерінде төлемдерді жүзеге асырды. 2021 жылы мұнай тасымалдау кезінде экологиялық залал келтірген авариялық жағдайлар тіркелген жоқ.

2.2 ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидаттары

Компания еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында өндірістік объектілердің авариясыз жұмыс режимін қамтамасыз етуге ұмтылады, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды және қолдайды, жұмыскерлердің денсаулығына қамқорлық жасайды және Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, «ҚазТрансОйл» АҚ денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты ережелерінің, сондай-ақ Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын анық ұстанады.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ішкі профилактика, өндірістік қызметпен байланысты тәуекелдерді азайтуға ұмтылу, оқыту қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытуға және жетілдіруге күнделікті үлес болып табылады.

Компания жыл сайын өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды басқару жүйесін дамытуға елеулі қаржы ресурстарын инвестициялайды. 2021 жылы инвестиция көлемі 2 558 млн теңгені құрады.

Компанияда өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында мемлекеттік талаптармен ұйғарылған барлық оқыту бағдарламалары бар. 2021 жылы Компанияның 923 жұмыскері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша, 1 207 жұмыскер ерт-техникалық минимум бойынша міндетті оқудан өтті.

2021 жыл ішінде Компанияда еңбек қызметіне байланысты өндірісте 1 жазатайым оқиға тіркелді және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тергелді.

Жүргізілген тексеру нәтижесінде аталған жағдайда жарақат алу себебі жөндеу кезінде орнатылған электр қозғалтқышының өтпелі оқшаулағышының (микротрек) ақауы болып табылатыны анықталды.

2.3 КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясатын жетілдіру Компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

2021 жылғы 3 қыркүйекте Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ-ның персоналды басқару қағидаттары, негізгі бағыттары мен деңгейлері жүйесін айқындайтын 2021-2025 жылдарға арналған Кадр саясаты бекітілді.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компания жұмыскерлерінің ұжымымен жасалған ұжымдық шартқа сәйкес кадрлық және әлеуметтік саясатты құрады.

2021 жылғы 7 маусымда жұмыскерлердің кәсіподақтары мен Компания арасында ұжымдық шартқа қосымша келісім жасалды. Ұжымдық шартқа өзгерістер енгізудің алғышарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістер, сондай-ақ covid-19 пандемиясы кезеңінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты себептер болды.

2021 жылы «HOGAN Assessments» жеке және басқарушылық әлеуетін құрамдастырылған бағалауға және тікелей басшыны бағалауға негізделген Басқарма мүшелерінің, орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде Компанияның оперативтік қызметтер департаменті басшыларының басқарушылық әлеуетін бағалау жүргізілді. Бағалаудың мақсаты бағаланатын менеджерлердің дамуы үшін күшті жақтар мен салаларды анықтау болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ персоналын тарту көрсеткіші Samruk RESEARCH SERVICES (индексі SRS) индексі болып табылады.

2021 жылы SRS индексі 88% құрады:

- Қатысу индексі 91%;
- Әлеуметтік әл-ауқат индексі 71%;
- Әлеуметтік тыныштық индексі 93%.

Адами ресурстарды басқару саласында Компания ұйымдық құрылымды жетілдіру, персоналдың біліктілігін арттыру, еңбек тиімділігін басқару, жастар саясатының негізгі міндеттері мен бағыттарын іске асыру, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту сияқты бағыттар бойынша жұмыс істейді.

Компанияда персоналды іріктеу рәсімі «ҚазТрансОйл» АҚ-дағы бос лауазымдар мен жұмыс кәсіптеріне кадрларды конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Компанияда білікті мамандарды іздеу және іріктеу, кандидаттар бойынша деректер базасын жүргізу, бос лауазымдарға/жұмыс кәсіптеріне персоналды іріктеу кезінде ашық конкурстық рәсімдерді енгізу, оның ішінде тестілеу элементтерін қолдану жүзеге асырылады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидадтары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидадтары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НОРМАСЫ /КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

2.4 САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидадтары

Компания бизнесінің орнықты дамуы үшін оның ауқымын ескере отырып, сатып алудың тиімді жүйесі және Компанияны сапалы тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету маңызды.

Өнім берушілерді таңдау кезінде Компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуын жүзеге асыру тәртібін басшылыққа алады.

2021 жылы Компания 95,6 млрд теңге сомаға ұзақ мерзімді сатып алу бойынша шарттар жасады.

2021 жылы Компанияның сатып алуындағы жергілікті қамтудың нақты үлесі: тауарлар бойынша 55%-ды, жұмыстар мен қызметтер бойынша 75%-ды құрады.

Компания бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы ақпарат «Самұрық-Қазына» АҚ-ның zakup.sk.kz. электрондық сатып алу порталында орналастырылады және қалыптастырылады.

2021 жылы Компанияда 328 жаңа жұмыскер қабылданды, оның ішінде 25 – орталық аппарат жұмыскерлері, 303 – оқшауланған құрылымдық бөлімшелердің жұмыскерлері. Жаңадан жалданған жұмысшылардың көпшілігінің жасы 30-дан 50 жасқа дейінді құрайды.

2021 жылы персоналды оқыту және дамыту бағдарламалары бойынша 739 іс-шара өткізілді. 2021 жылы барлығы 6 610 жұмыскер оқытылды. 2021 жылы оқудың жалпы құны 637 млн теңгені құрады.

Компанияда кадрлық резерв құрылды, оның мақсаты жеке басқарушы кадрлардың сабақтастығы мен тәрбиесін қамтамасыз ету болып табылады. Компания ішкі ротация саясатын және кадр резерві практикаларын дамыту шеңберінде жұмыскерлерді басшы лауазымдарға дәйекті тағайындау саясатын жүргізеді.

2021 жылы кадрлық резервте тұрған Компанияның 2 жұмыскері басқарушылық лауазымдарға ауыстырылды. Жұмысшы кәсіптері жұмыскерлерінің ішінен инженерлік-техникалық лауазымдарға

Компанияның кадрлық саясатының маңызды бағыты жас мамандармен жұмыс болып табылады. Компанияда жұмыс істеу және жастар саясатында бекітілген жас кадрлармен жұмыс істеу үшін жас мамандарды тарту бойынша кешенді тәсіл іске асырылуда.

2021 жылы жұмыс орындарына кандидаттарды немесе жұмыскерлерді қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге байланысты жағдайлар тіркелген жоқ.

3 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ (ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ (ҚАТЫСУШЫЛАРҒА) ӘДІЛ ҚАРАУ

САҚТАЛАДЫ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидадтары

Акционерлермен барынша ашық және тиімді өзара іс-қимыл жасау Компания қызметінің негізгі қағидадтарының бірі болып табылады. Акционерлердің негізгі құқықтарын іске асыру заңнамалық актілерге және «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Компаниядағы корпоративтік басқару барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ететіндей етіп құрылған. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және жеке өзі немесе сенімхат бойынша өз өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар.

Ақпаратты ашу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, жарғымен және ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің және KASE интернет-ресурстарында, «ҚазТрансОйл» АҚ корпоративтік веб-сайтында орналастыру кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл регламентімен регламенттеледі.

Компанияның Директорлар кеңесі барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасқа келіпдік береді, оларға акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Компанияны басқаруға қатысуға, Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға және дивидендтер алуға өз құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу тәртібі мен рәсімдері барлық акционерлерге тең қатынасты қамтамасыз етеді.

Компанияның ірі акционері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады, оған Компанияның жай акцияларының 90%-ы тиесілі.

Компания мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, оның ірі акционері ретінде, Компания акцияларының Қазақстан қор биржасында бастапқы орналастырылуына байланысты 2012 жылғы 30 қазанда Компания мен оның ірі акционері арасындағы өзара іс-қимылдың ашық нарықтық қағидадтарын бекітетін және Компанияға өзінің барлық акционерлерінің мүддесінде әрекет етуге мүмкіндік беретін өзара қатынастар туралы келісім жасалды.

Акционерлердің мүдделерін қозғайтын ақпарат компанияның интернет — ресурсында, KASE интернет-ресурстарында және қаржылық есептілік депозитарийінде уақтылы орналастырылады.

Компанияда инвесторлармен байланыс қызметі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті компанияның инвестициялық-тартымды компания ретіндегі беделін қолдау және нығайту мақсатында Компания басшылығы мен инвестициялық қоғамдастық (әлеуетті

инвесторлар, миноритарлық акционерлер және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары) арасында тиімді коммуникацияларды ұйымдастыру болып табылады.

2021 жылғы 26 мамырда акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізіліп, онда келесі мәселелер қаралды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау туралы.
3. Директорлар кеңесінің 2020 жылы атқарған жұмысы туралы жылдық есебін бекіту туралы.
4. Компания акционерлерінің 2020 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы.
5. ҚазТрансОйл акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2021 жылғы 5 қарашада акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өтіп, онда келесі мәселелер қаралды:

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы.

2021 жылғы 25 қарашада акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өтіп, онда келесі мәселелер қаралды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы.
3. Тәуелсіз директорларға сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.

Акционерлер мен мүдделі тараптар ақпаратты жылдық есеп арқылы алады, оған Компанияның Директорлар кеңесінің есебі мен аудиттелген жылдық қаржылық есептілік кіреді.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының қағидағдары және орнықты даму мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидағдары мен ережелерін сақтауы туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НОРМАСЫ /КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ТИІМДІЛІГІ

САҚТАЛАДЫ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидағдары

Директорлар кеңесі Компанияның стратегиялық басшылығын қамтамасыз ететін, басқарма қызметін өз құзыреті шегінде бақылауды жүзеге асыратын және акционерлердің жалпы жиналысының алдында шешімдер қабылдаудың қолданыстағы жүйесіне сәйкес Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болатын Компанияның басқару органы болып табылады.

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамы 6 адам болып сайланды. Акционерлік капиталдың құрылымына сәйкес (жай акциялардың жалпы санының 90% «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тиесілі) Директорлар кеңесінің екі мүшесі ірі акционер — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері болып табылады. Директорлар кеңесінің үш мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес миноритарлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) болып табылады.

Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мінсіз іскерлік беделге ие және осы салада айтарлықтай тәжірибеге ие.

Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде Тәуелсіз директорларды іріктеу өлшемдері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Жарғыда, корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп жыл сайын Компани-яның жылдық есебінде ашылады.

2021 жылы Директорлар кеңесінің 12 күндігі отырысы өткізіліп, онда Компания қызметінің негізгі бағыттарының 118 мәселесі қа-ралып, шешім қабылданды. Директорлар кеңесі сондай-ақ БЖКО қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылған бірқатар мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесі ай сайын Компания қызметіндегі негізгі өзгерістерді және басқару есептілігін қарады.

Директорлар кеңесінің 2021 жылы қабылданған шешімдері ту-ралы қосымша ақпаратты Компанияның интернет-ресурсындағы «Корпоративтік басқару» бөлімінен алуға болады.

Аса маңызды мәселелерді алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері жұмыс істейді:

- Стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті;
- Ішкі аудит комитеті;
- Кадрлар және сыйақылар жөніндегі Комитет.

Комитет мүшелерін Компанияның Директорлар кеңесі тағайын-дайды.

Комитеттерді қалыптастыру және олардың қызметін ұйымдасты-ру тәртібі олар туралы тиісті ережелерде көзделеді.

2021 жылы стратегиялық жоспарлау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау Комитетінің 2 күндігі отырысы, Ішкі аудит комитетінің сырттай дауыс беруі арқылы 3 күндігі отырыс және 2 отырыс, кадрлар және сыйақы комитетінің сырттай дауыс беруі арқылы 5 күндігі отырыс және 3 отырыс өткізілді.

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз жұмысын өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақыларды және (немесе) шығыстарды өтеуді төлеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдарының тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу Қағидаларымен реттеледі.

Компания Басқармасы Компанияның ағымдағы қызметіне бас-шылық ететін және өз функцияларын Жарғы, «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасы туралы ереже және Компанияның өзге ішкі құжат-тары негізінде жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарманы бас директор (Басқарма Төрағасы) басқарады. Басқарманың құзыреті және компанияның бас директорының (Басқарма төрағасының) өкілеттіктері Жарғының 12-бабында айқындалады.

2021 жыл ішінде Компания Басқармасы 33 бетпе-бет отырыс өткізді. Басқармада барлығы 182 мәселе бойынша шешім қабыл-данды, 167 тапсырма берілді, орындалмаған тапсырмалар жоқ. Бұл ретте басқарма қараған 74 мәселе Директорлар кеңесінің қарауына, 6 мәселе Компания Акционерлерінің жалпы жиналы-сының қарауына шығарылды.

Өткізілген отырыстар шеңберінде стратегиялық даму, Корпо-ративтік басқару, Қаржы-шаруашылық қызмет, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау сияқты негізгі бағыттар бойынша мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды.

5 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

САҚТАЛАДЫ

Нормаларды сақтау үшін орындалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидағдары

ТБКЖ және ІБЖ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияның корпора-тивтік басқару жүйесінің маңызды элементтері болып табылады.

ТБКР Компанияны басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекел-дерді басқару процесінің ұйымдастырылуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидағдар, әдістер мен рәсімдер жиынтығын білдіреді. Компанияның ТБКЖ компанияның стра-тегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге кері әсерін тигізуі мүмкін әлеуетті тәуекелдерді уақтылы сәйкестен-діруге, бағалауға, бақылауға және азайтуға бағытталған.

ТБКР тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау бөлі-гінде Директорлар кеңесі маңызды рөл атқарады. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саясаттары мен рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін Компания Басқармасы жауапты болады.

Компанияда тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары-ның бірыңғай тәуекелдер жіктеуіші бойынша жүргізіледі. Осы-лайша, Компанияның барлық тәуекелдері екі санатқа бөлінеді — өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер, олардың көздері тиісті тәуекел факторларын (себептерін) анықтайды.

2021 жыл ішінде өндірістік және өндірістік емес тәуекелдердің және оларға тән тәуекел факторларының жай-күйіне, оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты монито-ринг жүзеге асырылды. Тәуекелдер динамикасы туралы тоқсан сайынғы есеп Компанияның Тәуекелдер жөніндегі комитетінің, басқармасының және Директорлар кеңесінің қарауына ұсыныл-ды.

Іске асырылған тәуекелдер туралы деректерді есепке алу және одан әрі талдау мақсатында Компанияда корпоративтік пор-талда іске асырылған тәуекелдік оқиғалар бойынша бірыңғай электрондық дерекқор бар. Осы базаны жүргізу тәуекелдер мен тәуекел-факторларды бағалауды жүргізу, сондай-ақ есептілікті дайындау үшін қажетті статистиканы жинақтауға ықпал етеді.

2021 жылы 2022 жылға тәуекелдерді сәйкестендіру және баға-лау бойынша жұмыс жүргізілді, олар бойынша алдын алу және түзету әсерінің іс-шаралары әзірленді. Осы жұмыстың қорытын-дысын Компанияның Директорлар кеңесі бекітті.

Компанияның ІБҚ компания қызметіне тән процестік деңгейдегі тәуекелдерді уақтылы анықтауға және талдауға, сондай-ақ ІБҚ-ның үш негізгі саласында: операциялық қызмет, қаржылық есептілікті дайындау және заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтау бойынша осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін анықтауға және талдауға бағытталған.

Компанияда Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақы-лауды жүзеге асыру, ішкі бақылау саласындағы бағалау, тәуекел-дерді басқару, Корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және кеңес беру үшін Компанияның қызметін жетілдіру мақсатында ІАҚ жұмыс істейді.

Қызмет тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Қызметтің жұмысына Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті жетекшілік етеді.

Қызмет өз қызметін Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырады.

Есепті кезеңде ІАҚ-ның 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Компания мен ЕББҰ-дағы өндірістік, операциялық және қаржылық процестердің 7 аудиті жүргізілді.

2021 жылы Ішкі аудит қызметі жүргізген аудит нәтижелері бой-ынша 105 анықтау анықталып, 185 ұсыным берілді.

Қызметтің 2021 жылы берілген ұсынымдары бойынша аудит объектілері анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-қи-мылдарының жоспарларын әзірледі және бекітті.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқор-лыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру мақсатында 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап квазимемлекеттік сектор субъектілерінде атқарушы органнан, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды адамдарынан тәуелсіз, Директорлар кеңесіне, байқаушы кеңеске (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді айқындау бөлігінде Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 желтоқсан-дағы шешімімен Компанияда жұмыс істейтін комплаенс-бақылау қызметін Директорлар кеңесіне қайта бағындыруды көздейтін Компанияның орталық аппаратының құрылымы бекітілді.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидадары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидадары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НОРМАСЫ /КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

6 АШЫҚТЫҒЫ

САҚТАЛАДЫ

Нормаларды сақтау үшін орыңдалған іс-шаралар/корпоративтік басқару қағидадары

Компания мыналарды:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Эмитенттің ақпаратты ашу қағидаларын, Эмитент ашуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысын;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылғы 27 сәуірдегі № 15 хаттама) бекітілген листинг қағидаларын және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 хаттама) бекітілген Листингтік қағидаларын;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларын (2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 хаттама);
- «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысын және Корпоративтік басқару кодексін, Ақпаратты ашу туралы қағидаларды, «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын, ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің және «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурстарында, «ҚазТрансОйл» АҚ интернет-ресурсында орналастыру кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл регламентін және Компанияның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа ала отырып, мәліметтер коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын жағдайларды қоспағанда, мүдделі тараптарға өз қызметінің барлық аспектілері бойынша ақпаратты уақтылы және толық ашуды қамтамасыз етеді.

2021 жылғы 4 наурызда Компанияның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитетінде «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларын сақтау мәселесі жөніндегі ақпарат және Компанияның инсайдерлерін 2021 жылы жүргізген оқыту нәтижелері бойынша есеп қаралды.

2021 жылғы 22-23 қараша аралығында комплаенс-бақылау қызметі инсайдерлер болып табылатын Компания жұмыскерлері үшін «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлеріне арналған тренинг» тақырыбында Қазақстан Республикасы заңнамасының және биржаның бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау саласындағы талаптарының сақталуы бойынша бейнеконференция түрінде онлайн-режимде тренинг-семинар өткізу арқылы оқыту өткізді. Оқыту барысында инсайдерлік ақпаратты ашудың кейбір ерекшеліктері, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланумен байланысты ықтимал тәуекелдер, осы саладағы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік түрлері қарастырылды, сондай-ақ нақты практикалық жағдайлар талқыланды.

Тұтастай алғанда, Компанияның қызметі туралы өзекті ақпаратты уақтылы ашу арқылы Компанияның ашықтығын арттыру жөніндегі жұмыс тиісті түрде жүзеге асырылады.

Ақпаратты уақтылы жібермеу фактілері немесе реттеуші органдар тарапынан тиісті материалдарға ескертулер болған жоқ.

Компания жылдық, жартыжылдық және тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындайды. Есептер қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында және Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында уақтылы орналастырылады.

Қоғамның 2021 жылғы қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС компаниясы жүргізді, ол Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайының көрсетілуінің анықтығын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын растады.

5-ҚОСЫМША. АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН, ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІМЕН

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі 206

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 212

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 212

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 214

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 216

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп 218

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер 220

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидағдары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидағдары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның акционерлеріне және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «ҚазТрансОйл» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі	Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды
Негізгі құралдардың әділ құны	
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар Топ активтерінің елеулі бөлігін құрайды.	Біз Топ басшылығынан негізгі құралдардың әділ құнындағы ықтимал өзгерістеріне талдау алдық.
Топтың негізгі құралдары Топтың есеп саясатына сәйкес қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залалды шегеріле отырып, әділ құн бойынша көрсетіледі. Әр есеп беру күніне Топ негізгі құралдардың әділ құны олардың баланстық құнынан қаншалықты ерекшеленетінін талдайды.	Негізгі құралдарды пайдаланудан түсетін болжамды ақша ағындарының дисконтталған құнын талдау кезінде біз басшылық пайдаланған деректерді Топтың соңғы бизнес жоспарларымен салыстырдық. Біз қолданылған болжамдарды бағалап, оларды тарихи деректермен салыстырдық. Біз есептеулерде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін және өсімнің ұзақ мерзімді қарқындарын қолжетімді сыртқы ақпаратпен салыстырдық.
Магистральді Водоводтың негізгі құралдарынан басқа мамандандырылған активтердің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы негізгі құралдарды пайдаланудан күтілетін болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнын анықтайды.	Біз болашақ ақша ағындарының құнын есептеудің математикалық дәлдігін тексердік. Индексацияны пайдалана отырып қайта бағаланған активтер үшін біз индекстердің есептеулерін бағаладық және әділ құнды есептеу кезінде пайдаланылған индекстерді қолжетімді сыртқы ақпаратпен салыстырдық.
Магистральді Водоводтың мамандандырылған активтерінің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы активтердің қалпына келтіру құнын анықтайды.	Ұқсас активтердің нарықтық бағаларын талдау кезінде біз басшылық қолданған бағаларды ұқсас позициялар бойынша нарықтық деректермен салыстырдық. Активтердің қалпына келтіру құнын қарастыру кезінде біз баға индексіне қатысты болжамдарды талдадық және құрылыс-монтаж жұмыстарына қатысты баға индексіне қолда бар ақпаратты пайдалана
Мамандандырылмаған активтердің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы ұқсас активтердің нарықтық бағаларын анықтайды.	
Негізгі құралдардың баланстық құнының елеулігіне және басшылықтың негізгі құралдардың әділ құнындағы өзгерістерді талдау кезінде кәсіби пайымдаулар мен	

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидағдары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидағдары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

бағалаулардың маңызды қолданылуына байланысты, бұл аудит мәселелерінің ең маңыздысы болып табылады.

Негізгі құралдардың әділ құнындағы өзгерістерді талдау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 5-ескертпесінде ашылып көрсетілді.

отырып, қалпына келтіру құнын қайта есептедік.

Біз активтердің қалпына келтіру құны мен жинақталған амортизация есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік.

Топтың 2021 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2021 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. 2021 жылдық есеп бізге осы аудиторлық есеп берілген күннен кейін беріледі деп күтілуде.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз бізге қол жетімді болған кезде жоғарыда көрсетілген басқа ақпаратпен танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады. Егер біз жүргізген жұмыс негізінде біз осындай басқа ақпараттың елеулі бұрмалануы бар деген қорытындыға келсек, біз бұл факт туралы хабарлауға міндеттіміз. Бізде ондай фактілер туралы мәлімет жоқ.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитетінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;



01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
ҚЕХС (IAS) 1 түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

2020 жылғы қаңтарда ҚЕХС Кеңесі міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеуге қатысты талаптар түсіндірілетін ҚЕХС (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер шығарды. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы дегеніміз не;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;
- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын орындау мүмкіндігі;
- міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді, егер айырбасталатын міндеттемеге енгізілген туынды құрал үлестік құрал болса.

Бұл түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта Топ осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы сыныпта-масына ықтимал әсерін талдайды.

ҚЕХС (IFRS) 3 түзетулер – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер»

2020 жылғы мамырда ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 3 «Бизнес бірлестіктері» – «*Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер*» түзетулерін шығарды. Бұл түзетулердің мақсаты – 1989 жылы шығарылған «*Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасы*» сілтемелерін 2018 жылғы наурызда шығарылған «*Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздері*» сілтемелеріне, стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбестен ауыстыру болды. Кеңес, егер олар жекелеген операциялар шеңберінде туындаған болса, ҚЕХС (IFRIC) 37 қолдану саласына немесе ҚЕХС (IFRIC) 21 «*Міндетті төлемдер*» түсіндірмесіне жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2-ші күнгі» әлеуетті пайда немесе залалдың туындауын болдырмау үшін ҚЕХС (IFRS) 3-ке тану қағидатынан алып тастауды қосты. Сонымен бірге Кеңес «*Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына*» сілтемелерді ауыстыру әсер етпейтін шартты активтерге қатысты қолданыстағы ҚЕХС (IFRS) 3 талаптарын түсіндіруге шешім қабылдады. Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және перспективті түрде қолданылады.

ҚЕХС (IAS) 16 түзетулер – «Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі түсімдер»

2020 жылдың мамыр айында ҚЕХС Кеңесі «*Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі түсімдер*» құжатын шығарды, бұл ұйымдарға объектінің бастапқы құнынан осы объектіні орналасқан жеріне жеткізу және оны пайдалану үшін талап етілетін күйге келтіру процесінде, басшылықтың ниетіне сәйкес, өндірілген өнімді сатудан түскен кез-келген түсімдерді алып тастауға тыйым салады. Оның орнына ұйым осындай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы бұйымдарды пайда немесе шығын құрамында өндіру құнын мойындайды. Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең алғашқысы басталған (немесе одан кейін) күні пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдар объектілеріне ретроспективті түрде қолданылуға тиіс. Бұл түзетулер Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

ҚЕХС (IAS) 37 түзетулер – «Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға арналған шығындар»

2020 жылғы мамырда ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IAS) 37-ге түзетулер шығарды, онда ұйым шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде қандай шығындарды ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі. Түзетулер «шартқа тікелей байланысты шығындарға» негізделген тәсілді қолдануды көздейді. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындар осы шартты орындауға арналған қосымша шығындарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтиды. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес, сондықтан олар шарт бойынша контрагенттің нақты өтеуіне жататын жағдайларды қоспағанда, алынып тасталады. Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ осы түзетулерді ол алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезең басталған күні өзінің барлық міндеттерін әлі орындамаған шарттарға осы түзетулерді қолданатын болады.

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидағдары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидағдары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

4.20. ЕСЕП ЖҮРГІЗУ САЯСАТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ ҚАҒИДАТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

ҚЕХС (IFRS) 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын бірінші қолдануға» түзету – Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғаш қолданатын еншілес ұйым

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС-тің жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IFRS) 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын бірінші қолдануға» түзету шығарды. Осы түзетуге сәйкес ҚЕХС(IFRS) 1 D16 (а) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым негізгі ұйымның ҚЕХС-қа көшу күнін негізге ала отырып, негізгі ұйымның қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы. Осы түзету ҚЕХС(IFRS) 1 D16 (а) тармағын қолдануды шешетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылады. Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарына» түзету – қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» өткізу кезінде комиссиялық сыйақы

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС-тің жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС Кеңесі

ҚЕХС (IFRS) 9-ға түзету шығарды. Түзетуде комиссиялық сыйақының сомасы түсіндіріледі, ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай өзгеше болып табылатындығын бағалау кезінде ескереді. Мұндай сомаларға басқа тараптың атынан кредитор немесе қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолдануға тиіс.

Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Компания осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолданады. Бұл түзету Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

ҚЕХС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығына» түзету – әділ құнды бағалау кезінде салық салу

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ҚЕХС-тің жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ҚЕХС Кеңесі ҚЕХС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығына» түзету шығарды. Осы түзету ХҚЕС (IAS) 41-дің 22-тармағындағы ұйымдардың ХҚЕС (IAS) 41 қолдану саласына жататын активтердің әділ құнын бағалау кезінде салық салуға байланысты ақша ағындарын есепке енгізбеуі туралы талапты жоққа шығарады. Ұйым осы түзетуді 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) әділ құнды бағалауға қатысты перспективті түрде қолдануға тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл стандарт Топқа қолданылмайды.

ХҚЕС (IAS) 8-ге түзетулер – «Бухгалтерлік бағаларды айқындау»

2021 жылғы ақпанда ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IAS) 8-ге түзетулерін шығарды, онда «бухгалтерлік бағаларды» айқындау енгізіледі. Түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен қатар, құжатта ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды әзірлеу үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатыны түсіндіріледі. Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және көрсетілген кезеңнің басталу күнінде немесе одан кейін болатын есеп саясатындағы өзгерістерге және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерге қолданылады. Бұл факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Топқа айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер – «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу»

2021 жылғы ақпанда ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IAS) 1-ге және «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер шығарды, онда ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылық туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдар бар. Түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ұйымдардың есеп саясатының «маңызды ережелерін» ашуы туралы талапты есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу туралы талапқа ауыстыру арқылы, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдау кезінде маңыздылық ұғымын қалай қолдануға болатындығы туралы нұсқаулықты қосу арқылы ашуға көмектесуі керек. ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады. ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулерде есеп саясаты туралы ақпаратқа маңыздылық айқындамасын қолдануға қатысты міндетті емес нұсқаулық қамтылғандықтан, осы түзетулердің күшіне ену күнін көрсету талап етілмейді. Қазіргі уақытта Топ осы түзетулердің Топтың есеп саясаты туралы ақпаратты ашуға әсерін бағалауды жүргізуде.

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ міндеттемелер шарттары туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Топтың тәуекелдерге бейімділігі туралы және белгісіздіктер туралы өзге ақпаратты ашу мына ескертпелерде ұсынылған:

- қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаты мен саясаты (*39-ескертпе*);
- сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу (*39-ескертпе*).

Бағалау мәндері және болжаулар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Топтың болжаулары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолын да болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Топ бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олардың пайда болуына қарай болжауларда көрініс табады.

Топтың негізгі құралдарының әділ құнын бағалау

Топ негізгі құралдарды қайта бағаланған құн бойынша жүргізеді. 2019 жылдың ішінде Топтың негізгі құралдардың қайта бағалауы үшін Топ тәуелсіз кәсіби бағалаушыларды жұмысқа тартты.

Әділ құнды бағалаған кезде Топ пайдаланған бағалау әдістері бағаланатын активті ең жақсы және ең тиімді пайдалану тұрғысынан қарастырылады. БМТ мен Магистралдық суағызғысын қоспағанда, Топ активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды сату болып табылады. Магистралдық суағызғысы активтерін ең жақсы және ең тиімді пайдалану оларды өңірдегі мұнай өндіруші компаниялардың активтерімен жиынтықта пайдалану болып табылады.

Қазақстан Республикасы қалаларындағы Топтың тиісті жер учаскелерімен бірге офистік ғимараттарының, Грузиядағы жер учаскелерін (Батуми қ.), сондай-ақ көлік құралдарының және өзге де жеке мамандандырылмаған активтердің әділ құнын бағалау үшін пайдаланған бастапқы деректер әділ құн иерархиясындағы 2 ші деңгейге жатады (бағасы белгіленбейтін байқалатын бастапқы деректер).

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Топтың қалған негізгі құралдары мамандандырылған болып табылады және олардың әділ құнын айқындаған кезде әділ құн иерархиясындағы 3-ші деңгейге жататын бастапқы деректер пайдаланды (байқалмайтын бастапқы деректер).

БМТ-дан басқа Топ компанияларының мамандырылған активтерін бағалау әдістемесі бастапқыда амортизацияланған қалпына келтіру құнын бағалауға негізделген («шығын әдісі»). Нарықтық әдіс бойынша БМТ негізгі құралдарының әділ құны анықталды.

Әділ құнын бағалау кезінде бағалаушы Топтың мамандырылған негізгі құралдарының экономикалық тозу мөлшерін анықтау үшін кірістер әдісін қолдана отырып, тиісті кірістілігіне тест жүргізді. БМТ мен Магистральдық суағызғысын қоспағанда, Топ компанияларының негізгі құралдарының өтелетін құны дисконтталған ақша ағыны моделінің негізінде айқындалды. Ақша ағындарының болжамдары Топ басшылығымен бекітілген Топ компанияларының бизнес-жоспарларына негізделген. Кіріс әдісін қолдану кезінде келесі негізгі болжамдар жасалды:

	АҚША АҒЫМДАРЫН ТУЫНДАТАТЫН БӨЛІМДЕР	
	МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ (КОМПАНИЯ)	БТК
Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	13,94%	11,82%
Өсудің ұзақ мерзімді қарқыны	3,29%	2%

2019 жылы кірістер әдісі бойынша алынған нәтижелер амортизациялық ауыстыру құны бойынша айқындалған көрсеткіштерден төмен болды және, тиісінше, Топтың негізгі құралдарының әділ құны ретінде алынды. Кірістер әдісінің бағалау нәтижелері дисконттау мөлшерлемесінің және ұзақ мерзімді өсу қарқынының өзгеруіне, сондай ақ ұсынылатын қызметтерді сату көлемдеріне қатысты болжамдарға, ұсынылатын қызметтердің тарифтері деңгейіне сезімтал болды. 2019 жылғы тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша Топтың негізгі құралдарының баланстық құны (технологиялық мұнайды қоспағанда) 71.339.490 мың теңгеге өсті.

Әр есепті беру күнге Топ негізгі құралдардың баланстық құны мен есепті күнге әділ құны арасындағы айырмашылықтардың бәр-жоғын анықтайды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания басшылығы негізгі құралдардың әділ құнына қатысты бағалауды қайта қарады. Магистральдық Суазғысын мен БМТ-ны қоспағанда, Топтың мамандырылған активтерінің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы негізгі құралдарды пайдаланудан күтілетін болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнын есептеді. Магистральдық Суағызғының мамандандырылған активтерінің әділ құнының ықтимал ауытқуларын бағалау үшін Топ басшылығы активтерді ауыстырудың өзекті құнын есептеді. БМТ активтері мен Топтың мамандырылмаған активтерінің әділ құнындағы ауытқуларды бағалау үшін Топ басшылығы ұқсас активтердің нарықтық бағаларын анықтады. Талдау нәтижелері бойынша Топ басшылығы 2021 жылдың соңында Топтың негізгі құралдарының баланстық құны мен олардың әділ құны арасында айтарлықтай айырмашылықтар болмағанын анықтады.

Технологиялық мұнайды қайта бағалау

Технологиялық мұнайды қайта бағалау мұнайдың әділ бағасының ауытқуы айтарлықтай жиі әрі елеулі болатындықтан, әр есеп күніне жүргізіледі. Компанияның технологиялық мұнайы аралық кезеңдердің әр есеп беру күнінде және 2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта бағаланды.

Технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн сатында 2 деңгейге жатады (бағасы белгіленбейтін байқалатын бастапқы деректер).

Топ басшылығы технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтау кезінде келесі пайымдауларды назарға алды:

- технологиялық мұнай құбырды пайдалану үдерісінің ажырағысыз бөлігі, онсыз тасымалдау мүмкін емес және тиісінше бағалау нысаны мамандандырылған актив болып табылады;
- технологиялық мұнай ТМРК қойған шектеулер нәтижесінде сатыла да және өзгелей түрде пайдаланыла да алмайды;
- ТМРК және Қазақстан Республикасының Үкіметі елдегі жалпы баға индексіне тарифтердің жағымсыз әсерінің алдын алу үшін оларды мұқият қадағалап отырады (экспорт үшін және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттің тарифтарын қоспағанда), және тиісінше егер мұнай халықаралық нарық бағасы бойынша бағаланған болса, оның құнын өтеуге мүмкіндік бермейтін деңгейде белгіленуі мүмкін;
- және егер Топқа құбырдың жаңа бөліктерін толтыру үшін қосымша мұнай сатып алу қажет болса, онда мұнай өндіруші ұйымдар Топтың талабы бойынша Топтың магистральдық құбыр жүйесін толтыру үшін мұнай жеткізу деген тасымалдау келісім-шарттарының талаптарын қолданатын болады;
- мұнай өндіруші ұйымдар үшін ішкі баға немесе ҚМГ тобының мұнай зауыттарына жеткізілетін толлингтік мұнай бағасы қолданылады.

Осы факторлардың бәрін ескере отырып, 2021 жылғы 31 желтоқсанға Топтың технологиялық мұнайының әділ құны бір тонна үшін 76.648 теңге бағасы ретінде анықталды (2020 жылғы 31 желтоқсанға: бір тонна үшін 38.336 теңге). Мұнайдың әділ құнының өзгеруінен болған өзге де жиынтық кіріс 2021 жылы 100.258.238 мың теңгені (2020 жылы: өзге де жиынтақ залал 66.267.938 мың теңге) құрады. Бұдан басқа, 2021 жылы 998.073 мың теңге (2020 жыл: 492.886 мың теңге) сомасында артық мұнайды қайта бағалаудан (230.517 мың теңгеге мұнай жетіспеушілігін есептен шығаруды шегергенде), сондай-ақ 183.922 мың теңге мөлшерінде мұнай жетіспеушілігін есептен шығарудан болған залал (*б-ескерту*) танылды. 2021 жылы қайта бағалауға нәтижесінде өзге де жиынтық кіріс 101.256.311 мың теңгені құрады (2020 жылы: өзге де жиынтық залал 65.775.052 мың теңге) (*б-ескерту*).

2021 жылғы 31 желтоқсанға құбырдағы мұнай көлемі 2.628 мың тоннаны құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 2.618 мың тонна). 2021 жылдың соңына жүргізілген түгендеу нәтижесі бойынша 16.029 тонна көлемінде (2020 жылы: 12.857 тонна) артық және 5.730 тонна мөлшерінде (2020 жылы: 176 тонна) жетіспеушілік танылды.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі

Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы қызмет мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер күтілетіні бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер ҚЕХС (IAS) 8 «*Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларын-дағы өзгерістер мен қателіктерге*» сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «*Магистральдық құбыр туралы*» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Топтың пайдалану аяқталғаннан кейін магистральдық құбырды (мұнай құбырын) жою және бұдан әрі қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырлардың пайдалы қолдану мерзімі біткенде ауыстыруға байланысты, жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме іс-шаралары жүргізіледі.

Құбырларды жою және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемеге резерв Топ есептеген Қазақстан Республикасында қолданылатын техникалық ережелер мен нормаларға сәйкес бөлшектеу және жерді қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізу құнының негізінде бағаланады. 2021 жылдағы 31 желтоқсанға 1 км құбырды бөлшектеу бойынша шығын сомасы 6.922 мың теңгені құрайды (2020 жылдағы 31 желтоқсанға: 6.560 мың теңге).

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме (жалғасы)

Сондай-ақ активтерді пайдаланудан шығару және жерлерді қайта өңдеу жөніндегі міндеттемелер құрамында қалдықтар орналастырылатын полигондарды жою бойынша резерв көрсетілген. Резерв Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес 2013 жылы құрылған, оған сай қалдықтарды орналастыру полигонының меншік иелеріне полигон жабылғаннан кейін жерлерді қайта өңдеу және қоршаған ортаға әсерді бақылау үшін жою қоры құрылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша резервтер сомасы төменде берілген міндеттемені орындаудың күтілетін мерзімін, инфляция мөлшерлемесін және есепті кезеңнің аяғына дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып белгіленді:

ПАЙЫЗ РЕТІНДЕ	2021 ЖЫЛ	2020 ЖЫЛ
Дисконттау мөлшерлемесі	6,72%	6,71%
Инфляция мөлшерлемесі	5,49%	5,54%
Міндеттемені орындаудың мерзімі	13 лет	14 лет

Қазақстан Республикасында жоғары өтімді корпоративтік облигациялардың белсенді нарығының болмауына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша мәмілелердің жеткіліксіздігіне байланысты, Топ есептік дисконт мөлшерлемесі ретінде өтеу мерзімдері активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелердің күтілетін мерзіміне сәйкес, елдік тәуекелді және Қазақстан Республикасының инфляция деңгейін ескере отырып түзетілген АҚШ-тың мемлекеттік қазынашылық облигациялары бойынша тәуекелсіз мөлшерлемесін пайдаланады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге арналған резервтің теңгерімдік құны 34.547.151 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 33.688.837 мың теңге) (26-ескертпе).

Залалды жою кезіндегі шығындарды бағалау табиғатты қорғау талаптарындағы және заңнаманы түсіндірудегі әлеуетті өзгерістерге ұшырайды. Сондай-ақ, мұндай шығындарды бағалау кезіндегі айқынсыздықтар балама таңдаулардағы, бұзылған жерлерді жою мен қайта қалпына келтіру әдістеріндегі, дисконт деңгейлері мен инфляция мөлшерлемесіндегі және осы міндеттеме күшіне енетін кезеңдегі әлеуетті өзгерістерді қамтиды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелердің маңызды болжамдарының өзгерісіне сезімталдықты талдау келесідей берілген:

МЫҚ ТЕҢГЕМЕН	МӨЛШЕРЛЕМЕНІҢ (ТӨМЕНДЕУ)/ӨСУІ	МІНДЕТЕМELEPДІҢ (ТӨМЕНДЕУ)/ӨСУІ
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	2.156.637
	+0,5%	(2.019.710)
Инфляция мөлшерлемесі	-0,5%	(2.051.842)
	+0,5%	2.171.926

Жеткізушілерге берілген алғытөлемдердің құнсыздануы бойынша резервтері

Топ жеткізушілерге берілген ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді алғытөлемдердің құнсыздануына қатысты резервтерді мойындады. Резервті бағалау кезінде мердігерлердің қызметіндегі бұрынғы және күтілетін нәтижелер есепке алынды. Экономикадағы, саладағы және нақты сипаттамалардың өзгерістері шоғырландырылған қаржы есептілігінде ескерілген резервтерге әсер етуі мүмкін.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанда осы резервтер сәйкесінше, 831.136 мың теңге және 811.543 мың теңге сомасында қалыптасты (10, 13-ескертпелер).

Қаржылық активтер бойынша резервтер

Топ дебиторлық берешек және кредиттік мекемелердегі қаражаттар (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары) бойынша күтілетін несиелік шығындарға резервтерді құрайды.

Сауда және өзге де дебиторлық берешек бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау кезінде Топ стандартта көзделген жеңілдетілген тәсілді қолданды және күтілетін несиелік шығындарды аталған қаржы құралдарының бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде есептеді. Топ қарыз алушыларға тән факторларға және жалпы экономикалық жағдайларға түзетілген кредиттік залалдарды өтеу тәжірибесін ескере отырып дайындалған бағалау резервтер моделін пайдаланды.

Кредиттік мекемелердегі қаражаттарға (ақша қаражаттары және олардың баламалары, банк салымдары), бағалы қағаздардағы инвестицияларға қатысты Топ 12 айлық кезең ішінде күтілетін несиелік шығындарды есептеді. 12 айлық несиелік залалдар – есеп беру күнінен кейінгі 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттарға байланысты туындайтын күтілетін несиелік шығындарды білдіретін бүкіл мерзімге күтілетін несиелік шығындардың бір бөлігі болып табылады. Алайда, бастапқы танудан кейін қаржы құралының несиелік тәуекелінің едәуір ұлғаюы жағдайында, бағаланған шығыс резерві барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындардыға тең сомада бағаланады.

Топ, келісімшарт бойынша төлемдер 30 күннен астам уақытқа созылған жағдайда, кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алған деп есептейді. Келісімшарт бойынша төлемдер 90 күнге дейін мерзімі өткен жағдайда, қаржы активі бойынша дефолт бар деп есептеледі. Сонымен қатар, белгілі бір жағдайларда, Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат, Топтың қарызды көтеру тетіктерін ескерместен Топ келісімшартта көзделген қалған төлемдердің толық көлемін алуы екіталай деп болжайтын болса, қаржы активі үшін дефолт болды деп қорытынды жасауға болады. Сонымен, 2021 және 2020 жылғы 31 желтоқсанда күтілетін несиелік шығындар бойынша резервтер 5.621.137 мың теңге және 5.565.145 мың теңге көлемінде қалыптастырылды (12, 16, 17-ескертпелер).

Салықтар бойынша резервтер

Күрделі салық заңнамасын түсіндіруге, салық заңнамасындағы өзгерістерге, сондай-ақ келешекте салық салынылатын кірістерді алу мерзімі мен сомаларына қатысты айқындық жоқ. Шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатының күрделілігін ескергенде, нақты нәтижелер мен қабылданып рұқсат етілген нәтижелер арасында пайда болған айырма немесе мұндай рұқсат етілген нәтижелердің болашақтағы өзгеруі пайда салығы бойынша шығыстар немесе кірістер сомасы есептілігінде көрсетілген болашақ түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізделген болжауларға сүйене отырып, Топ салық органдары жүргізген салық тексеруінен болуы мүмкін салдарына арнап резерв жасайды. Осындай резервтердің мөлшері түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің және салық заңнамасын салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының түсіндіруіне тәуелді болады.Талдаудағы мұндай айырмашылықтар мемлекеттегі басымды жағдайға байланысты көптеген сұрақтар туындайды.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР (ЖАЛҒАСЫ)

Бағалау мәндері және болжаулар (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салықтық активтер

Кейінге қалдырылған салықтық активтер шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық залалдары және салық жеңілдіктері бойынша оған қарағанда салық залалдары есептелуі мүмкін салық салынатын пайда алу мүмкін болатын мөлшерде танылады.

Болашақ салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілігінде тануға болатын кейінге қалдырылған салықтық активтері сомасын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдауы қажет. 2021 жылғы 31 желтоқсанда мерзімі ұзартылған салық бойынша танылған активтер сомасы 2.254.677 мың теңге болды (*35-ескерте*). 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтері болған жоқ.

Қызметкерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс дисконттау мөлшерлемелері, келешекте еңбекақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжауларды бағалаудың күрделілігіне және еңбек қызметінің аяқталуы бойынша қызметкерлерге төленетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжаулардың өзгерістеріне аса сезімтал. Барлық болжау әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қазақстан Республикасында жоғары өтімді корпоративтік облигациялардың белсенді нарығының болмауына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша мәмілелердің жеткіліксіздігіне байланысты, Топ есептік дисконт мөлшерлемесі ретінде өтеу мерзімдері қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің күтілетін мерзіміне сәйкес, елдік тәуекелді және Қазақстан Республикасының инфляция деңгейін ескере отырып түзетілген АҚШ-тың мемлекеттік қазынашылық облигациялары бойынша тәуекелсіз мөлшерлемесін пайдаланады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қол жетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Болашақ еңбекақы мөлшерінің көбеюі және зейнетақы мөлшерінің көбеюі күтіліп отырған болашақ инфляция қарқынына негізделеді.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылған негізгі актуарлық болжаулар келесі түрде көрсетілген:

	2021 ЖЫЛ	2020 ЖЫЛ
Дисконттау мөлшерлемесі	6,72%	6,71%
Болашақта еңбекақының өсуі	5,43%	5,34%
Өлім-жітім пайызы	5,81%	5,81%

2021 жылғы 31 желтоқсанға еңбек қызметінің аяқталуынан кейін қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттеменің орташа ұзақтығы 18,2 жылды құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 18,8 жыл).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің маңызды болжауларының өзгерісіне сезімталдықты талдау келесідей берілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	МӨЛШЕРЛЕМЕНІҢ (ТӨМЕНДЕУІ)/ӨСУІ	МІНДЕТЕМELERДІҢ ӨСУІ/ТӨМЕНДЕУІ
Дисконттау мөлшерлемесі	-0,5%	1.369.187
	+0,5%	(1.252.123)
Болашақта еңбекақының өсуі	-1%	(2.526.651)
	+1%	2.749.369
Болашақта жалақының өсуі	-1%	(235.735)
	+1%	274.217
Өмірдің ұзақтығы	-1 жыл	(227.884)
	+1 жыл	226.914

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2020 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар келесі түрде көрсетілген:

МЫҚ ТЕҢГЕМЕН	ЖЕР	ҚҰБЫРЛАР	КӨЛІК АКТИВТЕРІ	ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР	МАШИНАЛАР ЖӘНЕ ЖАБДЫҚ	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҰНАЙ	ӨЗГЕ ДЕ	АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС	ЖИНЫ
2020 жылғы 1 қаңтарға жалпы теңгерімдік құны	23.949.576	233.143.081	19.294.537	87.817.200	165.639.253	166.121.927	10.110.133	49.263.659	755.339.366
Валютаны қайта есептеудің әсері	1.786.462	–	93.151	(196.814)	37.229	–	889	38.166	1.759.083
Түсімдер	–	23.130	3.055.322	203.791	1.652.443	–	238.965	44.537.447	49.711.098
Шығарылу	(60.483)	(330.858)	(20.737)	(38.917)	(183.241)	(1.064)	(238.333)	(17.542)	(891.175)
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резервтен түсімдер (26-ескертіле)	–	410.941	–	–	–	–	–	–	410.941
Құнсыздануды қалпына келтіру/(есептеу) (активті қайта бағалаудан болған резерв)	–	65.834	–	–	–	(65.775.052)	–	–	(65.709.218)
Құнсыздануды қалпына келтіру (пайдалар мен залалдар арқылы)	–	–	–	–	–	–	–	49.202	49.202
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылған (18-ескертіле)	–	–	(51.399)	(5.867)	–	–	–	–	(57.266)
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	–	22.171.009	430.258	6.892.147	10.584.438	–	330.920	(40.408.772)	–
Материалдық емес активтерге ауыстырылған (8-ескертіле)	–	–	–	–	–	–	–	(226.536)	(226.536)
Ауыстырулар мен аударымдар	–	(100.889)	(84.688)	52.494	112.641	–	20.442	–	–
2020 жылғы 31 желтоқсанға жалпы теңгерімдік құны	25.675.555	255.382.248	22.716.444	94.724.034	177.842.763	100.345.811	10.463.016	53.235.624	740.385.495
Валютаны қайта есептеудің әсері	506.451	–	259.284	686.073	361.773	–	13.158	47.265	1.874.004
Тозу	1.523	12.750	1.527.383	81.208	26.580.431	–	450.942	58.093.571	86.747.808
Шығарылу	(4.057)	(3.373.320)	(106.422)	(374.488)	(659.473)	(183.922)	(347.115)	(64.680)	(5.113.477)
Активтерді пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттемелерге резервтен түсімдер (26-ескертіле)	–	340.189	–	–	–	–	–	–	340.189
Жете бағалау (активті қайта бағалаудан болған резерв)	–	–	–	–	–	101.256.311	–	–	101.256.311
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылған (18-ескертіле)	(31.068)	–	(4.631)	(13.495)	–	–	–	–	(49.194)
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	–	24.370.001	624.475	5.736.955	29.370.511	–	830.901	(60.932.843)	–
Материалдық емес активтерге ауыстырылған (8-ескертіле)	–	–	–	–	–	–	–	(341.793)	(341.793)
Ауыстырулар мен аударымдар	–	–	–	–	–	–	(8.171)	8.171	–
2021 жылғы 31 желтоқсанға жалпы теңгерімдік құны	26.148.404	276.731.868	25.016.533	100.840.287	233.496.005	201.418.200	11.402.731	50.045.315	925.099.343

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЖЕР	ҚҰБЫРЛАР	КӨЛІК АКТИВТЕРІ	ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР	МАШИНАЛАР ЖӘНЕ ЖАБДЫҚ	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҰНАЙ	ӨЗГЕ ДЕ	АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС	ЖИЫНЫ
2020 жылғы 1 қаңтарға жинақталған тозу мен құнсыздану	–	(5.385.993)	(1.176.504)	(2.616.469)	(10.120.061)	–	(1.618.342)	–	(20.917.369)
Валютаны қайта есептеудің әсері	–	–	2.230	5.298	(694)	–	(1.094)	–	5.740
Тозу	–	(14.227.031)	(2.914.998)	(6.657.563)	(25.640.576)	–	(3.111.750)	–	(52.551.918)
Шығарылу	–	155.266	8.439	11.252	171.681	–	236.852	–	583.490
Құнсыздану (пайдалар мен залалдар арқылы)	–	(1.068)	(2.663)	–	–	–	–	(31.451)	(35.182)
Құнсыздану (активті қайта бағалаудан болған резерв)	–	(4.209)	(2.267)	(1.627)	–	–	–	(2.561)	(10.664)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылған (18-ескертіле)	–	–	18.000	2.466	–	–	–	–	20.466
Ауыстырулар мен аударымдар	–	10.508	1.356	(364)	(11.473)	–	(27)	–	–
2020 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған тозу мен құнсыздану	–	(19.452.527)	(4.066.407)	(9.257.007)	(35.601.123)	–	(4.494.361)	(34.012)	(72.905.437)
Валютаны қайта есептеудің әсері	–	–	(68.363)	(41.725)	(76.393)	–	(2.284)	–	(188.765)
Тозу	–	(14.981.077)	(2.951.544)	(7.012.540)	(24.471.447)	–	(2.155.754)	–	(51.572.362)
Шығарылу	–	1.773.496	105.084	210.649	622.867	–	341.373	–	3.053.469
Құнсыздану (пайдалар мен залалдар арқылы)	–	(11.387)	–	–	(709)	–	–	(324.338)	(336.434)
Құнсыздану (активті қайта бағалаудан болған резерв)	(14.838)	(31.127)	–	–	(2.643)	–	–	(54.042)	(102.650)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерге ауыстырылған (18-ескертіле)	14.838	–	1.822	7.458	–	–	–	–	24.118
Материалдық емес активтерге ауыстырылған (8-ескертіле)	–	–	–	–	–	–	–	1.896	1.896
2021 жылғы 31 желтоқсанға жинақталған тозу мен құнсыздану	–	(32.702.622)	(6.979.408)	(16.093.165)	(59.529.448)	–	(6.311.026)	(410.496)	(122.026.165)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша									
Жалпы теңгерімдік құны	26.148.404	276.731.868	25.016.533	100.840.287	233.496.005	201.418.200	11.402.731	50.045.315	925.099.343
Жинақталған тозу және құнсыздану	–	(32.702.622)	(6.979.408)	(16.093.165)	(59.529.448)	–	(6.311.026)	(410.496)	(122.026.165)
Теңгерімдік құн	26.148.404	244.029.246	18.037.125	84.747.122	173.966.557	201.418.200	5.091.705	49.634.819	803.073.178
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша									
Жалпы теңгерімдік құны	25.675.555	255.382.248	22.716.444	94.724.034	177.842.763	100.345.811	10.463.016	53.235.624	740.385.495
Жинақталған тозу және құнсыздану	–	(19.452.527)	(4.066.407)	(9.257.007)	(35.601.123)	–	(4.494.361)	(34.012)	(72.905.437)
Теңгерімдік құн	25.675.555	235.929.721	18.650.037	85.467.027	142.241.640	100.345.811	5.968.655	53.201.612	667.480.058

Егер жинақталған тозуды және жинақталған құнсыздануды шегергенде активтер бастапқы баға бойынша ескерілсе, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған негізгі құралдардың әрбір қайта бағаланған санатының теңгерімдік құны төмендегідей көрсетіледі:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЖЕР	ҚҰБЫРЛАР	КӨЛІК АКТИВТЕРІ	ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР	МАШИНАЛАР ЖӘНЕ ЖАБДЫҚ	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҰНАЙ	ӨЗГЕ ДЕ	АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС	ЖИЫНЫ
2021 жылғы 31 желтоқсанға	20.102.948	185.514.566	16.818.436	64.592.153	148.909.207	30.324.706	4.521.158	49.698.567	520.481.741
2020 жылғы 31 желтоқсанға	19.626.982	171.963.756	16.799.118	63.016.044	110.093.905	30.405.235	4.880.812	53.213.837	469.999.689

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс негізінен келесі өндірістік объектілерді қамтиды:

- магистралды мұнай құбыры учаскілерін ауыстыру;
- магистралды суағызғысында құбыр учаскілерін ауыстыру;
- магистральдық мұнай және суағызғысында құбыры объектілерінің (сорғы станциялары, трасса бойындағы жолдары, байланыс желілері, электрмен жабдықтау, автоматика жүйесі және басқалары) ауыстыруы, қайта құруы және құрылысы.

2021 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша:

- толығымен амортизацияланған, бірақ әлі күнге дейін қолданыстағы негізгі құралдардың жалпы теңгерімдік құны мен тиісті жинақталған амортизациясы 3.540.654 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 3.537.132 мың теңге);
- аяқталмаған құрылыс 4.187.311 мың теңге көлемінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 3.667.280 мың теңге) құрылыс жұмыстары үшін сатып алынған материалдар мен босалқы бөлшектерді қамтиды.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (ЖАЛҒАСЫ)

2021 жылдың сәуірінде Магистральдық Суағызғысы, суағызғы құрылысы бойынша ынтымақтастық туралы келісімі аясында, су тасымалдау қызметін тұтынушының қаражаты есебінен сомасы 24.987.181 мың теңгеге салынған Құлсары-Теңгіз техникалық суының жаңа суағызғысын (бірінші кезек) ақысыз қабылдады (22 ескертпе).

31 желтоқсанда аяқталған 2021 жыл үшін аяқталмаған құрылыс құнына капиталдандырылған тозу сомасы 20.337 мың теңгені құрады (2020 жыл үшін: 22.253 мың теңге).

7. ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ ТҮРІНДЕГІ АКТИВТЕР

2020 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалану құқығы түріндегі активтер келесі түрде көрсетілген:

МЫҚ ТЕҢГЕМЕН	ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ ТҮРІНДЕГІ АКТИВТЕР				
	ЖЕР	КӨЛІК АКТИВТЕРІ	ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАР	МАШИНАЛАР, ЖАБДЫҚ ЖӨНЕ БЕРІЛІС ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ	ЖИНЫ
2020 жылғы 1 қаңтарға қалдық құн	86.468	3.257.637	288.488	269.451	3.902.044
Түсімдер (24 ескертпе)	216.948	–	119.511	–	336.459
Шығарылу	–	–	(4.687)	(38.193)	(42.880)
Материалдық емес активтерге ауыстырылған (8 ескертпе)	(117.514)	–	–	–	(117.514)
Амортизация	(106.950)	(1.254.808)	(115.286)	(64.563)	(1.541.607)
Шығарулар бойынша амортизация	–	–	3.678	7.639	11.317
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	78.952	2.002.829	291.704	174.334	2.547.819
Түсімдер (24 ескертпе)	–	–	4.407	–	4.407
Шығарылу	(4.361)	–	(4.748)	–	(9.109)
Қайта бағалау (24 ескертпе)	–	–	7.071	–	7.071
Амортизация	(5.722)	(1.254.808)	(122.732)	(64.563)	(1.447.825)
Шығарулар бойынша амортизация	4.361	–	4.748	–	9.109
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	73.230	748.021	180.450	109.771	1.111.472
2021 жылғы 31 желтоқсанға					
Бастапқы құн	127.453	6.106.397	521.187	303.459	7.058.496
Жинақталған амортизация	(54.223)	(5.358.376)	(340.737)	(193.688)	(5.947.024)
Қалдық құн	73.230	748.021	180.450	109.771	1.111.472
2020 жылғы 31 желтоқсанға					
Бастапқы құн	131.814	6.106.397	514.457	303.459	7.056.127
Жинақталған амортизация	(52.862)	(4.103.568)	(222.753)	(129.125)	(4.508.308)
Қалдық құн	78.952	2.002.829	291.704	174.334	2.547.819

8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2020 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес активтер келесі түрде көрсетілген:

МЫҚ ТЕҢГЕМЕН	ЛИЦЕНЗИЯЛАР	БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА	ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН ҚҰҚЫҚТАР	ӨЗГЕ ДЕ	ЖИНЫ
2020 жылғы 1 қаңтарға қалдық құн	507.052	1.011.249	6.183.026	26.770	7.728.097
Түсімдер	22.871	12.779	–	–	35.650
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған (6-ескертпе)	102.574	123.962	–	–	226.536
Амортизация	(177.410)	(325.054)	(213.412)	(3.947)	(719.823)
Пайдалану құқығы түріндегі активтерден түсімдер (7-ескертпе)	117.514	–	–	–	117.514
Шығарылу	(15.213)	(57.954)	–	–	(73.167)
Аударымдар мен ауыстырулар	1.935	(1.935)	–	–	–
Шығарылудан жинақталған тозу	15.213	57.954	–	–	73.167
Валютаны қайта есептеу	1.977	–	(222.587)	–	(220.610)
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	576.513	821.001	5.747.027	22.823	7.167.364
Түсімдер	2.556	–	11.078	8.707	22.341
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған (6-ескертпе)	4.833	142.181	–	192.883	339.897
Амортизация	(174.121)	(267.330)	(212.604)	(4.131)	(658.186)
Шығарылу	(10.357)	(299.001)	–	(42.021)	(351.379)
Шығарылудан жинақталған тозу	10.357	299.001	–	42.021	351.379
Валютаны қайта есептеу	2.092	–	478.031	695	480.818
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	411.873	695.852	6.023.532	220.977	7.352.234
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Бастапқы құн	1.467.316	4.860.351	8.907.587	253.543	15.488.797
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(1.055.443)	(4.164.499)	(2.884.055)	(32.566)	(8.136.563)
Қалдық құн	411.873	695.852	6.023.532	220.977	7.352.234
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша					
Бастапқы құн	1.459.593	5.017.171	8.198.470	93.279	14.768.513
Жинақталған амортизация және құнсыздану	(883.080)	(4.196.170)	(2.451.443)	(70.456)	(7.601.149)
Қалдық құн	576.513	821.001	5.747.027	22.823	7.167.364

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

9. БІРЛЕСКЕН БАҚЫЛАУДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2020 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ҚҚҚ	МҰНАЙТАС	ЖИЫНЫ
2020 жылғы 1 қаңтарға	29.567.404	25.447.935	55.015.339
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	8.491.918	1.238.394	9.730.312
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың өзге де жиынтық залалындағы үлесі	(1.150.944)	(171.892)	(1.322.836)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	36.908.378	26.514.437	63.422.815
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың пайдасындағы үлесі	11.608.225	1.180.108	12.788.333
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың өзге де жиынтық залалындағы үлесі	(305.412)	(9.623)	(315.035)
Дивидендтер	(1.800.000)	–	(1.800.000)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	46.411.191	27.684.922	74.096.113

Төмендегі кестелерде бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар туралы Топтың барабар үлесін қоса қаржы ақпараты берілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ҚҚҚ			
	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	50%	100%
Бірлескен кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері	50%	100%	50%	100%
Қысқа мерзімді активтер	40.337.525	80.675.050	35.114.810	70.229.620
Ұзақ мерзімді активтер	101.235.203	202.470.406	107.775.535	215.551.070
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(28.468.773)	(56.937.546)	(22.730.676)	(45.461.352)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(66.692.764)	(133.385.528)	(83.251.291)	(166.502.582)
Таза активтер / инвестицияның теңгерімдік құны	46.411.191	92.822.382	36.908.378	73.816.756
Анықтамалық				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	29.199.195	58.398.390	24.593.042	49.186.084
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, сауда және өзге де кредиторлық берешек және бағалау міндеттемелерін қоспағанда	(22.308.592)	(44.617.184)	(17.764.072)	(35.528.144)
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер, сауда және өзге де кредиторлық берешек және бағалау міндеттемелерін қоспағанда	(47.196.527)	(94.393.053)	(66.833.998)	(133.667.995)

ҚҚҚ-ның ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері 2018 жылғы 27 маусымдағы агент ретінде әрекет ететін «Алматы қаласын-дағы Қытай Сауда-Өнеркәсіптік Банкі»-мен бірлесе отырып Қытай Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен қарыз туралы келісім бойынша міндеттемелер болып табылады. Несие сомасы 540 миллион АҚШ долларын құрады (тартылған күнге 191.756.400 мың теңгеге баламалы), несие мерзімі ертерек өтеу мүмкіндігімен 6 жылды құрайды. Бұл қарыздың мақсаты Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен АйЭнджи Н.В. Банкінің және Қытайдың Сауда-Өнеркәсіптік Банкімен «Алматы қаласындағы Қытай Сауда-Өнеркәсіптік Банкі» АҚ-мен болған несиелерді қайта қаржыландыру. Бұл қайта қаржыландырудың нәтижесінде банктің маржасын 3,96%-дан 2,375%-ға дейін төмендетілді және негізгі қарызды өтеу мерзімін 2023 жылдан бастап 2024 жылға дейін кейінге қалдырды.

Компания және ҚҚҚ-ның екінші үлестесі осы қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілдік берген жоқ.

2021 жылғы 31 желтоқсанға сыйақымен бірге қарыз сомасы 321.932 мың АҚШ долларын (139.010.237 мың теңгеге баламалы), 2020 жылғы 31 желтоқсанға 401.977 мың АҚШ долларын (169.196.139 мың теңгеге баламалы) құрады.

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	МҰНАЙТАС			
	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	51%	100%
Бірлескен кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері	51%	100%	51%	100%
Қысқа мерзімді активтер	7.607.439	14.916.548	8.075.485	15.834.286
Ұзақ мерзімді активтер	23.982.568	47.024.643	22.374.126	43.870.835
Қысқа мерзімді міндеттемелер	(1.177.905)	(2.309.618)	(1.154.719)	(2.264.155)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(2.727.180)	(5.347.412)	(2.780.455)	(5.451.873)
Таза активтер / инвестицияның теңгерімдік құны	27.684.922	54.284.161	26.514.437	51.989.093

Анықтамалық				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	3.713.748	7.281.859	4.430.616	8.687.482
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, сауда және өзге де кредиторлық берешек және бағалау міндеттемелерін қоспағанда	–	–	–	–
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер, сауда және өзге де кредиторлық берешек және бағалау міндеттемелерін қоспағанда	–	–	–	–

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ҚҚҚ			
	2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	2020 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	50%	100%
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың жылдағы пайда мен залал және өзге де жиынтық кірісі туралы ақпарат	50%	100%	50%	100%
Түсім	37.009.274	74.018.547	38.913.981	77.827.962
Жалғасатын қызметтен жылдағы пайда	11.608.225	23.216.450	8.491.918	16.983.836
Тоқтатылған қызметтен салықтан кейінгі жылдағы пайда	–	–	–	–
Өзге де жиынтық залал	(305.412)	(610.824)	(1.150.944)	(2.301.888)
Жиынтық кіріс жиыны	11.302.813	22.605.626	7.340.974	14.681.948
Дивидендтер	(1.800.000)	(3.600.000)	–	–

Анықтамалық				
Тозу және амортизация	(7.545.965)	(15.091.930)	(7.362.363)	(14.724.725)
Пайыздық кірістер	112.918	225.835	111.604	223.208
Пайыздық шығыстар	(2.375.151)	(4.750.302)	(3.777.288)	(7.554.576)
Бағамдық айырмадан түскен залал	(1.349.933)	(2.699.866)	(6.665.780)	(13.331.560)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(2.983.438)	(5.966.876)	(2.829.302)	(5.658.604)

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Кейінге қалдырылған салықтық активі, болашақта салық салынған кірістің пайда болу ықтималдығына, біршама активтің пайдаланылуына байланысты көрсетілген дәрежеде танылады. Мерзімі кейінге қалдырылған салықтық активтері солар-мен байланысты салық жеңілдіктердің жүзеге асырылу ықтималдығы болмайтын дәрежеде азайтылады.

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының
қағидадары және орнықты даму
мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидадары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

36. СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Басқару мақсатында Топ қызмет көрсетуіне байланысты бизнес-бөлімшелерге бөлінген және төрт есептік сегменттен тұрады:

- мұнай тасымалдау және сонымен байланысты қызметтер;
- мұнайды ауыстырып құю;
- су тасымалдау;
- өзге де сегменттер.

Сәйкестендірілетін, бірақ жеке есептік шектен аспайтын сегменттер «Өзге де сегменттерге» біріккен (жеке сегменттердің түсім мөлшері жиынтық түсімнің кемінде 10% құрайды). Оларға БТК құрғақтық, паромдық және контейнерлік терминалдарды қолдана отыра құрғақ жүкті (аршылмаған қант, аммоний нитраты, цемент, дән, күнбағыс және күнжара) ауыстырып тиеу, сондай-ақ жолаушы терминалының қызметі жатады.

МЫҚ ТЕҢГЕМЕН	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДА						2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛДА					
	МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТТЕР (ҚАЗАҚСТАН)	МҰНАЙДЫ АУЫСТЫРЫП ҚҰЮ (ГРУЗИЯ)	СУ ТАСЫМАЛДАУ (ҚАЗАҚСТАН)	ӨЗГЕ ДЕ	ТҮЗЕТУЛЕР МЕН АЛЫП ТАСТАУЛАР	СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ЖИЫН (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН)	МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТТЕР (ҚАЗАҚСТАН)	МҰНАЙДЫ АУЫСТЫРЫП ҚҰЮ (ГРУЗИЯ)	СУ ТАСЫМАЛДАУ (ҚАЗАҚСТАН)	ӨЗГЕ ДЕ	ТҮЗЕТУЛЕР МЕН АЛЫП ТАСТАУЛАР	СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ЖИЫН (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН)
Түсім												
Сыртқы клиенттерге сату	214.027.745	7.044.050	9.054.344	8.049.977	–	238.176.116	214.720.810	6.152.285	6.645.814	7.703.173	–	235.222.082
Сегментарлық сату	805.240	–	77.950	–	(883.190)	–	771.041	–	77.076	–	(848.117)	–
Барлық түсім	214.832.985	7.044.050	9.132.294	8.049.977	(883.190)	238.176.116	215.491.851	6.152.285	6.722.890	7.703.173	(848.117)	235.222.082
Қаржы нәтижелері												
Пайда мен залал арқылы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын (есептеу)/қалпына келтіру	(336.434)	–	–	–	–	(336.434)	(35.182)	49.202	–	–	–	14.020
Тозу мен амортизация	(46.189.522)	(806.532)	(5.680.766)	(981.216)	–	(53.658.036)	(49.286.407)	(822.372)	(3.695.387)	(986.929)	–	(54.791.095)
Пайыздар бойынша кірістер	2.235.726	31.528	492.291	106.941	–	2.866.486	2.110.771	46.308	354.411	146.777	–	2.658.267
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар пайдасындағы үлесі	12.788.333	–	–	–	–	12.788.333	9.730.312	–	–	–	–	9.730.312
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнемділік	(13.429.793)	–	1.092.248	(72.430)	19.143	(12.390.832)	(13.911.276)	–	911.068	(68.634)	(66.869)	(13.135.711)
Сегмент пайдасы/(залалы)	49.500.742	(1.601.985)	(4.537.552)	2.779.614	4.466.188	50.607.007	55.346.099	(2.468.769)	(3.825.374)	3.615.299	3.286.643	55.953.898
Өзге ақпаратты ашу												
Активтер жиыны	910.330.857	30.810.657	94.232.078	29.827.018	(82.038.089)	983.162.521	774.775.719	38.864.304	59.337.371	16.914.690	(30.729.683)	859.162.401
Міндеттемелер жиыны	200.598.316	7.611.338	26.322.626	13.222.148	(1.699.923)	246.054.505	188.729.640	8.339.490	1.751.086	11.120.863	(3.296.939)	206.644.140
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға инвестициялар (9-ескертуге)	74.096.113	–	–	–	–	74.096.113	63.422.815	–	–	–	–	63.422.815
Құрделі шығындар	38.214.943	1.125.651	20.557.347	944.574	(131.737)	60.710.778	47.033.059	1.088.228	1.031.386	709.084	(115.009)	49.746.748
Негізгі құралдар	38.206.236	1.125.651	20.557.347	930.940	(131.737)	60.688.437	47.027.731	1.076.238	1.019.470	702.469	(114.810)	49.711.098
Материалдық емес активтер	8.707	–	–	13.634	–	22.341	5.328	11.990	11.916	6.615	(199)	35.650

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

37. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР

Егер тараптың бір жағы екінші жақты бақылай алса немесе қаржылық не операциялық шешім қабылдаған кезде екінші жаққа едәуір әсер етсе, «Байланысты тараптар туралы ақпараттар ашуға» ҚЕХС (IAS) 24 сәйкес тараптар байланысты деп саналады. Әр байланысты тараппен болуы мүмкін қатынасты бағалаған кезде тек заңдығына ғана емес, қарым-қатынастың мәніне де назар аударылады.

Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер тараптар арасында келісілген, байланысты және кейбір реттелетін қызметтерді есепке алмағанда үшінші тарапқа қолданылатын тарифтермен берілетін, нарық мөлшерлемесі бойынша жүзеге асырыл-маған жағдайларда жүзеге асырылған.

Келесі кестелерде 2021 және 2020 жылдары байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы мен 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсанына тиісті сальдо көрсетілген.

Байланысты тараптардан сауда және өзге де дебиторлық берешек келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЕСКЕРТПЕ	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
Байланысты тараптардың сауда және өзге де дебиторлық берешегі			
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі		1.169.519	969.932
«Самұрық-Қазына» Тобының бақылауындағы кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі		953.600	460.816
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың сауда дебиторлық берешегі		911.188	535.390
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешектің жиыны	12	3.034.307	1.966.138
ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың өзге де дебиторлық берешегі		509	509
Байланысты тараптардың өзге де дебиторлық берешектің жиыны	12	509	509
Минус: күтілетін несиелік шығындар бойынша резерв		(7.311)	(5.055)
Жиыны		3.027.505	1.961.592

Байланысты тараптарға берілген алғытөлемдер келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЕСКЕРТПЕ	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
Байланысты тараптарға берілген алғытөлемдер			
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға берілген алғытөлемдер		1.069	1.104
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарына берілген алғытөлемдер		–	394.336
Байланысты тараптарға берілген алғытөлемдер жиыны	13	1.069	395.440

Байланысты тараптардан алдындағы сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЕСКЕРТПЕ	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
Байланысты тараптар алдындағы сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында болашақ кезеңдегі кірістердің ұзақ мерзімді бөлігі		21.516.739	–
Байланысты тараптар алдындағы сатып алушылармен шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны	22	21.516.739	–
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан алынған алғытөлемдер		10.949.194	12.896.046
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан алынған алғытөлемдер		169.560	255.946
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында болашақ кезеңдегі кірістердің қысқа мерзімді бөлігі		2.082.265	–
Байланысты тараптар алдындағы сатып алушылармен шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	22	13.201.019	13.151.992
Байланысты тараптар алдындағы сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер жиыны		34.717.758	13.151.992

Байланысты тараптар алдында сауда және өзге де кредиторлық берешек келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЕСКЕРТПЕ	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
Байланысты тараптар алдында тауарлар мен қызметтер үшін кредиторлық берешек			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында кредиторлық берешек		563.504	507.202
«Самұрық-Қазына» Тобының бақылауындағы кәсіпорындар алдында кредиторлық берешек		484.562	1.087.746
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындар алдында кредиторлық берешек		11.545	12.760
Байланысты тараптар алдында тауарлар мен қызметтер үшін сауда кредиторлық берешектің жиыны	23	1.059.611	1.607.708

Байланысты тараптар алдында өзге де ағымдағы міндеттемелер келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЕСКЕРТПЕ	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН
Байланысты тараптар алдында мұнай көлік экспедициясы қызметтері үшін берешек			
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындар алдында мұнай көлік экспедициясы қызметтері үшін берешек		8.873.343	7.701.845
Байланысты тараптар алдында мұнай көлік экспедициясы қызметтері бойынша берешек жиыны	27	8.873.343	7.701.845
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар бойынша берешек			
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар бойынша берешек		26.649	62.412
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар бойынша берешек жиыны		26.649	62.412
Байланысты тараптар алдында өзге де міндеттемелердің жиыны		8.899.992	7.764.257

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

37. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Топтың байланысты тараптармен 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойы жасалған мәмілелері келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	2020 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
Байланыс тараптарға сату		
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген негізгі қызметінен түскен түсім	122.869.017	122.418.453
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарға көрсетілген негізгі қызметінен түскен түсім	10.807.469	10.147.818
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген негізгі қызметінен түскен түсім	7.585.939	7.401.728
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген өзге де қызметінен болған кіріс	3.297	65.916
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсетілген өзге де қызметінен болған кіріс	22.351	42.856
Жиыны	141.288.073	140.076.771

ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың негізгі қызметінен болған түсім мұнай және су тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтермен байланысты.

Байланысты тараптардан сатып алынған қызметтер мен активтер келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	2020 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
Байланысты тараптардан сатып алу		
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	5.651.453	5.476.823
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	2.032.314	1.873.448
Бірлескен бақылаудағы кәсіпорындарынан қызметтерді сатып алу	83.678	134.193
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	–	2.665.102
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	–	9.657
«Самұрық-Қазына» Тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қорларды сатып алу	14.825	180
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қорларды сатып алу	166	153
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан негізгі құралдар өзге де түсімі (қызметтерді ақшасыз өтеу)	24.987.181	–
Жиыны	32.769.617	10.159.556

Дивидендтер төлеміне қатысты байланысты тараптарға ақша ағыны келесі түрде көрсетілген:

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	ЕСКЕРТПЕ	2021 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН	2020 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
Байланысты тараптарға ақша ағыны			
ҚМГ дивидендтерін төлеу	20	(45.694.709)	(40.848.301)
Бірлескен бақылауындағы кәсіпорыннан алынған дивидендтер	9	1.800.000	–
МұнайТас жарғылық капиталына салым бойынша міндеттемені өтеу		–	(5.000.000)
Жиыны		(43.894.709)	(45.848.301)

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі басқарушы қызметкерлерге есептелген сыйақының жалпы сомасы 740.492 мың теңге құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 793.977 мың теңге). Басты қызметкерлерге төлемдер негізінен келісімшарттар және Компанияның ішкі ережелерімен белгіленген еңбекақы және сыйақылар бойынша шығыстардан тұрады.

38. БЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қызмет жүргізу шарттары

Нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес болатын, Қазақстан экономикалық реформалар және өзінің құқықтық, салық және әкімшілік инфрақұрылысын дамытуды жалғастыруда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы осы реформалардың жүзеге асырылуынан және экономикалық, қаржылық және ақша-кредит саясаты саласындағы Үкімет қабылдаған шаралардың тиімділігіне тәуелді.

Шикі мұнай бағасының құбылмалығы және қазақстандық теңгенің құнсыздануы Қазақстан экономикасына айтарлықтай теріс әсер етуі жалғастырылды. Басқа да факторлармен бірге осы факторлардың жиынтығы капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне, капитал құнының артуына, инфляцияның өсуіне және экономикалық өсуіне қатысты белгісіздікке әкелді. Топ басшылығы қазіргі жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайтынын айтты.

Коронавирустық пандемия (Covid-19)

2019 жылдың желтоқсан айында Қытайдан алғаш рет жаңа вирустың шығуы туралы жаңалық шықты. 2020 жылдың наурыз айында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Covid-19 коронавирусының жаңа түрінің өршуін пандемия деп жариялады. Пандемияға жауап ретінде Қазақстан билігі Covid-19 таралуын болдырмау және оның салдарын жеңілдету үшін саяхатқа тыйым салу мен шектеулер, карантиндер, өзін-өзі оқшаулау және коммерциялық қызметке шектеулер, соның ішінде бизнесті жабу сияқты бірқатар шаралар қабылдады. Жоғарыда аталған шаралардың кейбірі кейіннен жеңілдетілді. Карантин кезеңінде Топтың қызметі тоқтатылған жоқ, кеңсе қызметкерлерінің жұмысы қашықтан ұйымдастырылды.

Covid-19 індеті бүкіл әлемге таралып, бүкіл әлемдік экономикаға күрт теріс әсер етуде. Осы қаржылық есептілікті шығару күні жағдай әлі де дамып келеді және бүгінгі күнге дейін Топтың кірісіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Басшылық жоғарыда аталған оқиғалардың ықтимал әсерін бақылауды жалғастырады және бизнеске жағымсыз әсерлердің алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Салық салу

Қазақстандық салық салу заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілері әрдайым өзгерістер мен әр түрлі түсіндірмелердің мән-мағынасы болады. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының әр түрлі пікірлері болатын жағдайлары сирек емес, соның ішінде кірістердің, шығыстардың және қаржылық есептіліктің басқа да баптары ҚЕХС-ке сәйкес есепке алу туралы пікірлері бар. Қазақстанда қолданыстағы заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылыққа қолданылатын айыппұл мен өсімпұл жүйесі өте қатаң.

Санкциялар, әдетте, қосымша есептелген салықтар сомасының 80% мөлшеріндегі айыппұлды және әрбір өткізіп алған күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен белгіленген ресми қайта қаржыландыру ставкасының 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімақыны құрайды. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары кез келген есептелген салықтың туындысы болуы мүмкін. Салық салу кезеңдері тексерудің алдындағы жылдың күнтізбелік бес жыл мөлшерінде салық органдары тексеру үшін қол жетімді болады. Белгілі жағдайларда тексерулер бұдан ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздік нәтижесінде салық, айыппұлдық ықпалшара мен өсімпұл сомасы, егер ондайлар болса, қазіргі уақытқа дейін шығысқа жатқызатын және 2021 жылдың 31 желтоқсанына есептелген соманы асып кетуі мүмкін. Басшылық 2021 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнамаға түсінік беру тиісті деп есептейді және салық бойынша тек осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді алмағанда Топтың ұстанымы расталады деген ықтимал бар.

Трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең масштабта таралған және халықаралық бизнеске тура немесе жанама қатысты көптеген операцияларына қолданылады, бұл ретте операция қатысушылары байланысты тараптар болатындығына немесе болмайтындығына назар аудармайды. Трансфертті баға белгілеу бойынша заңнама операцияларға қолданылатын салықтар, «ұзартылған қол» принципі бойынша белгіленген нарық бағаларының негізінде есептелгенін талап етеді.

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидадтары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидадтары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

38. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Салық салу (жалғасы)

Трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау (жалғасы)

Трансферттік баға белгілеу туралы заң толық емес және заңның кейбір ережелеріне байланысты прецедентті жағдайлары бар. Оның үстіне, заңда толық нұсқауы жоқ. Нәтижесінде, операцияның аралуан түріне қолданылатын трансфертті баға белгілеу бойынша бақылауды іске асыру реттелмеген.

Қазақстанның трансфертті баға белгілеу туралы заңнамасына байланысты белгісіздіктің болуы салық органдарының Топ ұстанымынан бөлек ұстанымды қабылдауына әкелуі қауіптілігі бар, ол өз кезегінде 2021 жылғы 31 желтоқсанға қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар тудыруы мүмкін.

Басшылық 2021 жылғы 31 желтоқсанға қолданыстағы заңнамаға түсінік беру дұрыс деп санайды және салық бойынша Топ ұстанымы құпталады деген ықтимал бар.

Грузиядағы кәсіпорындардың салық міндеттемелері

БТК

2015 жылы Грузия Қаржы министрлігінің Кірістер қызметінің (бұдан әрі – «Кірістер қызметі») 2010-2014 жылдар кезеңінде БТК салықтық тексерулер нәтижесінде 7.289 мың грузин лари (1.025.854 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде салықтар мен айыппұлдарды қоса есептеді. Грузия Кірістер қызметінің уәкілетті органдарында 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде жүргізілген Кірістер қызметі шешімдеріне шағым жасау нәтижесінде қоса есептелген салықтар мен айыппұлдар сомасы төмендетіліп, 2021 жылғы 31 желтоқсанға 5.915 мың грузин лари (832.477 мың теңгеге баламалы) құрады.

2021 жылдың соңында БТК танылған салық міндеттеменің сомасына 4.062 мың грузин лари (571.686 мың теңгеге балама) құрады, оның ішінде 3.106 мың грузин лари (433.095 мың теңге баламалы) сомасына салық төлеу жөніндегі резервтер, бұл ретте 2020 жылдың соңындағы салық міндеттемелері 2.296 мың грузин лари (295.058 мың теңгеге баламалы) құрады, оның ішінде 1.340 мың грузин лари (172.152 мың теңге баламалы) сомасындағы салықтарды төлеуге арналған резервтер (*26-ескерту*). Қалған 1.853 мың грузин лари (260.791 мың теңгеге баламалы) мөлшеріндегі сома қосымша міндеттемелер ретінде танылмайды, өйткені басшылық БТК апелляциясы оң болады деп есептейді және осы бөліктегі қаржы ресурстарының кету ықтималдығын екіталай деп бағалайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БТК Кірістер қызметінің шешімдеріне белгіленген тәртіппен даулауын жалғастыруда.

БМТ

2021 жылғы желтоқсанда БМТ Кіріс қызметінен 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 15 ақпанға дейінгі кезеңге салықтық тексеру актісін алды, оған сәйкес қосымша 2.605 мың лари (366.628 мың теңгеге баламалы) мөлшерінде салықтар мен айыппұлдар есептелді. 2022 жылдың 20 қаңтарында БМТ салықтық тексеру актісіне қарсы Кірістер қызметіне шағымдан-ды. Өткізілген салықтар мен өсімпұлдарға байланысты Кірістер қызметінің 2022 жылғы 3 қаңтардағы хабарламасы бойынша БМТ мүліктің барлық түрлері бойынша жалпы сомасы 59,2 миллион АҚШ долларын (25.563 миллион теңгеге балама) салық кепілдігі/ипотека құқығы туындады.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама даму үдерісі үстінде, сондықтан үнемі өзгерістерге шалдығады. Заңнаманың өзгеруі нәтижесінде пайда болған ықтимал міндеттемелер шынайы бағалана алмайды. Ағымдағы заңнамаға сәй-кес, басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді қоспағанда, Топтың қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижесіне едәуір теріс әсер ететін мүмкін әлде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді (*5, 26-ескертулер*).

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасында сақтандыру саласы даму сатысында, сондықтан әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандыру-дың көптеген нысандары бізде әлі қол жетімді емес.

Топ, үшінші тұлға алдында Компанияның немесе оның қызметіне жататын объектілерде болған апаттан мүлікке немесе қор-шаған ортаға залал келтірілгені үшін жауапкершілік артатын мүлікті сақтандырады.

Негізгі құралдарды сатып алу бойынша міндеттемелер

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін

51.532.032 мың теңгеге (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 42.183.935 мың теңге) сатып алуға шарттық міндеттемелері болған.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлесіп бақылайтын кәсіпорындардың негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін сатып алу жөніндегі шарттық міндеттемелерінде Компанияның үлесі 642.814 мың теңгені (2020 жылғы 31 жел-тоқсанға: 2.901.809 мың теңге) құрады.

Компанияның инвестициялық бағдарлама бойынша міндеттемелері

2020 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен ТМРК-нің бірлескен бұйрығымен 2021-2025 жыл-дарға арналған инвестициялық бағдарлама бекітілді, оған сәйкес Компанияда 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейін жалпы сомасы 214,2 миллиард теңгеге инвестициялық бағдарламаны орындау міндеттемесі бар. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық бағдарламасын орындау қалдығы 184,5 миллиард тенге құрайды.

Сот талқылаулары

БМТ бизнес-контрагенттерімен сот талқылау

2016 жылғы 19 желтоқсанда Грузияның сот атқарушы органдарынан БМТ бизнес-контрагенттерінің (бұдан әрі – «талапкерлер») БМТ-ның нарықтағы үстем жағдайды пайдаланбауы, сондай-ақ қызмет көрсету шартын жасасу туралы талаптарды қамтитын талапты қозғағанға дейін қамтамасыз ететін сот ұйғарымын орындау туралы ұсыныс алынды. Аталған ұйғарымға сәйкес сот БМТ-ның меншігіндегі жылжымайтын мүлікке – жер учаскесіне (Батуми қ.), сондай-ақ онда орналасқан ғимараттар мен құрылы-старға тыйым салу туралы қаулы шығарды. 2021 жылғы 31 желтоқсанда көрсетілген мүліктің жалпы баланстық құны 4,82 мил-лион АҚШ долларын (2.081 миллион теңгеге баламалы) құрады. Тыйым салыну мүлікті иеліктен шығаруды шектейді, бірақ БМТ операциялық және қаржылық қызметіне әсер етпейді. 2016 жылғы 23 желтоқсанда БМТ жоғарыда аталған ұйғарымға Тбилиси қалалық сотына шағым түсірді. БМТ басшылығы талапкерлердің БМТ-ға қоятын кінәрат-талаптарын негізсіз деп санайды және сотқа осы іс бойынша БМТ ұстанымымен талап арызға пікір жіберді.

2019 жылғы 12 ақпанда Тбилиси қалалық соты талапкерлердің пайдасына шешім шығарды, сонымен қатар БМТ-ның шағымы ішінара қанағаттандырылды. Сот шешімінің нәтижесінде бизнес-контрагенттер алдындағы БМТ-ның таза міндеттемелері 18,95 миллион АҚШ долларын (8.183 миллион теңгеге баламалы) құрады. 2020 жылғы 27 ақпанда Тбилиси апелляциялық соты 2019 жылғы 12 ақпандағы шешімнің күшін жойып, істі бірінші сатыдағы сотқа жіберді. 2021 жылғы 11 қарашадағы шешіммен сот бизнес-контрагенттердің талап-арыз талаптарын толық көлемде қанағаттандырды. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ. 2021 жылғы 24 желтоқсанда БМТ апелляциялық сотқа 2021 жылғы 11 қарашадағы сот шешіміне шағым берді.

Бизнес-контрагенттің БМТ-ға қоятын талабы

2021 жылғы 21 қаңтарда Батуми қалалық сотына БМТ-ның бизнес-контрагенттердің бірінен 12,5 миллион АҚШ доллары (5.398 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде алынбаған кіріс түріндегі залалды өтеу туралы, сондай-ақ оларды бір жақты тәртіппен өзгерту құқығынсыз ауыстырып тиегені үшін тіркелген тарифтерді белгілеу туралы талап-арыз келіп түсті. Бұған дейін, 2014 жылы БМТ мен бизнес-контрагент арасында құрылыс туралы шарттар жасалған болатын, оған сәйкес бизнес-контрагент БМТ аумағында резервуарлар салу және жүктерді ауыстырып тиеу бойынша БМТ қызметтеріне құқық алды. Бизнес-контрагенттің пікірінше, БМТ осы шарттардың талаптарын сақтамайды, осыған байланысты ол аталған талап-арыздарға бастамашылық жасаған.

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі
Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі
Есеп туралы
2021 жылғы негізгі көрсеткіштер
Магистральдық құбырлардың схемасы
Даму тарихы
2021 жылғы негізгі оқиғалар
Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі
БҰҰ жаһандық шартының қағидаттары және орнықты даму мақсаттары
«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі
«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауы туралы есеп
Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік
Қысқартулар тізімі

Байланыстар

38. БЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

Сот талқылаулары (жалғасы)

Бизнес-контрагенттің БМТ-ға қоятын талабы (жалғасы)

2021 жылғы 27 қаңтардағы соттың анықтамасы бойынша, осы талап қоюды қамтамасыз ету ретінде Батуми қаласындағы баланстық құны 8,3 миллион АҚШ доллары (3.584 миллион теңгеге баламалы) жер учаскесіне иеліктен шығаруға және оған ипотека ауыртпалығын салуға тыйым салынды.

2021 жылғы 12 ақпанда БНТ жоғарыда көрсетілген ұйғарымға сотқа шағым берді, сондай-ақ бизнес-контрагенттің талап арызына пікір енгізді. Апелляциялық соттың 2021 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен БНТ 2021 жылғы 27 қаңтардағы сот ұйғарымына шағымдануға байланысты шағымды қанағаттандырудан бас тартты. 2021 жылғы 16 шілдедегі шешіммен сот бизнес-контрагенттің талап-арыз талаптарын толық көлемде қанағаттандырды. Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ. 2021 жылғы 20 тамызда БНТ соттың 2021 жылғы 16 шілдедегі шешіміне апелляциялық шағым берді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БМТ жоғарыда аталған талап-арызына белгіленген тәртіппен даулауын жалғастыруда.

БМТ-мен ГТЖ сот талқылауы

2005 жылы «Грузин темір жолы» АҚ (бұдан әрі – «ГТЖ») 2003 жылғы аралығындағы кезеңде вагон-цистерналарды пайдаланғаны және вагон-цистерналардың БМТ тұйықтарында тұрып қалуына байланысты жүкті сақтағаны үшін 14 миллион лари (1.970 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі соманы өндіріп алу туралы БМТ-ға қарсы сотына талап арыз берді. 2019 жылғы 16 сәуірде Тбилиси қалалық соты 8,4 миллион лари (1.182 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі ГТЖ талаптарын ішінара қанағаттандырды. 2020 жылдағы 16 сәуірде БМТ Грузия Жоғарғы Сотына кассациялық шағым түсірді. 2021 жылдағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ бұл мәселе бойынша қосымша міндеттемелерді мойындамады, өйткені басшылық қаржы ресурстарының кету қаупін мүмкін деп бағалайды.

БТК басқару келісімді тоқтату

БМТ мен Грузия Үкіметінің арасындағы БТК-ны сенімгерлікпен басқару туралы Келісімге сәйкес, егер БТК қатарынан 2 жыл бойы ауыстырып тиеудің жылына 4 миллион тонна ең аз көлемі бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Грузия Үкіметінің Келісімді тоқтатуға құқығы бар. Сонымен қоса, жыл сайын ауыстырып тиеу көлемі 6 миллион тоннадан кем құрайтын жағдайда, БМТ Келісім шарттарына сәйкес айыппұлдарды төлеуге міндетті.

Топ басшылығының пікірінше, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, БТК мен Грузия Үкіметінің арасындағы Келісім тоқтау қаупіне ұшыраған жоқ, себебі БТК арқылы ауыстырып тиеудің нақты көлемі 2021 жылдың ішінде 6,2 миллион тоннаны (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 5,9 млн. тоннаны) құрады.

Несие шарты бойынша міндеттемелер

2021 жылғы 28 желтоқсанда Магистральдық су құбыры Еуразиялық даму банкімен несиелік келісім жасасты. Несие желісінің мөлшері 123.652.111 мың теңге, сыйақы мөлшерлемесі теңгегедегі транштар бойынша жылдық 11% және рубльдегі транштар үшін жылдық 8,5%, несиелік мерзімі бірінші транш берілген күннен бастап 180 айды құрайды. Бұл несиенің мақсаты 1 кезең «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын қайта жаңарту және кеңейту жобасын қаржыландыру болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қол қойылған күні қарыз шарты күшіне енген жоқ, өйткені тараптар аталған шарттың талаптарында көзделген қажетті корпоративтік рәсімдерді орындамаған.

39. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелері құрамына сауда және өзге де кредиторлық берешектер кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары ең бастысы Топтың шаруашылық қызметіне қаржыландыруды тарту үшін қолданылады. Топтың тікелей шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын сауда дебиторлық берешегі, ақша мен ақша баламалары бар.

Топ несиелік тәуекелден, валюталық тәуекелден және өтімділік тәуекелден тұратын нарық тәуекеліне бейім. Топ басшылары шолу жасайды және осы тәуекелдерді басқару үшін қабылданатын келесі шараларды бекітеді.

Несиелік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несиелік шартына қарай сауда операцияларын жасауды қалайтын барлық клиент, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке алынады. Тәуекелдің ең жоғары мөлшері дебиторлық берешектің теңгерімдік құны болады. Топта несиелік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Топ ақша қаражаттарын, салымдарды қазақстандық және шетелдік банктерде орналастырады (16, 17-ескертепелер). Топ басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді алып тастау мақсатында осы банктердің кредиттік рейтингін мерзімді түрде қарайды. ҚҰХС (IFRS) 9-ға сәйкес Топ кредиттік мекемелердегі қаражаттарға несиелік залалдар резервін таныйды.

Келесі кестеде «Moody's», «Fitch Ratings» және «Standard & Poor's» агенттіктерінің несиелік рейтингін қолдана отыра есепті күнге банк салымдары мен ақша қаражаттары бойынша сомалар көрсетілген:

БАНКТЕР	ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ	РЕЙТИНГ			
		2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА	2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА	2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА
«Сбербанк» АҚ ЕБ	Қазақстан	BBB-/Тұрақты	–	16.442.240	–
«ForteBank» АҚ	Қазақстан	B+/Жағымды	B/Тұрақты	16.309.521	424
«Қазақстанның Халық Банк» АҚ	Қазақстан	BB+/Тұрақты	BB+/Тұрақты	13.161.137	79.906.160
Halyk Bank of Georgia	Грузия	BB+/Тұрақты	BB/Тұрақты	2.752.725	1.766.559
Emirates NBD Bank PJSC	БАӘ	A+/Тұрақты	A+/Тұрақты	1.691.793	1.081.318
TBC Bank	Грузия	Ba2/Тұрақты	Ba2/Тұрақты	128.245	90.075
Hellenic Bank	Кипр	B1/Жағымды	B3/Жағымды	53.111	30.726
Bank of Georgia	Грузия	Ba2/Тұрақты	Ba2/Тұрақты	43.612	47.984
«Сбербанк России» АҚ	Ресей	BBB/Тұрақты	BBB/Тұрақты	5.832	3.413
«Altyn Bank» АҚ (ЕБ China Citic Bank Corporation Ltd)	Қазақстан	–	BBB-/Тұрақты	–	7
Жиыны				50.588.216	82.926.666

Өтімділік тәуекел

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Топ ақша қаражаттарының тапшылық тәуекелдігіне бақылау жасайды. Осы құралдың көмегі арқылы қаржылық инвестициямен және қаржы активтерімен байланысты төлем мерзімі (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері), сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағындары талданады.

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

39. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Өтімділік тәуекел (жалғасы)

Келесі кестеде 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзіміне қарай шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	СҰРАНЫС БОЙЫНША	1 ЖЫЛДАН КЕМ	1 ЖЫЛДАН 2 ЖЫЛҒА ДЕЙІН	2 ЖЫЛДАН 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН	5 ЖЫЛДАН АРТЫҚ	ЖИЫНЫ
2021 жылғы 31 желтоқсанға						
Сауда және өзге де кредиторлық берешектер	–	20.020.122	–	–	–	20.020.122
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	1.434.031	216.564	79.630	384.927	2.115.152
Жиыны	–	21.454.153	216.564	79.630	384.927	22.135.274
2020 жылғы 31 желтоқсанға						
Сауда және өзге де кредиторлық берешектер	–	22.352.736	–	–	–	22.352.736
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	2.049.633	1.404.906	264.618	251.585	3.970.742
Жиыны	–	24.402.369	1.404.906	264.618	251.585	26.323.478

Валюталық тәуекелдік

Валюталық тәуекелдікке ұшырайтын, шетел валютасымен көрсетілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы төменгі кестеде берілген.

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	АҚШ ДОЛЛАРЫ	РЕСЕЙ РУБЛІ	ЕУРО	ӨЗГЕ ВАЛЮТАЛАР	ЖИЫНЫ
2021 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	27.720.287	32.061	–	346.736	28.099.084
Міндеттемелер	1.423.305	7.880	1.295	411.507	1.843.987
2021 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	34.162.608	28.373	8.839	332.940	34.532.760
Міндеттемелер	276.414	5.156	2.525	335.887	619.982

Топтың операцияларымен байланысты валюталық тәуекелдерді төмендетуге ықпал ететін ресми құралдары жоқ. Топта шетел валютасында жасалатын мәмілелермен байланысты тәуекелдер бар. Ондай тәуекелдер АҚШ долларында болатын кіріске байланысты пайда болады.

Келесі кестеде Топтың салық салғанға дейінгі пайдаға (активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы болуы мүмкін өзгерістерге байланысты) өзге көрсеткіштердің тұрақтылығы жағдайында АҚШ доллары, ресей рублі мен еуро айырбас бағамының болуы мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы көрсетілген. Топтың меншік капиталына әсері аз.

МЫҢ ТЕҢГЕМЕН	2021 ЖЫЛ		2020 ЖЫЛ	
	ВАЛЮТА АЙЫРБАС БАҒАМЫНЫҢ ӨСУІ/ТӨМЕНДЕУІ	САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДАҒА ӨСЕР	ВАЛЮТА АЙЫРБАС БАҒАМЫНЫҢ ӨСУІ/ТӨМЕНДЕУІ	САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДАҒА ӨСЕР
АҚШ доллары	+13,00%	3.418.608	+14,00%	4.744.067
	-10,00%	(2.629.698)	-11,00%	(3.727.481)
Ресей рублі	+13,00%	3.144	+15,00%	3.483
	-13,00%	(3.144)	-15,00%	(3.483)
Еуро	+13,00%	(168)	+14,00%	884
	-10,00%	130	-11,00%	(695)

Капиталды басқару

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционердің пайдасын барынша көбейту. Топ капиталдың құрылымын басқару және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. Топ капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерге капиталды қайтара алады немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдарда объектілерде, саясатта және капиталды басқару үдерістерінде өзгерістер болған емес.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың айтарлықтай берешек сомасы болған жоқ. Топ есепті күнге берешектен асатын елеулі ақша қаражатына ие.

Қаржы құралдарының әділ құны

Ақша қаражаттардың, банктердегі салымдардың, сауда және өзге де дебиторлық берешектің, сауда және өзге де кредиторлық берешектердің және басқа да қаржылық міндеттемелердің теңгерімдік құны қаржы құралдары дерегінің қысқа мерзімді болғанына орай олардың әділ құнына шамамен тең.

40. ЕСЕП БЕРУ КҮНІНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2022 жылғы 2 қаңтарда Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысында сұйытылған табиғи газдың бөлшек сауда бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты наразылық акциялары басталды. Бұл наразылықтар басқа қалаларға таралып, тәртіпсіздіктерге, мүліктің бүлінуіне және адамдардың өліміне әкелді. 2022 жылғы 5 қаңтарда Үкімет төтенше жағдай енгізу туралы жариялады.

Жоғарыда көрсетілген наразылықтардың және төтенше жағдай енгізудің нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті салық заңнамасына өзгерістер енгізу, қаржылық тұрақтылықты қолдау шараларын енгізу, инфляция деңгейін және теңгені айырбастау бағамын бақылау мен тұрақтандыруды қоса алғанда, ықтимал шаралар туралы бірқатар жария мәлімдемелер жасады.

2022 жылғы 19 қаңтарда төтенше жағдай жойылды. Бұл оқиғалар Топтың қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Үкімет қабылдауы мүмкін кез-келген жаңа шаралардың Топтың қызметіне әсерін бағалау мүмкін емес.

2022 жылдың ақпан айында Украинада басталған әскери әрекеттерге байланысты Еуропалық одақ, Америка Құрама Штаттары және басқа да елдер Ресей Федерациясына қарсы экономикалық санкцияларды күшейтіп, жаңаларын енгізді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне Топ басшылығы Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен және ҚМГ-мен бірге, бұл санкциялардың Топтың қазақстандық мұнайды ресейлік құбырлары арқылы экспорттауға және/немесе ресейлік мұнайды компанияның құбырлар арқылы транзиттеуге байланысты операциялық қызметіне ықтимал әсерін бағалайды.

Бұдан басқа, геосаяси шиеленіске байланысты қор және валюта нарықтарындағы елеулі құбылмалылық, сондай-ақ негізгі әлемдік валюталарға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады.

2022 жылғы 5 наурызда АҚШ долларының айырбас бағамы ҚҚБ сессиясының қорытындысы бойынша 503,30 теңгені құрады.

Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

GRI индексі

БҰҰ жаһандық шартының
қағидаттары және орнықты даму
мақсаттары

«ҚазТрансОйл» АҚ 2021 жылы
жасасқан «ҚазТрансОйл» АҚ жасалуына
мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы
корпоративтік басқару кодексінің
қағидаттары мен ережелерін сақтауы
туралы есеп

Аудиттелген шоғырландырылған
қаржылық есептілік

Қысқартулар тізімі

Байланыстар

6-ҚОСЫМША. ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

«КҚК-Қ» АҚ	«Каспий Құбыр арнасы Консорциумы-Қ» акционерлік қоғамы
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«МұнайТас» СБҚК АҚ	«МұнайТас» солтүстік-батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
ТПАБЖ	Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі
ТПАБЖ және МҚ	Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі және метрологиялық қамтамасыз ету
БМТ	«Батуми мұнай терминалы» жауапкершілігі шектеулі қоғамы
ТПАБЖ	Технологиялық процестерді автоматтандырылған басқару жүйесі
ӘЭЖ	Әуе электр беру желілері
ССС	Су сорғы станциясы
СТҚ	Су тазалау құрылысы
ТОБЖ	Талшықты-оптикалық байланыс желілері
ЖАҚ	Жылжымалы-айлақтық құрылғы
ШОҚБ	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Шығыс операторлық қызметтер басқармасы
БМАС	Бас мұнай айдау станциясы
ОҚБ	Операторлық қызметтер департаменті
ЕББҰ	Еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдар
«ҚазТрансОйл» МТҰК» ЖАҚ	«ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» жабық акционерлік қоғамы
БОҚБ	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Батыс операторлық қызметтер басқармасы
ИМЖ	Интеграцияланған менеджмент жүйесі
ӨЖЖ аппараты	Өкпені жасанды желдету аппараты
Компания	«ҚазТрансОйл» АҚ
ЕРС келісімшарты	Engineering, procurement and construction
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚПО	«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»
ТМРК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
ТБКЖ	Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
КҚК	Каспий Құбыр Консорциумы
ДЖБЖ	«ҚазТрансОйл» АҚ Дағдырысты жағдайларды басқару командасы
ЖӨДС	Желілік өндірістік диспетчерлік станциясы
ЖКТ	Желілік кран торабы
ХМТҚ	Халықаралық мұнай тасымалдау қауымдастығы
ММ	Магистральдық мұнай құбыры
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарты
ҚҚС	Қосылған құн салығы
ҒЗТКЖ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
МҚП	Мұнай құю пункты
МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
МАС	Мұнай айдау станциясы
ДЕҚОҚ	Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ҚОҚ	Қоршаған ортаны қорғау

ОҚБ	Оқшауланған құрылымдық бөлімше
ОПЕК +	Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
ҰТІ	Ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар
БҚ	Бағдарламалық жасақтама
ЖСҚ	Жобалық-сметалық құжаттама
ҚТП	Қабылдау-тапсыру пункті
ҚМБ	Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бақылау
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
ЖҚҚ	Жеке қорғану құралдары
МСӨЖ	Мұнай саны мен сапасының көрсеткіштерін өлшеу жүйесі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
МЖС	Мұнай жылыту станциясы
GRI Стандарттары	Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша GRI (Global Reporting Initiative)
АҚБЖ	Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
ЭҚЖ	Электрондық құжат айналымы жүйесі
«АМӨЗ» ЖШС	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«ҚҚК» ЖШС	«Қазақстан-Қытай Құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«МұнайТас» ЖШС	«МұнайТас» солтүстік-батыс құбыр компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Магистральдық суағызғы» ЖШС	«Магистральдық суағызғы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«ПҚОП» ЖШС	«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ГҚДҚ	Газды кешенді дайындау қондырғысы
«ҚазТрансОйл» АҚ ЗЭО» АҚ	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамның зерттеу және әзірлеу орталығы» филиалы
«ҚазТрансОйл» АҚ МТБО» филиалы	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамның мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалы
БҰҰ ОДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму саласындағы мақсаттары
«ТОН-2»	«Тұймазы – Омск – Новосибирск-2» магистральдық мұнай құбыры
EBITDA	Салықтарды, проценттерді төлегенге және амортизацияға (earnings before interest, taxes, depreciation and amortization) дейінгі пайда
HAZOP	Hazard and Operability Study – Қауіптілік пен жұмысқа қабілеттілікті талдау
HSE	Health, Safety & Environment – Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жүйесі
45KASE	Қазақстан қор биржасы
LTIFR	Lost Time Injury Frequency Rate – Еңбек уақытын жоғалтумен өндірістері жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті
LTIR	Lost Time Injury Rate – Еңбек уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті
MBA	Іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесі
OHSA5 18001:2007	OHSA5 18001:2007 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі. Талаптар» халықаралық стандарты
PTL	«Petrotrans Limited» компаниясы
ROA	Активтердің рентабельділігі (return on assets); (таза пайда / активтердің орташа жылдық сомасы)
ROE	Меншікті капитал рентабельділігі (return on equity); (таза пайда / меншікті капиталдың орташа жылдық сомасы)
SAP	Systems, Applications and Products in Data Processing – Кәсіпорынның бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған арнайы бағдарламалық жасақтама
SCADA	Supervisory Control And Data Acquisition – Мониторинг немесе басқару объектісі туралы ақпаратты жинау, өңдеу, бейнелеу және мұрағаттау жүйелерін әзірлеу немесе нақты уақытта жұмысты қамтамасыз етуге арналған бағдарламалық пакет



Директорлар кеңесі
төрағасының үндеуі

Бас директордың (Басқарма
төрағасының) үндеуі

Есеп туралы

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

Магистральдық құбырлардың схемасы

Даму тарихы

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Компанияның бизнес-моделі

01. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

02. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

03. ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

04. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

05. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

06. ҚОСЫМШАЛАР

Байланыстар

БАЙЛАНЫСТАР



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ

Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы,
Тұран даңғылы, 20-ғимарат,
12-тұрғын емес үй-жай

тел.: +7 (7172) 555-145
факс: +7 (7172) 555-148



KAZTRANSOIL.KZ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДЕПАРТАМЕНТІ

тел.: +7 (7172) 555-346
email: Keldibekova@kaztransoil.kz

ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТІ

тел.: +7 (7172) 555-049
email: Masalin@kaztransoil.kz

ОМБУДСМЕН

тел.: +7 (7172) 555-041
email: doverie@kaztransoil.kz

ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

тел.: +7 (7172) 555-135, 555-134

АУДИТОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Эрнст энд Янг» ЖШС

050060, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 77/7,
«Есентай Тауэр» ғимараты

тел.: +7 (727) 258-04-00, 258-59-60

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ТІРКЕУШІНІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Бағалы қағаздар орталық
депозитарий» АҚ

050051, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., «Самал-1» ы/а, 28

тел.: +7 (727) 312-33-04